

Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрлігі
Ш. Есенов атындағы технология және инжиниринг Каспий мемлекеттік
университеті

Ж. Д. Имашова

ШАҒЫН НЕСИЕЛЕНДІРУ

Оқу құралы

Ақтау, 2010

УДК 336 (075.8)
ББК 65.262.2я73
И 48

Редакторы: Қазақстан Республикасына еңбегін сіңірген, экономикалық ғылымдар докторы, профессор У.М. Искаков

Ж.Д. Имашова
Шағын несиелендіру: Оқу құралы – Ақтау, Ш. Есенов атындағы КГУТ и И, 2010. – 83 б.

ISBN 978-601-226-092-2

Оқу құралында шағын несиелендіру жүйесін құрудың, оның қызмет ету механизмінің және шағын несиелендіру ұйымдарын басқарудың, шағын несиелендіруді ұйымдастырудың шетелдік тәжірибесі бойынша теориялық аспектілері толық баяндалған. Сондай-ақ шағын және орта кәсіпкерлікті шағын несиелендіруге және қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына шағын қаржыландырудың тигізетін әсеріне маңызды көңіл бөлінген. Шағын несиелендіру ұйымдарының қызметіне баға берілген, заңдық базаны және Қазақстан Республикасының шағын несиелендіру механизмін жетілдіру сұрақтары қарастырылған.

Оқу құралы экономикалық мамандықтары және бағыттары бойынша жоғары оқу орындарында оқитын білімгерлерге арналған. Оқытушыларға пайдалы болуы мүмкін.

ББК 65.262.2я73

Рецензенттер: экономика ғылымдарының кандидаты, профессор
Г.У. Джолдасбаева
экономика ғылымдарының кандидаты Естурлиева А.

Ш. Есенов атындағы технология және инжиниринг Каспий мемлекеттік университетінің ғылыми-әдістемелік Кеңесінің шешімімен баспаға шығаруға ұсынылды (№1 хаттама 03.11.2010).

И 48

ISBN 978-601-226-092-2

© Ж.Д. Имашова, 2010

© Ш. Есенов атындағы технология және
инжиниринг Каспий мемлекеттік университеті, 2010

Кіріспе

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан бері аз қамтылған, жағдайы төмен тұрғындарға қолдау көрсету, мемлекеттік саясаттың басым бағыты болып табылады. Нарықтық экономикаға көшкелі қаржылық ресурсқа отандық кәсіпкерлер мен тұтынушылардың сұраныстарының өсуі, қаржылық қызмет көрсетулерге толығырақ қол жеткізуді талап етті. Экономикасы өтпелі барлық мемлекеттер сияқты, шағын кәсіпкерлікті дамыту тұрғындар өмірінің деңгейін жоғарлатудың ең тиімді әдістерінің бірі ретінде қарастырылды.

Шағын несиелендіру жүйесін құруда және дамытуда мемлекет маңызды орын алады, яғни өндіріспен бизнесті кеңейту үшін инвестициялық және салықтық қолайлы климат жасады, кәсіпкерлік субъектілерінің арасында бәсекелесті дамыту үшін және қаржылық инфрақұрылымды ұйымдастыру үшін жағдай жасалды.

Сонымен қатар, ерекше жағдайда экономикалық дамудың айрықша тенденцияларымен белгіленген шағын қаржылық секторды дамыту Қазақстанға тән сипат екенін айта кеткен жөн. Бір жағынан, экономиканың жылдам өсуі, нормативтік-құқықтық реттеудегі прогресс, сонымен қатар банктік несиелеуді дамыту және басқару жүйесін жақсарту Қазақстандағы шағын қаржыландыруды дамытудың жағымды факторлары болып табылса, екінші жағынан көрсетілген прогресстің тұрақты дамуына қиындық туғызатын мәселелер де бар, яғни нарық көлемі шектелген шағын несиелендіру, тұрғындар тығыздығының төмен болуы, адам ресурстарын біркелкі орналастырмау, ұйымдастырылмаған ішкі миграция.

Осыған байланысты шағын қаржыландыруды дамытуда мемлекеттің қаржы жүйесінің айырылмастай бөлігі болып табылатын банк несиелері шағын және орта бизнес үшін мүмкіндіксіз болып қала береді.

Сонымен қатар тақырыптың өзектілігі, шағын несиелендіру жүйесінің қызмет ету жағдайын зерттеу жолымен сипатталады. Мемлекетімізде несиелік саясатты дамытумен байланысты маңызды мәселелерге қарамастан, шағын несиелендіру механизмін және жүйесін дамыту белгілі бір ғылыми қызығушылықты ұсынады және кешендік дайындықты талап етеді.

Осыған байланысты экономика ғылымдарының негізін салушы және несиелеу жүйесін дамытуға маңызды септігін тигізген шетелдік ғалымдардың еңбектері қолданылды, яғни оларды атап көрсетер болсақ: И. Бернар, Дж. Кейнс, Ж.К. Колли, Дж. Ло, У. Петти, А. Смит, В. Шмидт, И. Шумпетер.

Қазақстанда несиелік қатынастарды ғылыми реттеу келесідей отандық ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапты: Ш.Р. Абдильманова, У.М. Искаков, З.Д. Искакова, Г.Т. Калиева, К.Е. Кубаев, Н. К. Кучукова, Г.С. Маргацкая, В.Д. Мельников, Н. Нурсейт, П.С. Пасеченко, М.С. Саниев, Г.С. Сейткасимов, А.Н. Тоқсанова, Н.Н. Хамитов және басқалары.

Мемлекетімізде шағын несиелендіру мәселелерінің қалыптасуы, оның әдістемелік және теориялық аспектілерін зерттеуде және жетілдіруде кешендік көзқарасты талап етеді.

Оқу құралының мақсаты шағын несиелендіру жүйесін дамытуға бағытталған теоретикалық жағдайды және тәжірибелік ұсыныстарды қарастыру болып табылады. Қойылған мақсат келесідей міндеттерді анықтайды:

- қаржыландырудың ерекше процесі ретінде шағын несиелендірудің теоретикалық аспектілерін зерттеу, «шағын несиелендіру» ұғымының әдістемелік көзқарастарын жалпылау және жүйеге келтіру;
- мемлекетіміздің әлеуметтік – экономикалық дамуына шағын қаржыландырудың әсерін талдау;
- шағын және орта бизнес субъектілерін несиелендіруде, шағын несиелендіру ұйымдарының атқаратын ролін және шағын несиелендіру қатынастарының ары қарай даму мүмкіндігін анықтау;
- Қазақстанда шағын несиелендіру механизмін жетілдіру.

Теориялық және әдістемелік негіздері ретінде несиелік қатынастардың және шағын несиелендірудің теориялық және тәжірибелік облысында Қазақстандық, Ресейлік және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері, Қазақстан Республикасының заңдық және нормативтік-құқықтық актілері, Қазақстан Республикасы Үкіметінің экономикалық бағдарламалары, кәсіпкерлікті дамытудың аймақтық бағдарламасы қолданылды. Зерттеудің ақпараттық базасы болып, статистика бойынша Қазақстан Республика Агенттігі, Қазақстанның шағын қаржыландыру ұйымдар Ассосиациясы, Қазақстан Республикасының Ұлттық банк материалдары, екінші деңгейлі банктер және тағы басқада экономикалық ақпараттар табылады.

Берілген оқу құралында мыналар қарастырылады:

- шағын несиелендірудің теоретикалық негіздерді кеңейтетін және оның мазмұнын жетілдіретін ерекшеліктері;
- Қазақстанда шағын және орта бизнесті дамытуда шағын несиелендірудің тигізетін әсері және шағын кәсіпкерлікті банктік несиелеудің жеткіліксіздігінің негізгі себептері;
- құқықтық реттеу процессін ықшамдауға және қаржы көздерін кеңейтуге бағытталған шағын несиелендіру ұйымдары қызметін дамыту жолдары.

1 тақырып. Шағын несиелендірудің теориялық аспектілері және шағын несиелендіру ұйымдары қызметінің механизмі

Басқару мен реттеудің тиімді инструменттері мен рычагтарын мүмкіндігінше толығымен пайдалану экономиканы дамытуға ықпалын тигізеді. Өндіріс процесінде және қоғамдық өнімді өндіру кезінде пайда болатын несиелік қатынастар, өндіріске ықпал ететін мемлекеттің экономикалық потенциялының үздіксіз өсуіне ынталандыратын белсенді фактор болып табылады.

Қазақстанда банк жүйесінің жылдам дамуы және несиелік қатынастардың қиындай түсуі, қазіргі несиелік механизмнің қалыптасу ерекшеліктерін зерттеу қажеттілігін туғызды.

Несиеудің өзара қатынастарын жетілдіру мәселелері өзекті болып қала беруде.

Қазақстандық ғалымдардың ойынша несие бере бастау және банктік басқада операцияларды жүргізе бастау Қазақстан аймағында қаржы және несие мекемелерінің пайда болуына әкеп соқтырды, яғни ол ХІХ ғасырдың 1-жартыжылдығында пайда болып, сауда-ақша қатынастарының белсенді дамуына өз ықпалын тигізді.

Қазіргі қоғамда несиелеу процесі қажетті болып табылатыны ақиқат. Оның әсері адам өмірінің барлық сферасына таратылады. Қазіргі таңда несиелеу қатынастары экономикалық қатынастар жүйесінде маңызды орын алады.

Несиедің, шағын несиелендірудің және несиелік қатынастардың маңызын қазіргі заманғы тану әртүрлі ғылыми мектептер мен бағыттардың ашылуына ықпал етті. Бұл мәселе бойынша экономикалық әдібитеттерді зерттеудің нәтижесі ғалымдардың көп назары «несиелендіру» және «банктік несиелендіру» ұғымына қарағанда «несие» және «несиелік қатынастар» ұғымына көбірек көңіл бөлінгенін көрсетті.

Әдістемеге сүйене отырып және несие мен несиелендірудің өзара байланыстарын қарастыратын болсақ, оларға жеке-жеке түсінік беруге болады. Несие – негіз, базис ретінде, ал несиелендіру - қозғалыс процесі ретінде көрінеді.

Несие өзінің маңызды мазмұнын несиелендіру арқылы іске асырады. Осы жерде, шетелдік және отандық экономистердің зерттеулеріне сүйене отырып, бізбен «несие» және «шағын несие» ұғымдары арқылы «несиелендіру» және «шағын несиелендіру» ұғымдарының маңғынасын ашуға әрекет жасалынды. Несиедің мағынасын анықтау несиелендіруді тереңірек ойлауға және оның тәжірибелік мүмкіндіктерін күшейтуге септігін тигізеді.

«Несие» термині латын тілінен «creditum» аударғанда «несие», «қарыз» дегенді білдіреді /3, 265 б/. Қарызға тауар немесе ақша беру, экономикалық ілімде тарихи көздердің мәліметтері бойынша материалдық өндіріс эволюциясында маңызды роль атқарған. Яғни, экономикалық ғылымның негізін салушы А. Смит, Дж. Ло, И. Шумпетер, Дж. Кейнс және басқаларының

шаруашылық қызметін дамытуда несиенің мәні мен маңызы туралы ережелерді табуға болады.

А. Смит несиенің мәнін тереңірек ашқан. Халық байлығының себептерін және табиғатын зерттеуде олармен «капитал» ұғымы қолданылды.

Сонымен қатар ол қарыз белгілі бір уақытқа берілетінін және қайтарылатынын, сондай-ақ оның ақылы екенін және өндіріске салынатын капитал ретінде пайдаланылатынын атап өтті.

Бұрын экономиканы орталықтандырылған басқару кезінде «несие» түсінігі «мемлекеттің қарыз қоры» түсінігімен сай келді, яғни ақша қаражаттары жоспар бойынша жиналып, қайта өндіріс процессінің қатысушылары арасында қайта бөлінді.

Бірақ, бұл жағдайда ғалымдардың айтуынша несиенің экономикалық заңдары бұзылғанын айта кетуге болады.

Неміс экономисті В.Шмидт түрлі принциптері бар несиенің ақша-қаражаттарының немесе уақытша бос ақшаның қайта орналастыру құралы немесе формасы болып табылмайды деп бекітті.

Сонымен қатар ол несиелендіру процесінде қарыз беруші мен қарыз алушы арасында пайда болатын сенім түсінігін ажыратты.

Өткен ғасырларда шетел ғалымдары несиенің беруді адамның бір-біріне деген сенім білдіруі деп анықтады. Сонымен қатар Уильям Петти несиенің қатынастарының негізі сенім деп білді /17, 216 б./.

Осыған байланысты кейбір экономикалық көздерде несиенің «екі төлеммен айырбасталатын, уақыт бойынша бір-бірінен бөлектенген сенім актісі» ретінде қарастырылды /8, 112б./.

Бірақ, мұндай көзқарасқа неміс экономисті В. Лексис келіспеді, ол былай деді, яғни қарыз берушілер мен алушылар бір-бірінің төлем қабілеттігімен төлемге дайындық қатынастары бойынша бір-біріне сенім танытуға қарағанда көбірек сенімсіздік танытады, олар соған байланысты өзін толық қорғау үшін кепілдік талап етеді.

Осылайша қарыз алушы мен қарыз берушілер арасындағы сенім, несиенің қатынастарында шешуші роль атқармайды /9, 276б./.

Осы ойды дамыта келіп, Қазақстандық ғалымдар Г.С. Сейтқасымов, Н.Н. Хамитов және тағы басқалары бұдан басқа көз қарасты ұсынды және олар «несиенің қарыздың мәмілесі ретінде» және «сату-сатып алу мәмілесін» анықтады. Олардың зерттеулеріне сәйкес, «сату-сатып алу мәмілесі» кезінде тауарларды өзара ұсыну бір мезгілде жүзеге асырылады, ал қарыз мәмілесі кезінде эквивалентті қайтару кейінге қалдырылады.

Сату-сатып алу мәмілесі контрагенттік мәмілелер арасында кездейсоқ, әрі қысқа байланыс туғызады, ал қарыз мәмілесі болса ұзақ байланыс туғызады. Қарыз актісінде ақша құн формасы ретінде мәміленің мақсаты болып қалыптаса бастайды /10,11,12/.

Көрсетілген жағдай тағы бір рет несиенің қатынастарының айрықша сипатын көрсетеді. Несиенің ұсыну мен қайтару мерзімі уақыт факторымен анықталады. Яғни қарыз алушы алған несиені меншіктене алмайды, тек қана уақытша иемдене алады және оны өз уақытында арнайы сыйақысымен бірге

қайтаруға міндеттенеді. Кәсіпорынның банктен тәуелдігі күштірек болады, өйткені қарыз беруші өзінің талаптарын қоя алады. Яғни бұл қарыз алушының пайда табу мақсатымен алған несиелік ресурстарын, тиімді пайдалануға ұмтылуына ынталандырады. Басқаша айтқанда қарыз алушының банктен алған сомасының құны сақталып қана қоймай өсуі керек.

Несиелік мәміленің әр бір қатысушысы, оның жүзеге асырылуына мұқтаж. Соған байланысты несие қатынастары субъектілер арасында тұрақты, ұдайылылықпен анықталады.

Экономика ғылымдарының өкілдері несиенің маңызын қарастыру бойынша ұсынған көзқарастары келесідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді, яғни несие - бұл құн қозғалысы бойынша қарыз берушімен қарыз алушының арасында туындайтын күрделі экономикалық қатынастар жүйесі.

Н.К. Кучукованың ойынша несие «қаржымен салыстырғанда жоғары» болып табылады және ол «құнның ақшалай формасын дамытудың жоғары деңгейін» ұсынады./13, 376/.

Несиелік қатынастар объективті заңдардан құралады және ол нарықтық экономика жағдайында өзінің жоғары дамуына қол жеткізіп, потенциалды мүмкіндіктерін жүзеге асырады.

Сондай-ақ «шағын несие» және «шағын несиелендіру» ұғымдарының мағынасын ашатын болсақ, Википедия мәліметтері бойынша, шағын несиелендіру – бұл банк несиелеріне қол жеткізуге мүмкіндігі жоқ, яғни өте кедей шағын кәсіпкерлерге көлемі үлкен емес несие берумен айналысатын қаржылық сфера. Шағын несие – бұл осы сферамен берілетін көлемі үлкен емес несие. Көрсетілген анықтамада тек кедейлерді несиелендіру қарастырылады, осыған байланысты шағын несиенің қажеттілігі тарылтылды.

Қазақстан Республикасының «Шағын несиелік ұйымдар туралы» заңына сәйкес, шағын несиелендіру – бұл мемлекетпен анықталған әлеуметтік міндеттерді шешуге және шағын кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған шағын несиелерді реттейтін процесс, ал шағын несие – бұл ақылы, мерзімді және қайтарымдылық шарттарына сәйкес, Заңдармен анықталған, қарыз алушыға арнайы көлемде және тәртіпке сәйкес шағын несиелендіру ұйымдарымен ұсынылатын ақша /14/. Шағын несиелендіру қаржылық қызмет көрсетудің нақты бір түрі болып табылады. Көрсетілген анықтамада шағын несиелендірудің әрекет ету сферасы шағын несиелендіру ұйымдарымен шектелген, сондай-ақ шағын несиелендіру тек шағын несиелендіру ұйымдарымен ғана емес банктен де және басқа да банктік емес шағын несие ұсынатын арнайы қаржы институттарымен де жүзеге асырылады.

Шағын несиелендірудің теоретикалық негіздерін талдау және баға беру бізге келесідей ұсыныс жасауға мүмкіндік береді.

Біздің көзқарасымыз бойынша, шағын несиелендіруді қоғамның қажеттілігін жүзеге асыруда шағын несиелік қаржы институттарымен ұсыну жүйесі ретінде қарастыру қажет.

Шағын несие – бұл ақылы, мерзімді, қайтарымдылық шарттары бойынша ұсынылатын және мемлекеттің әлеуметтік міндеттерін шешуге бағытталған, шағын несиелік нарық институттарының ақша қаражаттары. Шағын

несиелендіру екіінші және үшінші деңгейлі несиелеу жүйесімен жүзеге асырылады.

Шағын несиелендіру ұйымдары қызметінің ерекшелігі, олардың коммерциялық және коммерциялық емес форма түрінде қалыптаса алуында.

Коммерциялық шағын несиелендіру ұйымы шаруашылық серіктестігі формасында, ал коммерциялық емес шағын несиелендіру ұйымы- қоғамдық қор формасында құрылуы мүмкін. Яғни, өз кезегінде коммерциялық емес шағын несиелендіру ұйымдары шағын кәсіпкерлікпен айналысатын субъектілер болып табылатын жеке және заңды тұлғалардың қызметін ынталандыруға бағытталған және оларға қаржылай қолдау көрсетуге бағытталған міндеттерді шешумен байланысты құрылады.

Көрсетілген мақсаттарға жету үшін коммерциялық емес шағын несиелендіру ұйымы шағын несие беру бойынша кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен қатар, қызметтің қосымша түрлерін жүзеге асыра алады.

Коммерциялық емес шағын несиелендіру ұйымдарының кірістері, оның мүшелерінің (қатысушыларының) арасында үлестірілмейді немесе таратылмайды және де ол шағын несиелендіру ұйымдары туралы Заңда қарастырылған мақсаттарға бағытталған /15/.

Шағын несиелендіру ұйымдарының маңызды сипаттамасы болып, оның құнды қағаздарды шығаруға тыйым салынуында.

Шағын несиелендіру ұйымдары қосымша келесідей қызмет түрлерін жүзеге асыра алады:

- 1) қарыздарды жұмылдыру және Қазақстан республикасы резиденттері мен резидент еместерінен гранттарды жұмылдыру;
- 2) Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін, корпоративтік бағалы қағаздарды, екінші деңгейлі банктің депозиттерін және бос активтерді мемлекеттік құнды қағаздарға уақытша орналастыру;
- 3) басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу;
- 4) өз меншігіндегі мүлкін сату;
- 5) шағын несиені ұсыну бойынша қызметтермен байланысты сұрақтар бойынша кеңес беру қызметін көрсету;
- 6) өз мүлігін жалға беру;
- 7) лизинг қызметін жүзеге асыру;
- 8) қайтарымсыз негізде білім беру.

Шағын несиелендіру ұйымдарының қызметін реттеудің маңызды механизмі, біздің көзқарасымыз бойынша несиелендіру лимиттерін белгілеу болып табылады. Яғни бір қарыз алушыға Қазақстан Республикасында ағымдағы қаржы жылының республикалық бюджет туралы заңында белгіленген, шағын несиелендіру ұйымдары шағын несиені 8000 еселік айлық есептік көрсеткіштен (АЕК) аспайтын көлемде ұсынады.

Шағын несие ұсыну жағдайы мен тәртібі оны ұсыну туралы келісімшарт және шағын несиелендіру ұйымдарының жоғарғы органдарымен бекітілген шағын несие ұсыну ережелерімен белгіленеді.

Шағын несиені ұсыну туралы келісім шарт жазбаша түрде бекіледі, оның бір данасы шағын несиелендіру ұйымының қарыз алушысының несиелік іс-

қағаздар папкасында сақталынады. Шағын несиені ұсыну кезінде маңызды мәселе болып, кредиттік келісім шартты бекіту табылады. Шағын несие ұсыну тәртібіне сәйкес, келісімшартта келесідей тармақтар болуы қажет:

- 1) шағын несиелендіру ұйымының толық аталуы және қарыз алушының аты жөні толық көрсетілуі керек;
- 2) шағын несиені алу мақсаты;
- 3) ұсынылатын шағын несиенің жалпы сомасы;
- 4) шағын несиені өтеу мерзімі;
- 5) шағын несиені өтеу тәсілі;
- 6) шағын несиені ұсыну туралы келісімшарт бойынша қарыз алушының міндеттерінің орындалуын қамтамасыз ету;
- 7) шағын несие бойынша сыйақы мөлшері;
- 8) екі жақтың жауапкершілігі;
- 9) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басқа да жағдайлар.

Шағын несиені ұсыну процедурасы шағын несиелендіру ұйымдарындағы қарыз алушының тіркеу журналына тіркеледі. Яғни әрбір ұсынылған шағын несие бойынша шағын несиелендіру ұйымы несиені ұсынғаны туралы келісімшартқа қол қойған күннен бастап несиелік іс-қағаздар папкасын ашуы тиіс.

Несиелік іс-қағаздар папкасы – бұл ұсынылған шағын несиелер туралы бекітілген келісімшартқа сәйкес әрбір қарыз алушыға шағын несиелендіру ұйымымен алынған құжаттар және мәліметтер.


Несиелік іс-қағаздар папкасы келесілерден тұрады:

- 1) шағын несиені пайдалану мақсаты туралы мәлімет көрсетілген қарыз алушымен қол қойылған өтініші;
- 2) қарыз алушының құрылтай құжаттарының көшірмесі (заңды тұлғалар үшін), белгіленген тәртіп бойынша куәландырылған болуы керек;
- 3) қарыз алушының жеке куәлігінің көшірмесі (жеке тұлғалар үшін);
- 4) ұсынылған шағын несие туралы келісімшартқа қарыз алушы өкілінің қол қоюға сенімін білдіргенін қуаттайтын құжаттар;
- 5) шағын несиені ұсыну туралы келісімшарт;
- 6) қарызгердің еңбекақысының көлемі туралы жұмыс орнынан анықтама (жеке тұлғалар үшін);
- 7) егер ұсынылған шағын несие мүлік кепілімен қамтамасыз етілсе – кепіл туралы келісімшарт /15, 11б/.

Жоғарыда көрсетілген шағын несиелендірудің келесідей принциптерін анықтауға мүмкіндік береді:

- шағын кәсіпкерлікті дамыту және қолдау;
- тұрғындарды кәсіпкерлік белсенділіктің өсуіне ынталандыру;
- шағын несиелердің мақсатқа бағытталуы, мерзімділік, ақылы, қайтарымдылық принциптерінің негізінде ұсыну;
- қарыз алушылар мен ара қатынасты құқықтық реттеу;
- шағын несиені қарқынды дамытуды, бәсекелестікті өсіру, жаңа жағдайлар жасау және шағын несиелендіру механизмін жетілдіру жолдары арқылы қолдау көрсету.

Шағын несиелендіру ұйымдарын қаржыландыру және несиелендіру бағыттары 1 суретте ұсынылған.




1 сурет. Шағын несиелендіру ұйымдарын несиелендіру бағыттары және қаржыландыру көздері

Қазіргі кезде Қазақстанда әрекет ететін шағын несиелендіру схемасын негізгі үш түрге бөлуге болады: топтастырылған, жеке және жеке-тұтынушылық. Шағын несиелендіруді ұйымдастырудың үш негізгі типінің бір-бірінен ажыратуға болатын сипаты 2 суретте көрсетілген.

Осыған байланысты, топтастырылған несиелендіру- бұл топтастырылған қарыз емес, яғни кепіл ретінде топтастырылған қарыз алушыға жеке несие беру. Топтастырылған механизм – бизнес жоспары, есеп кітабы немесе несие тарихы

жоқ клиенттерге аз көлемде берілген қарызбен байланысты шығындар мен тәуекелдікті қысқартады.



2 сурет. Шағын несиелендірудің түрлері

Топтастырылған несиелендіру бойынша көрсетілген схема, сондай-ақ «Грамин банкінің моделі» деп те аталады. Мұндай несиелендіру үлгісінің негізі болып топтастырылған кепіл табылады. Яғни несие бір-біріне кепіл болатын тұлғалар бойынша беріледі. Топтар мүшелерін өздері таңдайды.

Топтастырылған несиелендіру кезінде 1 кестеде көрсетілгендей несиелендіру жүйесі этап бойынша жүргізіледі.

1 кесте. Топтастырылған несиелендіру этаптары

Этап	Сомасы	Мерзімі
1	240 АЕК аспайтын	4 айдан аспайтын
2	480 АЕК аспайтын	8 айдан аспайтын
3	2000 АЕК аспайтын	10 айдан аспайтын
4	4000 АЕК аспайтын	12 айдан аспайтын
5	8000 АЕК аспайтын	24 айдан аспайтын

Ескерту – мәліметтер қайнар көздерден алынды: Шағын несиелендіру ұйымдары қызметінің құқықтық негізі. Сериясы «Кәсіпкер кітапханасы» - Алматы, 2005-15 б.

Топтастырылған несиелендіру этаптық жүйені қатаң сақтай отырып, бірінші этаптан басталады, ал шағын несиелендіру тобы өз еркімен құрылады. Бұл үлгі бойынша шағын несиені, топтың әрбір мүшесі алады. Әрекет ететін топқа жаңа қарыз алушы қосылса, ол шағын несие несиелендірудің бірінші этапынан бастайды.

Топтастырылған несиелендіру келесідей талаптарды ұстауы керек: потенциалды қарыз алушылар тобының жиынтық саны төрт адамнан кем болмауы керек; жинақталған құжаттар саны: жеке басын куәландыратын құжат (төлнұсқасы және көшірмесі); Салық төлеушілердің куәлігі (түпнұсқа және

көшірмесі); жанұя жағдайы толық көрсетілген тұрғылықты жерінен анықтама; басқада арнайы бекітілген үлгі бойынша несие алуға тапсырыс беру;

Несиелендірудің аталған үлгісінің шарты бойынша шағын несие алу үшін төмендегілерді орындау керек:

- алдындағы алынған несиенің шарттары толық орындалып, уақтылы қайтарылуы керек;

- алдындағы алынған несие тиімді жұмсалуды керек;

Жеке несиелендіру – бұл банктік несиелендірудің стандарттық процедурасына ұқсайтын шағын несиелендіру схемасы.

Жеке несиелендірудің міндетті шарты болып, шағын несие бойынша кепілдікпен қамтамасыз етілуі табылады.

Жоғарыда көрсетілген несиелендіру схемасы бойынша жеке кәсіпкер ретінде тіркелген қарыз алушылар келесідей қосымша құжаттарды ұсынады:

- жеке кәсіпкердің мемлекеттік тіркелуі туралы куәлігінің көшірмесі;
- лицензия көшірмесі (егер болса);
- патент көшірмесі (егер болса)

Жеке тұтынуды несиелендіру кезінде ережеге сәйкес, қарыз алушылар болып, үнемі табысы бар тұлғалар табылады. Қарыздарды ұсыну мақсаттары:

- тұрмыстық техниканы және жиһаздарды сатып алу;
- оқуға ақша төлеу;
- медициналық қызметтерге төлем;
- жөндеу және құрылыс салу;
- басқада тұтынушылық мақсаттарға;

Жеке тұтынушыларды несиелендіру кезіндегі несиелендіру шарттары:

- қарыз сомасы қарыз алушының табысымен анықталады;
- қарыздың ең жоғарғы сомасы – 150 айлық есептік көрсеткіштен аспауы керек;
- қарыз мерзімі – алты айдан аспауы керек.

Шағын несиелендіру ұйымымен шағын несиені ұсыну кезінде оны толық жабу принципін қолданады.

Егер, қарыз алушы қарыз алу келісім шарты бойынша өзінің міндеттерін толық орындамаған жағдайда несие берушінің кепілді толық көлемде сатуға құқығы бар. Сондай-ақ мерзімін өткізіп алған кезде төленбеген айыпұлдардың сомасында шығарып алуы тиіс. Шағын несиелендіру ұйымдары ағымдық несиелендіру мерзімінде кепілдің жағдайын, оның бағасын үнемі тексеріп отырады.

Кепіл заты бола алады:

- жылжымайтын мүлік;
- жылжитын мүлік;
- айналымдағы тауарлар;
- үшінші тұлға кепілі және басқа да өтетін мүлік.

Несиелік комитет болып, ұйымның несиелік саясатын өткізуді жүзеге асыратын орган табылады. Несиелік комитетті құру, оның санын бекіту, персоналдар құрамын және комитет төрағасын таңдау, шағын несиелендіру ұйымының қатысушыларының жалпы жиналысы шешімінің негізінде жүзеге

асырылады. Несиелік комитет қызметін төраға басқарады. Несиелік комитет отырысы бекітілген кесте бойынша аптасына 1 рет өткізіледі. Несиелік комитет отырысын дайындау және өткізу тәртібі шағын несиелендіру ұйымының ішкі құжаттарымен регламенттеледі /14,15/.

Несиелік комитеттің өкілеттігі:

- шағын несиені ұсыну туралы шешім қабылдау;
- несиелендіру шарттары туралы шешім қабылдау (сомасы, несиелендіру мерзімі, сыйақы мөлшері, шағын несиені өтеу кестесі, айыппұл санкциясының мөлшері, кепілмен қамтамасыз етілуі);
- несиелендіру шарттарын өзгерту жайында шешім қабылдау;
- клиенттерді коммерциялық және өндірістік мақсатқа сай несиелендіру;
- несиені бермеу туралы шешім қабылдау;
- дәрменсіз, қайтарылмаған шағын несиені, ұйымның зияны есебінде есептен шығару бойынша шешім қабылдау.

Шағын несиелендіру ұйымдарын (ШНҰ) басқару органдарының құрылымы 3 суретте көрсетілген.



3 сурет. Шағын несиелендіру ұйымдарын басқару құрылымы

Шағын несие алу үшін, ұсынылған тапсырыс несиелік комитетпен мақұлданған жағдайда, шағын несиені ұсыну бойынша, барлық құжаттарды заңдық рәсімдеуді бастайды.

Шағын несиелендіру ұйымдарын басқарудың жоғарғы органы болып, ШНҰ құрылтайшыларының жалпы жиналысы табылады.

ШНҰ құрылтайшыларының жалпы жиналысының ерекше компетенциясына төмендегілер кіреді:

1) ШНҰ жарғысын өзгерту, оның жарғылық капиталының көлемін өзгерту, орналасқан жерін және фирмалық атауын өзгерту немесе жарғысын жаңадан бекіту;

2) ШНҰ атқарушы органының қалыптасуы және оның өкілеттігін жылдам тоқтату, несиелік комитет мүшелерін бекіту;

3) ШНҰ несиелік саясатын жүзеге асыратын органды құру;

4) Жылдық қаржылық есеп беруді бекіту және таза табысты үлестіру (бөлу).

ШНҰ қызметін ағымдағы басқаруды және оның ісін, атқарушы орган директоры жүзеге асырады. ШНҰ директоры құрылтайшылардың жалпы жиналысында есеп береді және оның шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады.

ШНҰ қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жүргізуді ішкі бақылау қызметі жүзеге асырады. Жұмыс тәртібі, құрамы және ішкі бақылау қызметінің компетенциясы ШНҰ ішкі құжаттарымен анықталады.

ШНҰ қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жүргізу үшін құрылтайшылардың жалпы жиналысының шешімі бойынша ревизиялық комиссия құрылуы мүмкін.

ШНҰ атқару органдарының шаруашылық қызметін тексеру кезінде, ревизиялық комиссия тексеруге қажетті барлық материалдарды, бухгалтерлік және басқа да құжаттарды, сонымен қатар ауызша және жазбаша түсініктемелерді талап етуге құқығы бар.

Ревизиялық комиссия ШНҰ құрылтайшыларының жалпы жиналысында жылдық қаржылық есеп беру бекітілгенге дейін, міндетті түрде оған тексеру жүргізеді. Жалпы жиналыстың қатысушылары жылдық қаржылық есепті ревизиялық комиссияның қортындысынсыз немесе аудитордың қортындысынсыз бекітуге құқығы жоқ /15/.

ШНҰ шағын несиесін басқару тұрақты мониторингпен жүзеге асырылуы керек. Мониторингтің маңызды элементі болып, айқын ақпарат жинау және оны талдау табылады. Өтімділік, кірістер мен шығындар құрылымы және рентабельділік - талдаудың пәні болып табылады. Мониторинг үшін клиентпен тығыз байланысты қолдау мақсатында, ақпараттың әртүрлі қайнар көздері қолданылады: қаржылық есеп, басқа да қаржылық институттар туралы ақпарат.

Мониторинг жобасына жауапты болып, несиелік эксперт табылады. Мониторинг нәтижесі бойынша несиелік эксперт, бекітілген формада есеп құрастырады. Несие берілгеннен кейін, екі апта ішінде несиелік эксперт шағын несиенің мақсатқа сай пайдаланылуына мониторинг жобасын өткізуге міндетті. Шағын несие бойынша кезекті төлемді өтеуге, үш күн қалғанға дейін несиелік эксперт қарыз алушының жұмыс орнына барып, оның төлем қабілеттігі бар екеніне көз жеткізуі керек. Топтастырылған несиелендіру кезінде несиелік эксперт топтар жиналысына қатысуы керек.

Қарыз толық өтеліп болған кезде, ШНҰ қарыз алушыға құқықтық анықталған құжаттардың түпнұсқасын ұсынады.

Несиені төлемеу тәуекелдігі туындаған кезде, несиелік эксперт келесідей қажетті іс-шаралар қабылдауды ұсынады:

- қарызды өтеу шартын өзгерту;
- қарызгердің қызметін толық бақылауға алу шартымен, кейінге қалдыруды ұсыну;
- түсетін ақшаның қосымша көздерін анықтау мақсатымен, қарызгер туралы қосымша ақпарат жинау;
- шағым-талап жұмыстарын жүзеге асыру;

Тәуекелдікті төмендету мақсатында, ШНҰ шағын несиелендіруді жүзеге асыру жағдайын регламенттейді.

Қарызгердің төлемдерін өтеуі кезінде, келесідей тәуекел түрлері туындауы мүмкін:

- несиелік тәуекелділік – шағын несиені ұсыну туралы келісімшартта қарастырылған шарттарды орындамау кезінде, капитал немесе несиені жоғалту тәуекелдігі;
- өтімділік тәуекелділігі – шағын несиені төлеуге қабілетсіздіктің пайда болуы әсерінен, пайда мен капиталды жоғалту тәуекелдігі;
- проценттік тәуекелділік – нарық проценттерінің мөлшері өзгерген кезде зиян шегу тәуекелдігі;
- қарызгер тәуекелдігі – қарызгердің өзінің міндеттемелеріне жауап бере алмауымен байланысты тәуекелділік;
- төлем тәуекелдігі - қарызгердің төлемді орындамау тәуекелдігі;
- нарық тәуекелдігі – қарыз активтерінің нарықтағы құнының өзгеру тәуекелдігі;
- функционалдық тәуекелділік – төлемдерді жүзеге асыру, қарыз келісімшартын рәсімдеу, кепілге баға беру және тағы басқаларымен байланысты тәуекелдік.

Тәуекелдік жағдайы туындаған кезде, ШНҰ келесідей іс-шараларды жүзеге асыруға құқылы:

- қарызгерлерді несиелендіруді тоқтату;
- қарыздың қалған сомасын қайтарып алу;
- кепілді өткізу бойынша жұмыстарды бастап кету.

ШНҰ қызмет ете бастауы, оның заңды тұлға болып табылуына байланысты, әділет органдарына мемлекеттік тіркелуімен анықталады. Соған байланысты, бірінші кезекте ШНҰ әділет басқармасына тіркелуі қажет.

Заңды тұлғаны әділет органдарына тіркеу үшін, бекітілген формада арыз беріледі, құрылтай құжаттары қазақ және орыс тілдерінде және де бекітілген тізімге сәйкес, тағы басқа құжаттар ұсынылады. Арызға ұйымды құрушы немесе өкілетті тұлға қол қояды.

Заңды тұлғаларды тіркейтін тағы бір мемлекеттік орган болып, статистика басқармасы табылады.

Статистика органдарынан тіркеуден өту үшін, заңды тұлғаларға мемлекеттік тіркеуден өткен куәлігі мен жарғысы қажет болады. Сондай-ақ, ол

өзінің жұмысшыларының жалпы санын білуі керек. Статистика органдарынан есеп тіркеуден өткенін дәлелдейтін құжат болып, статистика басқармасы ұсынған статистикалық карта табылады.

Бақылау сұрақтары

1. «Несие» және «несиелендіру» анықтамаларын әр түрлі теориялық концепцияларда түсіндіру.
2. «Шағын несие» және «шағын несиелендіру» ұғымдарының маңызы.
3. Шағын несиелендіру қаржылық қызмет көрсетудің бір түрі ретінде.
4. Шағын несиелендіру ұйымдары қандай ұйымдастырылған –құқықтық формаларда құрыла алады?
5. Шағын несиелендіру ұйымдарын басқару органдарының құрылымы.
6. Шағын несиелендіруді ұйымдастырудың негізгі типтері, олардың айырмашылықтары.

2 тақырып. Банктер және банктік емес мекемелермен шағын несиелендірудің негіздері

Қазақстанда несие жүйесі, банктер және банктік емес мекемелермен де ұсынылады. Банктік емес несиелік мекемелер қызметі, тар мамандандырылған болып келеді, яғни:

- несие серіктестігінің, тек өзінің қатысушыларына қаржылық қызметтер көрсетуі, соның ішінде несиелік қызметтері;
- ипотекалық компаниялардың негізгі қызмет түрі болып, ипотекалық қарыздарды ұсынуы табылады;
- шағын несиелендіру ұйымдары шағын несие берумен айналысады;
- ломбардтар, мүлікті кепілге ала отырып, азаматтарға қысқа мерзімді қарыздар ұсынады.

Қазақстанның қаржы секторын дамыту концепциясында, несиелік жүйе келесідей түрде ұсынылған:

- бірінші деңгей – коммерциялық банктер;
- екінші деңгей – банктік емес қаржылық ұйымдар, несиелік серіктестіктер және ломбардтар;
- үшінші деңгей – шағын несиелендіру ұйымдары (ШНҰ).

Бұл ұйымдардың мақсатты тобы болып, шағын және орта бизнес кәсіпорындары (ШОБ), сондай-ақ жеке тұлғалар табылады. Үшінші деңгей шағын несие берумен айналысатын ұйымнан құралады.

Реттеудің жоғары деңгейі болып, банк саласы табылады және ол келесідей үш бағыт бойынша жүзеге асырылады:

- екінші деңгейлі банктермен қадағалауды, халықаралық стандартқа толығырақ жақындай түсу мақсатында жетілдіру;
- банктермен құрастырылған қаржылық есептің сенімділігін қамтамасыз ету үшін, банктердің халықаралық қаржылық есеп стандартына өтуі бойынша жұмыстар жүргізу;

- сертификацияланған бухгалтерлік институттар құру бойынша және банктер аудитін дамыту стратегиясын дайындау бойынша жұмыстар жүргізу.

Екінші деңгей несиелендірудің негізіне, несиелік серіктестіктер, ломбардтар, ипотекалық компаниялар және банк операцияларының басқа да түрлерін жүзеге асыратын басқада ұйымдар кіреді.

Несиелендірудің үшінші деңгейі – шағын несиелендіру болып табылады, яғни бұл ШНҰ қызметінің белгілі бір механизмдері мен принциптері қатыспайтын, мемлекет тарапынан барынша аз реттелетін, несиелік қатынастар жүйесінің деңгейі.

Әр түрлі несиелік жүйеге қатысты, қаржы-несиелік институттарының шағын несиелендіруде түрлі ерекшеліктері бар. Несиелік жүйенің үш деңгейлі үлгісіне сәйкес, шағын несиелендіру нарығы субъектілерінің несиелендіру жағдайын салыстыру мүмкіндігі туындайды (2 кесте).

2 кесте. Шағын несиелендіру нарығы субъектілерін несиелендіру жағдайын салыстыру сипаттамасы

Белгілері	Банк	Несиелік серіктестік	Шағын несиелендіру ұйымы
1	2	3	4
Маңызы	Банк - бұл ақша қаражаттарын жұмылдырумен айналысатын және өз атынан қайтарымдылық, мерзімділік және төлемдік шарттарына сәйкес, ақша қаражаттарын орналастыратын заңды тұлға	Несиелік серіктестік - өз қатысушыларының несиелік қажеттілігін қанағаттандыру үшін құрылатын заңды тұлға	ШНҰ – шағын несие ұсынуды жүзеге асыратын заңды тұлға
Ұйымдастыру формасы	Акционерлік қоғам	Жауапкешілігі шектеулі серіктестік (ЖШС)	Коммерциялық ШНҰ – ЖШС, комерциялық емес ШНҰ – қоғамдық қорлар
Несиелендіру бағыттары	Қазақстан Республикасының экономика салаларын, жеке кәсіпкерлерді, орта және ірі бизнес өкілдерін несиелендіру	Тек қана берілген несие серіктестігінің қатысушыларын несиелендіру	Шағын және орта бизнесті жаңадан бастаған және әрекет ететін субъектілерді, тұрғындардың аз қамтамасыз етілген қабатын несиелендіру
Несие түрлері	Жеке	Жеке	Жеке, топтастырылған және жеке-тұтынушылық

Несие мерзімі	Қысқа мерзімді – 1 - 3 жыл Орта мерзімді – 3 - 5 жыл Ұзақ мерзімді – 5 жылдан жоғары	Қысқа мерзімді 1- 3 жыл	1 жылға дейін
Несиемен қамтамасыз етілгендігі	Жылжитын және жылжымайтын мүлік	Кепіл ретінде қатысушылардың міндетті жарналарын пайдалануға болады	Несиелендірудің кепілсіз схемасын қолдану мүмкіндігі
Бақылау	Жоғары	Бірен -саран	Тек қана тіркеу

Несиелеудің үш деңгейлі үлгісіне сәйкес, Қазақстанда мекемелердің келесідей түрлері шағын қаржылық қызмет көрсетеді, яғни ол 4 суретте көрсетілген.



4 сурет. Шағын несиелендіру нарығының субъектілері

Шағын несиелендіру қызметін көрсету нарығының қатысушыларының бірі болып, шағын несие бойынша қызмет көрсетуді жүзеге асыратын, екінші деңгейлі банктер табылады. Екінші деңгейлі банктер Еуропалық Банктің несиелік желісін қолданады. Ал «Казкоммерцбанк» АҚ және «Қазақстанның Ұлттық Банкі» АҚ шағын және орта кәсіпорындарға қолдау көрсету үшін Kreditanstalt für I Wiederaufbau Германияның несиелік желісін қолданады / 16,46 б./.

Дәстүрлі несиелік банк қызметтері, көптеген құжаттарды рәсімдеуді және қарызгердің белгілі бір активтерінің болуын талап етеді. Қарызды тек фирма – балансына, бизнес жоспарына, сонымен қатар егжей-тегжейлі есеп жазылымдарына қарап, оларды тексеріп болғаннан кейін ғана, оны беру туралы шешім шығарады. Банктер тәуекелдік деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін көптеген құжаттар жинаумен айналысады. Талдау, ережеге сәйкес, несиенің үш маңызды аспектілерінен тұрады: яғни, қарызгердің мінездемесі, несиені төлеу қабілеттігі және кепіл заты.

Көптеген коммерциялық несиелер келесідей көрсеткіштерді анықтайды:

- 1) несиені төлей алу қабілеттігі - өндірісті, бизнесті және қаржылай

тәуекелдікті талдаудан тұрады.

2) Кепіл – бұл қарызды өтеудің екінші дәрежелі қайнар көзі ретінде қызмет атқарады;

Сонымен қатар, болашақ қарызгердің мінездемесінің болуы да маңызды, ол бірінші кезекте клиенттің несиелік тарихына негізделеді. Осылайша, несиені беру туралы жалпы шешім шығару – бұл барынша қымбат, әрі ұзаққа созылатын процесс, яғни банк қызметкерлері талап етілген құжаттарды бағалайды. Нәтижесінде, банктер өзінің ресурстарын бірнеше ірі несиелерге орналастыру тиімдірек болып табылады. Сондай-ақ, оның нәтижесінде қарызгер де осындай қорытындыға келуі мүмкін.

Кәсіпкерлердің банк несиесінен оқшаулануының басты себебін айтар болсақ:

- бұл қызмет көрсетулердің қымбат болуы;
- несиелерді рәсімдеу процедурасының ұзақтығы;
- банктерде ұзақ мерзімді несиелер ресурстарының жеткіліксіздігі;
- қарызбен қамтамасыз етуде, қойылатын талаптардың қатаңдығы;
- банктердің жоғары өндіріс тәуекелдігімен жұмыс жасауға ынтық болмауы.

Мемлекетімізде шағын несиелендіру жүйесін дамыту бойынша жүргізілген жұмыс нәтижесі, Қазақстан Республикасында мекемелерді шағын несиелендіру қызметінің шарттарын жетілдіру бойынша, белгілі бір тәжірибелер жинақтады. Шағын несиелендіруді дамыту мәселелерін, экономикасы өтпелі барлық мемлекеттерде кездестіруге болады.

Банктік емес қаржылық мекемелері де, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен, несиелік операциялар жүргізу үшін, лицензия ала отырып, шағын несиелендіру нарығының қатысушылары болып саналады.

Сондай-ақ, ірі шағын қаржылық ұйымдар, яғни Қазақстандық несиелендіру қорлары және Азиаттық несиелік қорлары да, несиелік ұсыну үшін лицензия алады.

Банктік емес қаржылық ұйымдардың ерекшелігі, олар шағын бизнес субъектілерін несиелендіруді көздейді. Сонымен қатар, олармен ұсынылған несиелендіру, шағын несиелендіруге қарағанда ірілеу болып саналады. Сондай-ақ, мұндай ұйымдар тұрғындарды несиелендірумен айнасыпайды, өйткені көбіне олардың қарызгерлері болып, кәсіпкерлер табылады. /16,17,18,19,20/.

Қаржылық ұйымдардың негізгі түрлерінің бірі болып, несиелік серіктестік табылады. Қарыздық және басқада қаржылық қызметтерді жүзеге асырушы да, несиелік серіктестік болып табылады. Қазақстанда несиелік серіктестіктер институттары барынша әлсіз тараған. Несиелік серіктестіктер қызметінің нормативтік-құқықтық негіздері болып, «Несиелік серіктестіктер туралы» заң табылады.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, мемлекетіміздің қаржылық секторын тиімді жоғарлату мақсатында өзара несиелендіретін ұйымдар (несиелік серіктестік) құру қажет.

Өзара несиелендіру ұйымдарының принциптері болып:

- қатысушылар құрамына еркін кіру мүмкіндігі;

- өзара несиелендіру ұйымдары қызметін басқаруда, барлық қатысушылардың паритеттілігі.

Әрекеттегі заңға сәйкес, несиелік серіктестік ретінде Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған, қатысушыларының несиелік, қаржылық, соның ішінде банктік қызметтер бойынша қажеттілігін қанағаттандыру үшін, жеке және заңды тұлғалардан құрылған заңды тұлға болып табылады.

Несиелік серіктестіктер қызметінің заңдық аспектілеріне тоқталып өтер болсақ, яғни несиелік серіктестік, жауапкершілігі шектеулі серіктестік формасында, құрылтайшылық келісімшарты негізінде құрылады және өзінің жарғысына сәйкес әрекет етеді. Сондай-ақ бұл несиелік серіктестік әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап, құрылды деп есептелінеді.

Несиелік серіктестік өзінің қатысушыларына ұлттық валюта түрінде келесідей операцияларды жүзеге асырады:

- 1) қарыз операциялары: төленетін, мерзімді және қайтарымдылық шарттарына сәйкес, ақшалай формада несиелерді ұсыну;
- 2) активтерді ашу, қуаттау және ол бойынша міндеттерді орындау;
- 3) сейфтік операциялар: бағалы қағаздарды сақтау бойынша қызмет көрсету;
- 4) лизинг қызметін жүзеге асыру;
- 5) кепіл, кепілге алуды және басқа да міндеттерді ұсыну;
- 6) факторинг операциялары;
- 7) кассалық операциялар: қолма-қол ақшаны қабылдау және өткізу.

Несиелік серіктестіктің ағымдағы қызметін басқарушы болып, төрағамен басшылық етілген, несиелік серіктестік басқармасы айналысады. Төраға және басқарма мүшелері қатысушылардың жалпы жиналысында тағайындалады. Сондай-ақ басқарма мүшелерінің саны, тақ саннан құралуы керек. Басқарма отырысы айына 1 рет өткізіледі.

Әрекеттегі заңдарға сәйкес, несиелік серіктестіктер өзінің қызметін төмендегідей құжаттар негізінде жүзеге асырады:

- 1) операцияны жалпы жағдайда өткізу ережесі;
- 2) несиелік комитет туралы ереже;
- 3) несиелік серіктестіктің ішкі ережесі
- 4) ішкі несиелік саясат.

Көрсетілген құжаттар несиелік серіктестіктің ішкі қызметін регламенттейді және несиелік серіктестіктің жоғарғы органы – яғни несиелік серіктестіктің қатысушыларының жалпы жиналысымен бекітіледі /22, 192-193б./.

Біздің мемлекетімізде несиелік серіктестіктің қызметін, салықтық ынталандырушылар ретінде, оның негізгі операциялары бойынша белгіленген жеңілдіктер табылады. Мұндай операцияларға Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің 2 тармағы 11 тармақшасының 227 бабына сәйкес, келесідей операциялар жатады:

- қарыз операциялары: несиелерді ақшалай формада ұсыну;

- кассалық операциялар;
- кепіл беру.

Несиелік серіктестік уәкілетті мемлекеттік органның лицензиясыз банк операцияларының жеке түрлерін жүзеге асыратын коммерциялық ұйым болып табылады. Сонымен қатар, олардың қызметі қаржылық нарықты және қаржылық ұйымдарды қадағалау және реттеу бойынша Қазақстан Республикасы Агенттігінің мониторинг және бақылауына түспейді. Несиелік серіктестігінің қызметі 2005 жылдың 23 желтоқсанында қабылданған несиелік серіктестік туралы заңға сәйкес, лицензияланбайтын болды. Яғни, бұл шара біздің көзқарасымыз бойынша несиелік серіктестіктің қызметін дамытуды ынталандыруға бағытталған.

Несиелік серіктестіктің қызметін реттеу заңдылықтарына енгізілген өзгерістер ішінен келесілерді атап көрсетуге болады:

- несиелік серіктестіктің статусының өзгеруі;
- несиелік серіктестіктердің басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысу мүмкіндігінің пайда болуы;
- сұрақтар тізімін өзгерту және кеңейту;
- несиелік серіктестіктің қатысушыларына ұсынылатын операцияларды өзгерту және кеңейту;
- бұрын болған операцияларды болдырмау: яғни, несиелік серіктестіктің қатысушыларының тапсырмасына сәйкес, олардың банк шоттары бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру; операцияларды шетел валютасына айырбастуды ұйымдастыру. Барлық несиелік серіктестіктер үшін, ақша қаражаттарын аудару бойынша қызметтер көрсету, ашық сұрақ болып табылады. Осылайша, несиелік серіктестіктер өздерінің қатысушыларына шағын банктің қызметін көрсетіп келді;
- Заңның «Несиелік серіктестік қызметін реттеу» деп аталатын 7 тарауы алып тасталынды. Осылайша, қазіргі кезде несиелік серіктестіктер, банктік операциялардың жеке түрлерін жүзеге асыратын, лицензиялануға жатпайтын және де өкілетті органдарға қаржылық және бухгалтерлік есеп берулерді ұсынбайтын, коммерциялық ұйымдар болып табылады.

Несиелік серіктестіктің қатысушысы болып, кез келген жеке және заңды тұлға табылады. Олар Қазақстан Республикасының резиденті және де шетел азаматтары болуы мүмкін. Несиелік серіктестікке кіру үшін қатысушы кішігірім көлемде міндетті жарна салуы қажет, яғни ол, құрылтай келісімшартында несиелік серіктестіктің қатысушыларымен бекітіледі және ол жарналар тек ақшалай, яғни ұлттық валюта түрінде төленеді.

Несиелік серіктестік, шағын қаржылық институттардың бір түрі ретінде қатыса отырып, бизнес жобаларды несиелендіру жолымен өзара қаржылық ынтымақтастық жағдайында, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мақсатында, шағын қаржылық секторды дамытуға белсенді қатысады. Осыған байланысты, несиелік серіктестіктермен шағын несиелендірудің келесідей ерекшеліктерін атап көрсетуге болады:

- Несиелік процесстің қатысушыларының санын шектеу;
- Шағын несиелендіру тәуікелділігінің жоғарлауы.

Несиелік серіктестік, несие жүйесінің бір бөлігі болып табылады. Қазақстандағы несиелік серіктестіктердің ағымдағы жағдайын талдау кезінде, олардың даму темпінің жоғарылығы байқалады. Егер 1998 жылы қаржылық нарықты және қаржылық ұйымдарды қадағалау және реттеу бойынша Қазақстан Республикасы Агенттігінің мәліметтері бойынша мемлекетімізде тек қана бір несиелік серіктестік боса, 2007 жылдың 1 қаңтарының мәліметтері бойынша олардың саны 193 дейін өскен. Сонымен қатар олардың активтері де 10 млн.теңгеден 34351 млн.теңгеге дейін өскен. Осындай мәліметтерге сүйене отырып, несиелік серіктестіктер қарқынды дамуда деген қорытынды жасауға болады.

Несиелік серіктестіктер үшін қаржылық ресурстарының негізгі қайнар көздерінің бірі болып, оның қатысушыларының қаражаттары табылады.

Қандайда бір ұйымның тұрақты дамуы үшін, біріншіден олар өндіретін тауарларға немесе көрсететін қызметтерге сұраныстың болуы, сонымен қатар осы сұранысты оптималды қанағаттандыру үшін, заңдылықтарға сәйкес жағдай жасау болып табылады.

Жоғарыда айтылғандармен байланысты, несиелік серіктестіктің қызметін реттейтін заңдарды жетілдіру қажеттілігі туындайды.

Сонымен, несиелік серіктестік пайда табу мақсатын ғана көздейтін, коммерциялық ұйым болып табылатындығы заңда қарастырлығын. Бірақ, нәтижесінде несиелік серіктестіктің алатын кірістерінің көлемі, оның шығыстарының көлемімен теңдей келеді, яғни бұл, несиелік серіктестіктің табыс тауып өзін дамытуға мүмкіндігі шектелгенін білдіреді. Осыған байланысты, несиелік серіктестіктердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтарды жетілдіру қажеттілігі туындайды.

Сонымен, жалпы айтқанда шағын қаржылық нарықты реттейтін, іс жүзіндегі заңдардың жеткіліксіздігі немесе толық болмауы «Несиелік серіктестік туралы» заңға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу қажеттілігін туындатады, яғни заңдар ережесі ағымдағы жағдайларға сәйкес, шағын қаржылық нарық қажеттілігіне сәйкес келмейді. Атап айтар болсақ:

- Қаржылық қызметтерді ұсыну сферасын несиелік серіктестіктер қызметі ынталандырмайды;
- Инвестицияларды жұмылдыру үшін қолайлы жағдай жасамайды;
- Қаржылық мекемелер ретінде несиелік серіктестіктерді құру үшін қажетті мөлшерлерді анықтамайды.

Күннен күнге өсіп келе жатқан нарық қажеттілігі, Қазақстан Республикасының «Несиелік серіктестік туралы» Заңын жетілдіру мақсатында, келесідей өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет етеді:

- а) несиелік серіктестіктермен жүзеге асырылатын операциялар спекторын кеңейту;
- б) несиелік серіктестіктерді қаржыландырудың несиелік жинақтау принципін қарастыру;
- в) несиелік серіктестік қызметін реттейтін принциптерді жетілдіру. (25,26).

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, жалпы Қазақстанда микрокредиттеу бойынша нормативтік құқықтық базаны жақсы деп айтуға

болады, бірақ қазіргі заманның талаптарына сәйкес, шағын несиелендіру саласында кейбір заңдылықтарға өзгертулер мен қосымшалар енгізу қажет. Ол үшін көпжылдық тарихы бар, шағын қаржылық қызмет көрсететін ұйымдардың халықаралық тәжірибесін зерттеу қажет.

Бақылау сұрақтары

1. Қаржылық секторды дамыту концепциясына сәйкес, ҚР несиелік жүйесі қандай деңгейлерде ұсынылған?
2. Шағын несиелендіру нарығының негізгі қатысушылары.
3. Несиелендіру шарттарын шағын несиелендіру субъектілері нарығымен салыстыру сипаттамасы.
4. Шағын несиелендірудің несиелік серіктестіктерден ерекшелігі.
5. Несиелік серіктестіктер қызметін қаржыландыру көздері.
6. Кәсіпкерлердің банк несиелерінен бөлектену себептері.

3 тақырып. Шағын несиелендіруді ұйымдастырудың шетелдік тәжірибесі

Шағын қаржыландыру саласы 70 жылдары пайда болды, ал 80 жылдары жағдайы төмен тұрғындарға несиелер беріле бастады. Ол кездері даму барысындағы мемлекеттерде жағдайы жоқ, аз қамтамасыз етілген адамдар банктерден несие алуға мүмкіншіліктері болған жоқ, осыған байланысты олар қаржы ресурстарын алу үшін пайдақұмар немесе өсім алушыларға үлкен мөлшерде процент төлеп несие алуларына тура келді. Бұл мемлекеттердің үкіметі және халықаралық донорлар арнайы мемлекеттік бағдарламалар арқылы төмен процентпен жағдайы төмен тұрғындар қабатына несие ұсыну арқылы жағдайларын өзгертуді шешті. Бірақ, мұндай шешім кедейшілікпен күресуде ойдағыдай нәтиже берген жоқ, сонымен қатар төленбеген несиелер бойынша мемлекетке үлкен шығындар пайда болды. Ол тек XX ғасырдың 80 жылдарының ортасында ғана шағын несиелендіруді қолдау бойынша әлемде жылдам қозғалыстар жүргізіле бастады. Мұның себебі, жағдайы төмен тұрғындардың материалдық жағдайын жақсарту үшін несиелерді ұсынудың жаңа технологиясының тиімділігінде болды.


Шағын несие келесідей мемлекеттерде ұсыныла бастады: Орталық Азияда, Африкада, Оңтүстік және Латын Америкасында, өйткені мұнда әлемдегі кедейшілік деңгейі ең жоғары болды. Осы кездерде Азияда профессор, экономист Мухаммед Юнус табыстары төмен адамдар үшін несиелендірудің ойдағыдай жетілдірілген схемасын ұсынды. Профессор Юнус несие беру бойынша қарызгер ретінде кедейлер арасынан 42 адамды алып, бірінші жобасын жүргізді. Өздерінің ойдағыдай несиелік тарихын олар не бары 27 доллардан бастаған. Кейіннен олар, жағдайы төмен тұрғындар үшін, көп құжаттық рәсімдеуді талап етпейтін және кепіл затын тапсырмайтындай етіп ойластырылған, шағын қаржыландыру схемасын дайындап шығарды. Бүгінгі күні оның жобасы өсіп, ірі шағын қаржыландыру банктерінің біріне айналды, яғни ол Grameen Bank болып табылады және де ол әлемнің елуден асқан

мемлекеттеріне үлгі болып қалды. Көрсетілген банк, жағдайы төмен тұрғындарға кепілсіз, аз көлемде несиені ұсынады. Несиенің қайтарымдылығы 97 пайызды құрайды. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, көлемі үлкен емес қысқа мерзімді несиені ұсыну, өмір деңгейінің жоғарлауына себепші болады, тұрғындарды кәсіпкерлікті дамытуға ынталандырады, жаңа жұмыс орындарын ашуды жылдамдатады және жұмыссыздық деңгейін қысқартады.

Дамыған мемлекеттерде шағын несиені тұрғындардың кең қабатының еңбек қызметін ынталандыруға бағытталған қаржылық көмек ретінде кең бағыт алды. Ол еңбек табыстарының үнемі қайнар көздерін құру үшін жеңілдетілген несиелер ұсыну жолымен жүзеге асырылды.

Әлемдік тәжірибеде шағын қаржылық ұйымдар дамыған мемлекеттерде маңызды жетістіктерге жетті, яғни бұл дамыған мемлекеттердің экономикасының ерекшелігімен түсіндіріледі.

Соңғы он жылдықта МКҰ және донорлар үшін шағын қаржыландыру облысында оқу курстары, басшылық, инструменттер, ресурстардың үлкен коллекциясы кең таратылымға ие болды. Кеңейтілген тәжірибеден келесідей қорытынды жасауға болады: яғни. Шағын қаржыландырудың экономиканы дамытуға және кедейшілікті төмендетуге бағытталуы, барлық әлемде бірдей болып табылады, бірақ, шағын қаржыландыру облысында шешімдер қабылдауда әр мемлекеттің өз ерекшелігін есепке алған жөн. Шағын несиелендіру жүйесі дамыған мемлекеттер 5 суретте көрсетілген.



5 сурет. Шағын несиелендіру жүйесі дамыған мемлекеттер

Қазіргі кезге дейін шағын қаржыландырудың тиімділігі әлеуметтік ықпал ретінде түсіндіріліп келді: кедейшілік деңгейін төмендету, жағдайы төмен, яғни аз қамтылған жанұялардың өмірлік жағдайын жақсарту, жақсы білім алуды

камтамасыз ету мүмкіндігінің өсуі және денсаулық сақтау, қарастырылмаған қиындықтардан қорғану.

Тәуелсіз зерттеулер нәтижелеріне сәйкес, 90 жылдардың ортасында Grameen Bank клиенттері ішінен кедейшіліктен шамамен 120 мың жанұя құтылып шықты. Яғни бұл, жобаның басталуынан бес немесе алтыншы жылдары болды. Осыған байланысты, шағын несиелендірудің көмегімен кедейшілік деңгейін барынша төмендетуге қол жеткізді.

Шағын несиелендіруді қолдау бірнеше жылдар бойы кейбір мемлекеттердің барлық қаржылық жағдайын өзгертті. Яғни жүз мыңдаған клиенттер банк қызметтерін қолданды.

Шығыс Еуропада шағын қаржылық ұйымдары ойдағыдай дамыған Польшадағы Фундуш Микро қоры, сондай ақ Азиядағы Grameen Bank ойдағыдай нәтижеге жетті. Фундуш Микро қоры Польшадағы шағын кәсіпкерлікті дамытуға ықпал ету үшін 1994 жылы польско - американдық кәсіпкерлік қоры ретінде (РАЕФ) құрылды. Бұл қор несиелендірудің келесідей принциптерін қолданады:

- Несие 3 ай мерзімге беріледі;
- Несиенің орташа көлемі 1500 АҚШ долларын құрайды;
- Тиімді процент ставкасы 35 пайыз;
- Қарызгерлердің 55 пайызын әйелдер құрайды.

Польшада Фундуш Микродан басқа ауылшаруашылығы бизнесін қолдауға мамандандырылған тағы да екі шағын қаржылық қоры қызмет етеді:

1. Польшадағы ауыл шаруашылығын дамыту қоры (FDPA) – бұл 1998 жылы ауылшаруашылық қызметін қолдау және дамыту үшін құрылған жеке коммерциялық емес ұйым. FDPA ауылшаруашылық кәсіпорындарын капиталмен қамтамасыз ете отырып, қолдау көрсетеді және ауыл шаруашылығында жұмысбастылықты өсіруге көмектесті. Қормен арнайы шағын қаржылық бағдарлама дайындалды, яғни Women s Rural Economic Development Program (WRED), оның қарыз портфелі 350 мың АҚШ долларын құрайды. Мақсатты топ WRED – бұл бастаушы кәсіпкер- әйелдер және ауылшаруашылығын шағын несиелендіру. WRED қарыз алу бағдарламасы қатаң іріктеуді және интенсивтік білім алуды ұсынады. Тек 1998 жылы 600 қарыз берілді.

2. Ауылшаруашылық қоры (AF) - 1991 жылы құрылған, оның капиталы 14 млн. АҚШ долларын құрайды. Қормен 1996 және 1998 жылдары бастауыш кәсіпкерлерге 54 қарыз берілді. AF екі қорды басқарады, оның ішінде 3500 АҚШ долларына дейін несие беретін микроссуд Қоры. Несиені беру шарттары болып, бизнес туралы 40-100 сағаттық білім алу табылады.

Польшада тағы бір шағын несиелендіру қоры болып, польско-американдық Қор (РАЕФ) табылады – бұл микрокредитті бағдарлама бойынша ұсынумен айналысатын коммерциялық емес ұйым болып табылады, онымен 3500 қарыз 90 млн. АҚШ доллары көлемінде берілді. Қордың несиелендіру бағдарламасы шағын және шағын кәсіпкерлерге несиелік қызметтер көрсетуге бағытталған.

Венгрияда кәсіпорындарды қолдау қоры (НҒЕР) 1990 жылы шағын және орта кәсіпкерлерге қызмет көрсету үшін құрылған. Шағын несиелендіру бағдарламасының несиелік портфелі 9 млн. АҚШ долларын құрайды.

НҒЕР Венгрияның барлық территориясына қызмет ететін 20 агенттіктен тұратын желі құрды. Қор клиенттерінің мақсатты тобы – шағын және шағын кәсіпорындарға қызмет көрсетеді. Олар келесідей сипатқа ие:

- Штаты 10 адамнан аспайды;
- Құралғаны 2 жылдан аспайтын кәсіпорын;
- Сатудың жалпы көлемі 60000 АҚШ долларынан аспайтын.

Тек алдыңғы 4 жылда ғана НҒЕР қоры шамамен 3млн.АҚШ долларымен 1000 қарыз берді.

Шағын несиелендірудің принципіалдық ерекшеліктері болып:

- Көлемі үлкен емес қысқа мерзімді қарыздар ұсыну;
- Арыздарды қараудың қысқартылған процедурасы;
- Қайтару кепілінің түрлерін пайдалану.

Жобаны ойдағыдай өткізу, шағын кәсіпкелікті несиелік-қаржылық камтамасыз етудің және мемлекеттік емес экономикалық секторды дамытудың жаңа механизмін құруға себепші болады.

Орта Азия республикаларында – Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстанда жас шағын қаржылық сектор қалыптасуда.

Орталық Азияда шағын қаржыландыру шетел донорларымен қаржыландырылатын, бірнеше ірі тұрақты қызмет ететін ұйымдармен және жүздеген шағын жергілікті ұйымдармен сипатталады.

Қазақстаннан басқа барлық мемлекеттерде қаржыландырудың ішкі және халықаралық қайнар көздеріне мүмкіндіктері шектелген.

Қазақстанның банк жүйесі бұрынғы Кеңес Одағы республикаларының ішіндегі жақсы дамыған республика болғанымен, тұрғындардың көбіне қаржылық қызмет көрсетулер әліде болса қол жеткізерліксіз. Мемлекетімізде шағын қаржыландыру бағдарламасы 90-жылдардың ортасында басталды.

Қазақстанда шағын несиелендіру қызметтерін коммерциялық банктер, банктік емес қаржылық мекемелер (БЕКМ), яғни шағын қаржылық ұйымдар, несиелік серіктестіктер (НС) және шағын несиелендіру ұйымдары. Қазақстанда 1998 жылы басталған шағын және шағын бизнесті несиелендіру бойынша ЕБРР бағдарламасы, коммерциялық банктерге 2006 жылдың қыркүйегіне портфельдің жинақталған көлемі 619 млн. долларды құраған кезде 54 мыңнан аса клиенттерге қарыз ұсынды және де ұсынылған қарыз көлемі 10000 АҚШ долларын құрайды. Қазіргі кезде бағдарламаны 267 филиалдар арқылы, мемлекеттің барлық территориясында жеті коммерциялық банктер жүзеге асыруда. Сонымен қатар өзінің қатысушыларының қажеттілігін қанағаттандыру үшін құрылған несиелік серіктестіктер де портфельдің жинақталған көлемі 220 млн. долларды құрайтын ірі қарыздар ұсынуда.

Көптеген қызмет ететін шағын несиелендіру ұйымдарының қарыз портфельдері өте аз, сондай-ақ олардың клиенттері де аз, ал қызметкерлер саны бестен аспайды. Көбіне қызмет ететін ШНҰ Қазақстанның оңтүстігіне және Алматы қаласына орналасқан.(16, 32 б).

Мемлекетімізде шағын қаржыландыруды дамытудың маңыздылығын ескере отырып, Қазақстан үкіметі кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік Қоры арқылы мағызды қаражаттар бөлуде. Несие алу үшін шағын несиелендіру ұйымдары мүлікпен қамтамасыз етілгендігі және де банктік немесе өзара кепілін ұсынуы керек. (27).

Несиелік серіктестік қызметтері және ШНҰ 2003 жылы қабылданған жеке заңдармен реттеледі. «Шағын несиелендіру ұйымдары туралы» Заңымен шағын несиелендіру ұйымдары қызметінің механизмі және ұйымдастырылған – құқықтық формалары белгіленеді. «Несиелік серіктестік туралы» Заңы өзара несиелендіруді реттеудің ерекше тәртібін белгілейді. Несиелік серіктестіктер тек өзінің мүшелеріне ғана банктік қызметтер көрсеткен, ШНҰ барлық тұрғындарға көрсетеді. Несиелік серіктестіктер мен шағын несиелендіру ұйымдары қызметін лицензиялануға жатпайды және қаржылық қадағалау органдарымен реттелмейді.

90-жылдары Қырғызстанда шағын қаржылық сектор жақсы нәтижеге жетті. 2006 жылдың қыркүйегінде белсенді қарызгерлер саны 118000 асты, яғни ол мемлекеттегі тұрғындар санының 2,3 % құрайды. Жиынтық портфель 108 млн. АҚШ долларына жетті немесе шамамен несиелік портфельдің жартысы мемлекетте болды. Қарызды 300 астам несиелік мекемелер, 150 МКҰ және шағын және шағын бизнесті несиелендіретін банктер ұсына бастады. Орта есеппен 59 % қарыз ауылшаруашылығы секторына, ал 25 % сауда және қызмет көрсету секторына ұсынылды.

Орталықазияттық аймақта ірі банктік емес шағын қаржыландыру ұйымы болып, Қырғызстанның ауылшаруашылық қаржылық корпорациясы (КСФК) табылады. Ол Бүкіләлемдік банкпен қаржыландырылады. 2006 жылдың басында КСФК 35000 астам клиенттерге қызмет көрсетті. Оның ішінде 89% ауылшаруашылық өндірісімен айналысты. «Финка шағын несиелендіру компаниясы» ЖАҚ 25000 клиенттерге қызмет көрсетті, қарыздың орташа көлемі 486 АҚШ долларын құрайды.

Қырғызстан Ресубликасында 2002 жылы қабылданған «Шағын несиелендіру ұйымдары туралы» Заң шағын қаржылық ұйымы үш деңгейде құрылуын қарастырады:

- Коммерциялық емес шағын несиелендіру агенттіктері (ШНА);
- Коммерциялық шағын несиелендіру компаниялары (ШНК);
- Коммерциялық несиелі-депозиттік шағын қаржылық компаниялар (ШҚК).

Жоғарыда аталған ШНҰ үш типіде Қырғызстан Ресубликасының Ұлттық Банкімен реттеледі.

Тәжікстанда шағын несиелендіру ұйымдары 90-жылдың аяғында пайда бола бастады. Бүгінгі күні Тәжікстанның ШНҰ 36000 кедей клиенттердге қызмет көрсетеді, қарыздың орташа сомасы 292 АҚШ долларын құрайды.

2003 жылғы шағын және шағын бизнесті несиелендіру бойынша ЕББР бағдарламасына байланысты 2006 жылдың қыркүйегіне қосымша тағы 5700 қарызгерлер несиенен қамтамсыз етілді, ал жиынтық портфель сомасы 14,7 млн. АҚШ долларын құрады.

Қырғызстанның заңына сәйкес, Тәжікстан Республикасының 2004 жылы қабылданған «Шағын несиелендіру ұйымдары туралы» Заңына сәйкес, ШНҰ үш деңгейде құрылуын қарастырады:

- Коммерциялық емес шағын қарыздық қорлар (ШҚК);
- Коммерциялық шағын қарыздық ұйымдар (ШҚҰ);
- Коммерциялық депозитті шағын несиелендіру ұйымдары (КДШНҰ).

Заң бойынша барлық коммерциялық ШҚҰ Тәжікстанның Ұлттық Банкінің лицензиясын алуы керек.

Өзбекістан – Орталық Азияның ең ірі нарықтарының бірі болып табылады. Бірақ, ол бұрынғысынша шағын несиелендіру қызметін көрсетулерге қол жеткізбеген.

2002 жылы Өзбекістанда шағын және шағын бизнесті несиелендіру бойынша ЕБРР бағдарламасы басталды, 2006 қыркүйегіне 7000 клиенттерге қызмет көрсетілді, ал қарыз сомасы 2400 АҚШ долларын құрады.

Сонымен қатар, мемлекет арнайы мамандандырылған қорлар арқылы несиелендірудің және шағын несиелендірудің, сондай-ақ бірнеше коммерциялық банктердің мақсаттық бағдарламаларын жүргізді.

Өзбекістанда шағын қаржылық ұйымдарға қатысты заңдарда түсініспеушіліктердің болуы көптеген шектеулерге алып келді. Бұл шектеулер негізінде:

- Проценттік ставка;
- Қарыз көлемі;
- Қарыз мақсаттары;
- Қарыз беру тәсілдері;
- Қарызгердің заңдық және әлеуметтік статусы және тағы басқалары.

Орталық Азияда аз қамтылған тұрғындарға қаржылық қызмет көрсетуде бірқатар кедергілер бар: бұл жағдай қиындығы, бөлектік, кейбір жағдайларда қаржылық қызметкөрсетулерді ұсыну үшін заңның анық болмауы және инфрақұрылымның әлсіз болуы. Соған қарамастан соңғы жылдары Орталық Азия ұйымдары жылдам өсті.

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды қорыта келсек, шағын несиелендіру ұйымдары әлемнің әр мемлекетінде өзінің даму деңгейі бойынша, бір бірінен ерекшеленеді, бірақ олардың барлығының да мақсаты бір, яғни шағын бизнесті қолдау және мемлекеттің әлеуметтік мәселелерін шешу болып табылады. Осыған байланысты Қазақстанда шағын несиелендірудің әлеуметтік-экономикалық ролін анықтау және шағын несиелендіру ұйымдарының жағдайын талдау қажеттілігі туындайды.

Бақылау сұрақтары

1. Шағын несиелендіруді жүзеге асыратын негізгі аймақтар.
2. Экономикасы өтпелі мемлекеттерді дамыған мемлекеттер бағдарламасымен салыстырғанда, шағын несиелендіру бағдарламаларының ерекшеліктері.
3. Шығыс Еуропа мемлекеттерінде шағын несиелендіруді дамыту.

4. Орталық Азия мемлекеттерінде шағын несиелендіруді дамыту ерекшеліктері.
5. Бангладештегі Grameen Bank тәжірибесі.
6. Украина мен Белоруссияда қандай жобалар әзірленуде?

4 тақырып. Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына шағын қаржыландырудың әсері

Шағын қаржыландыру өзінің тиімділігін әлемнің барлық мемлекеттерінде дәлелдеп келген экономикалық дамудың құралы болып табылады. Ережеге сәйкес, шағын қаржыландыру келесідей міндеттерді шешуге бағытталған:

- жаңадан бастаған кәсіпкерлерді қаржыландыру;
- кәсіпкерліктің ішкі қаржыландыру көздеріне қол жеткізуді кеңейту, яғни шағын бизнеспен айналысатын кәсіпкерлер және дәстүрлі банктік несиелендіруді қолдануға мүмкіндігі жоқ бизнесмендер үшін;
- өз бизнесін ашуға дайын, әлеуметтік жағынан қорғалмаған тұрғындардың қабатын қаржыландыру. Яғни біріншіден табыс көздері төмен тұрғындарды және жұмыссыз кәсіпкер әйелдерді қаржыландыру.

Шағын несиелендіру, бұл шағын қаржыландырудың бір бөлігі ретінде өткен жүз жылдықтың 70-жылдары экономикасы дамып келе жатқан және экономикасы өтпелі мемлекеттерде қарқынды дамыды. Шағын несие кедейшілікпен күресудің тиімді құралы ретінде, әлемнің көптеген елдерінде және кәсіпкерлікті дамытудың маңызды факторы болып табылды және БҰҰ Бас Ассамблеяі шағын несиелендіруді 2005 жылы Халықаралық жыл деп жариялады.

Дәстүрлі шағын қаржыландыру кәсіпкерлікке ынталандыру мақсатымен, жағдайы төмен тұрғындарды қолдауға бағытталған.

Шағын несиелендіру кем дегенде екі міндетті шешеді. Біріншіден, «пайдақұмарларды» нарықтан ығыстыра отырып, көлеңкеленген секторды легализациялауға көмектеседі. Екіншіден, әлеуметтік мәселелерді шешуге себепші болады.

Шағын қаржыландыру ұйымдары қарыздарды ұсынудың қысқартылған тәртібін және дәстүрлі емес қамтамасыз ету формасын, мысалы топтастырылған кепілдерді қолданады. Қаржылаудың бұл механизмі әр түрлі себептермен (кепілдің болмауы, несие тарихы, құжаттар пакеті) дәстүрлі қаржылық ресурстарға қол жеткізуі шектелген кәсіпкерлерге бағытталған. Соған байланысты көптеген шағын және микробизнес өкілдері шағын қаржылық ұйымдар қызметтеріне сүйенеді.

Шағын қаржылық ұйымдардың көпшілігінің әлеуметтік міндеті кедейшілікті қысқартуға, қаржылық қызмет көрсетулерге қол жеткізе алмаған адамдарды және кәсіпкер әйелдерді қолдауға ұмтылған. Әлеуметтік ықпал ету-бұл тәжірибеде, институттардың және шағын қаржыландыру ұйымдарының әлеуметтік міндетін іске асыру тиімділігі болып табылады. Әлеуметтік

ықпалды басқару (ӘЫБ) ұйымдардың әлеуметтік мақсаттарға жетуін, берілген ақпаратты шешім қабылдау үшін пайдалануға қол жеткізуге көмектеседі. Осыдан, әлеуметтік ықпал етуді басқарудың, Қазақстанда ШНҰ стратегиялық дамытуда маңызды роль атқарады деген қорытындыға келуге болады.

Әлеуметтік ықпал етуді басқару тұрғындар және бизнесмендер үшін өте тиімді. ӘЫБ бизнесті жүргізудің жақсы тәжірибесі ретінде қарауға болады.

Өтпелі кезеңнің басында көптеген кәсіпорындардың жабылуы, еріксіз еңбек демалысы, жұмыссыздық және құнсыздану деңгейінің жоғарлауы жаппай кедейшіліктің туындауына алып келді. 1998 жылы шамамен тұрғындардың 40 пайызының алатын табысы өмір сүру деңгейінен төмен болды (шамамен 5923 адам).

Соңғы жылдары тенденция өзгерді: 1999 жыл мен 2002 жылдары аралығында ЖІӨ көлемінің жиынтық өсуі 40% асты. 2004 және 2005 жылдары экономика жылдам темппен дами бастады және ЖІӨ өсуі 9,5% және 9,2% құрады. 2006 жылы тұрғындардың 18,2 пайызы бұрынғы 1998 жылға қарағанда өмір сүру деңгейінің жақсарғаны байқалады. Кедей тұрғындардың табыстарының жеткіліксіздігін сипаттайтын индикаторлар, яғни түбегейлі және ұшқыр кедейшілік және теңсіздік деңгейі және де тағы басқалары соңғы жылдарда жағдайдың жақсаруын куәландырады (3 кесте).

3 кесте. Пайданы теңсіз бөлудің негізгі көрсеткіштері

Жылдар	Табысы төмен тұрғындардың үлесі		Кедейшілік тереңдігі, %	Кедейшілік ұшқырлығы, %
	Ең төменгі өмір сүру деңгейінің мөлшері, %	Азық корзинасының құны, %		
2005	9,8	1,6	1,7	0,5
2006	18,2	2,7	3,9	1,3
2007	12,7	1,4	2,4	0,8
2008	12,1	1,2	2,3	0,7

Қайнар көз – Статистика бойынша Қазақстан Республикасының Агенттігі

Қазақстан тұрғындарының маңызды бөлігінің жағдайлары бірқатар жақсаруына қарамастан, ең төменгі өмір сүру деңгейі әлі де болса төмен. Бұл өздерін қамтамасыз ете алмайтын, еңбекке қабілетті жастағы адамдар, жұмыссыздар немесе төмен еңбек ақы алатын адамдар.

Сонымен қатар, ең төменгі өмір сүру деңгейін қайта есептеу, яғни өзгерту нәтижесі, кедей болып саналатын және осы категорияға кіретін көптеген тұрғындардың жағдайын жақсартуға, өмірін өзгертуге мүмкіндік берер еді.

Төмен және тұрақсыз кіріс алатын тұрғындардың мұндай тобы, сенімсіз жұмыс бастылық, жұмысты жоғалтып алу тәуеклдігі және экономикалық дағдарыс кезінде табыс алу, сонымен қатар тұрғын үйге, әлеуметтік қызмет көрсетулерге қол жеткізу мүмкіндігінің болмауымен түсіндіріледі.

Аймақтық өзгерістер, яғни ауыл тұрғындары, шағын қалалар және мемлекетіміздің батысы мен оңтүстігіндегі аудандар тұрғындары өмір

деңгейінен біршама қалып қоюда. Яғни мұны төмендегі 4 кестеден көруге болады.

4 кесте. Кейбір аймақтар бойынша, ең төменгі өмір сүру деңгейінің мөлшерінен төмен табыс алатын тұрғындар үлесі, %

	2006 жыл			2007 жыл		
	ең төменгі өмір сүру деңгейінен төмен табыс алатын тұрғындар үлесі	соның ішінде		ең төменгі өмір сүру деңгейінен төмен табыс алатын тұрғындар үлесі	соның ішінде	
		қала тұрғындары	ауыл тұрғындары		қала тұрғындары	ауыл тұрғындары
ҚР	18,2	13,6	24,4	12,7	6,9	18,1
Астана қаласы	5,5	5,5	-	3,2	3,2	-
Алматы қаласы	12,1	12,1	-	8,5	8,5	-
Маңғыстау обл.	26,5	17,2	63,2	26,9	7,0	56,3
Атырау обл.	23,8	11,6	42,8	13,0	6,3	17,6
Қызылорда обл.	37,5	37,2	38,2	24,6	17,4	31,6
Павлодар обл.	12,0	6,5	21,1	8,3	3,7	16,3
...						

Қайнар көз – Статистика бойынша Қазақстан Республикасының Агенттігі

Жоғарыдағы кестеден көріп отырғанымыздай, Қазақстанның ауыл тұрғындары мен облыстары арасында кедейшіліктің маңызды өзгерістері байқалады:

- 2007 жылы кедейлік деңгейінің төмендігі Астана және Алматы қалаларында байқалды, яғни ең төменгі өмір сүру деңгейінен төмен табыс алатын тұрғындар 3,2% және 8,5% құрады, сондай - ақ 8,3% көрсеткішпен Павлодар облысын да көрсетуге болады;

- Кедейшіліктің ең жоғарғы деңгейі Маңғыстау және Қызылорда облыстарында тіркелген, яғни олардың көрсеткіштері 26,9% және 24,6 пайызды құраған. Кедейшілік деңгейінің төмендеуі Атырау облысында байқалады, яғни бұл көрсеткіш 2006 жылы 23,8% көрсетсе, 2007 жылы 13,0 пайызға дейін төмендегенін көріп отырмыз.

- Маңғыстау және Атырау облыстарында кедейшіліктің ең жоғарғы деңгейі болғанымен, онда республика бойынша орташа еңбек ақысының ең жоғарғы деңгейі тіркелген.

- Республиканың барлық облыстарында кедейшілік көрсеткіші қала тұрғындарына қарағанда ауыл тұрғындарында жоғары болғаны байқалады. Айырмашылық көбнесе сегіз есеге дейін Маңғыстау облысында тіркелген, яғни қала тұрғындарының кедейшілік деңгейі 7% көрсетсе, бұл көрсеткіш ауыл тұрғындары бойынша 56,3 пайызды құраған. Яғни бұл республика бойынша ең жоғары көрсеткіш болып саналады. Сонымен қатар төрт есеге дейін айырмашылық танытқан Павлодар облысын айта кетуге болады, яғни көрсеткіштер 3,7% және 16,3 % құраған.

- Қала және ауыл тұрғындары бойынша ең жоғарғы кедейшілік деңгейі

Қызылорда облысында тіркелген, яғни көрсеткіштер сәйкесінше 37,2% және 38,3% құраған.

Қалаларда ауыл тұрғындарына қарағанда кедейшілік деңгейінің төмен болуы көбіне қала тұрғындарының ресми және ресми емес жұмыс бастылығында, сонымен қатар қала тұрғындарының білім деңгейінің жоғары болуымен түсіндіріледі. Яғни бұл қала тұрғындарының жоғары еңбек ақы алуларына мүмкіндіктерінің болуымен сипатталады. Ал ауылдарда әсіресе жас мамандарға жұмысқа орналасу мүмкіндіктерінің шектеулі екені анық. Ауыл тұрғындарын кедейшіліктен мемлекеттік қолдаудың негізгі формасы болып әлеуметтік жәрдемақы беру табылады.

Мұнайлы (Атырау және Маңғыстау) аймақтар республика бойынша экономикалық потенциалын тиімді пайдаланудың жоғары көрсеткіштері тіркелсе де, республиканың өмір деңгейі төмен топтарына кірген. Яғни, соңғы жылдары аталған екі облыстарда мұнайгаз секторының дамуы, тұрғындардың өмір деңгейін көтеруге онша көп септігін тигізбегені байқалады. Мұнайлы аймақтарда кедейшілік деңгейін төмендету бойынша мемлекеттік стратегияның маңызды міндеттері болып, мұнай және газ қазбаларынан түскен пайданы кедей адамдарды, ауыл тұрғындарын дамыту мақсатына тиімді пайдалану болып табылады. Атырау және Маңғыстау облыстарында кедейшіліктің болу себептерін талдай келе, мынаны айта кеткен жөн, яғни мұнда мұнай және газ қазбаларымен айналысатын жұмысшылар көбіне басқа облыстардың тұрғындары болып келуінде, яғни жергілікті тұрғындардың бұл секторда пайдаланылмауында.

Егер, Қазақстанда кедейшіліктің аймақтар бойынша таратылуын көрсетер болсақ, ол төмендегі 5 кестеде көрсетілген.

5 кесте. Қазақстанда кедейшіліктің аймақтар бойынша таратылуы, %

	Республикадағы тұрғындардың жалпы тұрғындар санына үлесі		Республикадағы кедейлердің жалпы кедейлер санына үлесі	
	2006 жылы	2007 жылы	2006 жылы	2007 жылы
ҚР	100	100	100	100
Астана қаласы	1,9	1,8	0,6	0,5
Алматы қаласы	7,1	7,1	4,7	4,8
Алматы облысы	10,4	10,1	12,1	14,4
Оңтүстік Қазақстан облысы	12,5	12,9	9,7	14,3
Қызылорда облысы	4,2	4,1	8,5	8,0
Ақтөбе облысы	4,3	4,3	4,1	3,5
Батыс Қазақстан облысы	4,1	4,0	3,0	3,3
...				

Қайнар көз – Статистика бойынша Қазақстан Республикасының Агенттігі

Жоғарыда көрсетілген кестеден аймақтық өзгерістерді көруге болады. 5-кестенің мәліметтеріне қарап біз, Оңтүстік Қазақстан және Алматы облыстарының тұрғындары 2007 жылы республиканың жалпы халықтар санының 12,9 және 10,1 пайызын құрады және де бұл облыстарда кедей

тұрғындардың жоғары деңгейі байқалады және ол мемлекеттегі жалпы кедейлерлер санының 14,3 және 14,4 пайызын құрайды. Ал жалпы республикалық көрсеткіш 12,7 пайызға тең. Кедейшіліктің ең төмен деңгейі Астана қаласында екені анықталды, яғни ол республика бойынша жалпы кедейлер санының 0,5 пайызын құрайды, сондай-ақ Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарын да айта кетуге болады, олардың кедейшілік көрсеткіштері 3,3 және 3,5 пайызды құрайды.

Сонымен қатар Қазақстанның шағын қалаларында дағдарыстың болуы байқалады. Шағын қалаларға, тұрғындарының саны 50 мың адамға дейін жеткен қалалар саналады. Мұндай қалалардың экономикасы және әлеуметтік инфрақұрылымы ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардан тәуелді. Бірақ, мұндай кәсіпорындардың көбісі нарықтық экономикаға өту кезінде тұрғындардың біршама бөлігін жұмыссыз қалдырып, жабылып қалған болатын.

Жоғарыда айтылғандай, мемлекетіміздегі кедейшілік туралы жағдайларды еспке ала отырып, көптеген адамдар экономикалық мәселелерді жеңу тәсілі ретінде шағын несие ала бастады. Кедейшілікті төмендету бойынша бағдарлама әзірленіп, табысы төмен тұрғындарға өздерінің ісін жүргізу үшін шағын несие беріле бастады. Шағын несиелендіру бағдарламасының нәтижесі барлық уақытта жанжалды болып қала берді, өйткені несие алуға шынында да мұқтаж адамдардың қолы жеткен жоқ. Сондай-ақ шағын несиелелер мақсатқа сай жұмсалмады. Бизнесті дамытудың орнына ақша қаражаттары күнделікті тұмыстық қажеттіліктерді сатып алуға жұмсалынды, осының нәтижесінде бағдарлама бойынша несиелердің қайтарымдылығы өте төмен деңгейде болды. Республикада мемлекеттік бағдарламалардан басқа да шағын несиелерді беру бойынша бағдарламалар жүзеге асырылды, олардың қайнар көздері болып көптеген жеке компаниялар, өкіметтік емес ұйымдар, сондай-ақ, аз қамтылған жағдайы төмен азаматтарды қолдайтын Мемлекеттік қор жүзеге асырылды. Статистика бойынша Қазақстан Республикасының Агенттігінің мәліметтері бойынша 2008 жылдың бірінші жарты жылдық қорытындысы бойынша ШНҰ ұсынылған шағын несиелердің саны 123490 қарызды құрады және оның жалпы сомасы 17067,7 млн.теңгені (тиісінше 2007 жылдың көрсеткіштері бойынша 336636 қарыз берілсе, жалпы сомасы 56,1 млрд.теңге) құрады. ШНҰ негізгі сегменті болып жеке тұлғалар табылады. Жалпы жеке тұлғаларға берілген шағын несиелендірудің саны 2008 жылдың бірінші жарты жылдығында 123209 қарыз көлемін құрады. Меншіктегі қаражаттар көлемі 2004 жылмен салыстырғанда 2008 жылы 26 пайыздан 42 пайызға дейін өсті, яғни бұл ШНҰ этаптық капитализациясын куәландырады.

Шағын несиелендіру, бұл ресми несиелік ұйымдарда берілетін ірі қарыз сомаларын алуға мүмкіндігі болмаған, жағдайы төмен тұлғаларды көлемі аз несиелермен қамтамасыз етуге арналған. Шағын несиелендіруге қатысу бұл адамдарға бизнеспен айналыса отырып, пайда тауып несиелерін өтеуге және де өзінің жеке мәселелерін шешуге көмектеседі. Мұндай жағдай кедейшіліктен шығуға сенімділіктің пайда болуымен түсіндіріледі.

Формальдық және формальдық емес сектордағы кәсіпорындар (қала және ауыл тұрғындары) кедей үй шаруашылығы және жұмыссыздық болып шағын қаржылық қызмет көрсетулердің потенциалды клиенттері табылады.

Жоғарыдағы айтылғандар негізінде, шағын несиелендіру қызмет көрсетулерге деген сұраныстарды бағалаудың екі үлгісін ажыратуға болады:

- өмір деңгейіне негізделген әдістеме;
- жеке сектор әдістемесі.

Көрсетілген әдістемелер шағын қаржылық қызмет көрсетулер бойынша потенциалдық сұраныстарды бағалауға бағытталған. Потенциалдық сұраныс нарықты дамытудың мүмкіндіктерін және жетістіктерін жорамалдауға мүмкіндік береді.

Жұмысбастылық мәселесі кедейшіліктің негізін салушы аспектілерінің бірі болып табылады және де ол, қоғамның әлеуметтік жағынан қиналуына әсерін тигізеді.

Жұмыссыз тұрғындарды қарастыру жолымен анық ақпарат алуға болады. Статистика бойынша Қазақстан Республикасының Агенттігінің мәліметтеріне сәйкес, 2007 жылдың үшінші тоқсанында жұмыссыз тұлғалардың саны 583,9 мың адамға жетті. Ал осы мәселені 2006 жылмен салыстыратын болсақ, ол 23,3 мың адамға немесе 3,8 пайызға төмендегенін көрсетеді. Жұмыссыздық деңгейі 7 пайызды (2006 жылдың үшінші тоқсанында ол, 7,5 пайыз болды) құрады. Тұрғындар арасындағы жұмыссыздық құрылымында 15-24 жас аралығындағы жас адамдар саны 20 пайызды, ал 25-29 жас арасындағы адамдар саны 20,4 пайызды, 30-39 жас аралығындағы адамдар саны 25,1 пайызды құраса, 40-44 жас арасындағы адамдар саны 9,2 пайызды құраған. Көрсетілген мәліметтерден біз, жұмыссыздар құрылымы 74,7 пайызды құрайтынын және ол 15 жастан 44 жасқа дейінгі жұмысқа қабілеті жоғары адамдардан құралғанын көріп отырмыз. Яғни, шағын несиелендіру ұйымдарының жұмыссыздардың осындай категориясына көмектесуі өте жақсы болатын еді. Жұмыссыздықты жастар арасында топтастыру нәтижесі бізге, кәсіпкерлік қызметімен айналысу үшін қолайлы жастағы адамдардың болуын көрсетті.

Жұмыссыз халықты жынысы бойынша және тұрғылықты жері бойынша бөлу 6 кестеде көрсетілген.

6 кесте. Жұмыссыз халықты 2007 жылдың үшінші тоқсанының мәліметтері бойынша жынысы және тұрғылықты жеріне сәйкес бөлу

Жұмыссыздық категориясы	Жұмыссыздар саны, мың адам	Жұмыссыздар үлесі, %
Жұмыссыздардың барлығы	583,9	100
Оның ішінде, ер адамдар	238,7	40,9
әйелдер	345,2	59,1
қала тұрғындары	340,4	58,3
ауыл тұрғындары	243,5	41,7
Қайнар көз – Статистика бойынша Қазақстан Республикасының Агенттігі		

Жоғарыдағы кестеден көріп отырғанымыздай, әйелдер жұмыссыздықтың 60 пайызын құрайтыны және жұмыссыздар көбіне қалалық жерлерде орналасқаны байқалады, ол 58,3 пайызды құраған. Білімі жоғары, аяқталмаған жартылай жоғары білімді және кәсіби-техникалық білімі бар жұмыссыздар шамамен 50 пайызды құрайтыны анықталды. (16, 436).

Шағын және орта кәсіпорындарды басқаратын басшылардың әлеуметтік сипаттамасы келесіні көрсетті, яғни кәсіпкерлердің көпшілігі жоғары білімді адамдардан құралғаны байқалды.

Жеке кәсіпкерлер мақсатқа сай шағын несиелендірудің басқа категориясы болып табылады. 2008 жылдың 1 қаңтарының мәліметтері бойынша Қазақстанда 603831 жеке кәсіпкер тіркелген. Жеке кәсіпкерлердің үлкен бөлігі саудамен, ауыл шаруашылығымен және әр түрлі қызмет көрсетулермен айналысады. Аймақтық көлем бойынша жеке кәсіпкерлердің көбісі Алматы қаласында тіркелген, яғни олардың саны 72489 кәсіпкерді немесе республикада тіркелген жалпы кәсіпкерлер санының 12 пайызын құрайды, ал Оңтүстік Қазақстан облысында 68245 кәсіпкер тәркелген немесе 11,3 пайызды құрайды, сондай ақ Шығыс Қазақстан облысында 55463 жеке кәсіпкер тіркелген және ол кәсіпкерлердің жалпы санының 9 пайызын құрайды.

Республиканың ауылдық жерлерінде бүгінгі күні мемлекет тұрғындарының 47 пайызы тұрады және 2007 жылы 18,1 пайыз тұрғындардың кірістері ең төменгі өмір сүру деігейінен төмен болды.

Агроөнеркәсіптік кешен сферасында 27 пайыз ауыл тұрғындары жұмысқа тартылған. Осылайша, шамамен республика тұрғындарының 20 пайызы әлеуметтік әлсіз тұрғындар қабатына кіреді.

Статистика бойынша Қазақстан Республикасының Агенттігінің мәліметтеріне сәйкес, республика бойынша экономикалық белсенді тұрғындар 2008 жылдың 1 қаңтарына 8 млн. адамды, оның ішінде ауыл тұрғындары 3,9 пайызды құраған. Экономикалық белсенді тұрғындар арасынан жұмыс басты ауыл тұрғындарының саны 3,6 млн. адамды, жұмыссыз ауыл тұрғындары 0,3 млн. адамды құраған. Сонымен қатар, ауыл тұрғындарының шамамен 1,9 млн. адам немесе 49 пайызы жеке өз шаруашылығымен айналысатыны анықталды.

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы тұрғындарын жұмыспен қамту үшін, ауыл шаруашылық кәсіпкерлерінің қаржылық құралдарға қол жеткізу мүмкіндігі бойынша сұрақтар туындайды. Қазақстанда 2008 жылы 193081 шаруа қожалығы тіркелген, оның ішінде 166518 немесе 86 пайызы қызмет етуде. Орта есеппен бір шаруа қожалығында 4-5 адам тұрақты жұмыс жасайды. Қаржыландыруға қол жеткізген уақытында тұрақты жұмысшыларды 7-8 адамға дейін көбейте алады, ал мерзімді (сезондық) фактор есебімен 15-20 адамға дейін көтеруге болады.

Республикада қызмет ететін шаруа қожалықтары көбіне келесідей екі облыста орналасқан: Оңтүстік Қазақстан, яғни онда барлық шаруа қожалықтың 36 пайызы, ал Алматы облысында республика бойынша шаруа қожалықтың 26,5 пайызы орналасқан.

Сонымен қатар, 2005 жылы Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылық Министрлігімен ауыл шаруашылығын микрокредиттеу бойынша

бағдарлама әзірленді және ол «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ (АШҚҚҚ) филиалы арқылы жүзеге асырылды. АШҚҚҚ АҚ арқылы шағын несиелендіру кезінде шамамен 47591 шағын несие беріліп, жалпы сомасы 7,9 млрд. теңгені құраған.

АШҚҚҚ АҚ ұсынылған шағын несие ауыл тұрғындарының жағдайын жақсартуға мүмкіндік берді. Яғни, статистика мәліметтеріне сүйенер болсақ, ең төменгі өмір сүру деңгейі көрсеткішінен төмен табыс алатын ауыл тұрғындарының саны 2004 жылымен салыстырғанда 6,7 пайызға төмендеді.

2009 жылы АШҚҚҚ АҚ республикалық бюджет қаражатынан 1 млрд. теңге бөлінді және ол жанадан құрылған ШНҰ қолдауға бағытталған.

Дәстүрінше, шағын несиелендіру кәсіпкерлікті ынталандыру және қолдауға бағытталған. Ауыл қарызгерлерінің шағын несие алуға қол жеткізуі үшін әр аймақта МКҰ құру керек.

«Жеке кәсіпкерлікті қолдау және қорғау туралы» Заң нормаларына сәйкес, шағын кәсіпкерлік субъектілері болып, 10 жұмысшысы бар жеке кәсіпкерлер және заңды тұлғалар табылады. Сауда және құрылыспен айналысатын шағын кәсіпкерлер жалпы шағын кәсіпкерлер санының жартысынан көбін құрайды. Шағын кәсіпкерлердің бастапқы капиталы шектеулі болады және ол жоғары деңгейлі дағдарыс сияқты нарықтық мәселелермен қақтығысады.

Қазақстан Республикасында кедейшілікті төмендету бойынша 2003 – 2004 жылдарға жасалған бағдарламасында мемлекетте шағын несиелендіру жүйесін құру мақсатында шағын несиелендіру қызметінің бағыттары мен негізгі міндеттері анықталған:

- а) шағын несиелендіру схемасымен қамтамсыз ету;
- б) Қазақстанда шағын несиелендіру ұйымдарының қызметі үшін қолайлы жағдай жасау;
- в) шағын несиелендіру ресурстарын ұсыну нарығында ұсыныстар мен сұраныстар балансына талдау жүргізу;
- г) шағын несиелендірудің негізгі мақсатты топтарын анықтау;
- д) жеке бизнесті ұйымдастыруда ауыл тұрғындарына қолдау көрсету бойынша шаралар қолдану;

Қазіргі кезе Қазақстанда көптеген шағын несиелендіру ұйымдары өз қызметтерін ойдағыдай жүзеге асыруда, бірақ олардың көрсететін қызметтері тек шағын несиелендірумен ғана шектеледі.

Кедейшілік мониторингінің оңтайлы жүйесінің болмауы және статистикалық индикаторлардың болмауы, кедейшілікті төмендету прогресін тиімді қадағалауға және кедейшілікпен күресудің жергілікті стратегиясын, ұлттық жетістіктерін тіркеуге мүмкіндік бермейді.

Бірақ, мемлекетімізде қалыптасқан бүгінгі жағдай, яғни шағын қаржылық қызметтерді ұсыну деңгейі сұраныстарды қанағаттандырмайды. Яғни бұл, шағын қаржылық сектордың белгілі бір мәселелерімен байланысты және ол мемлекетпен тығыз байланыс арқылы шешіледі. Жоғарыда айтылғандар негізінде, қазіргі кезде мемлекеттің әлеуметтік мәселелерін шешуде шағын және орта бизнесті қолдау және дамыту қажеттілігі туындады.

Бакылау сұрақтары

1. Шағын несиелендіру қандай міндеттерді шешеді?
2. Қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуде шағын несиелендірудің атқаратын ролі.
3. Шағын несиелендіруді ауылдық жерлерде дамыту.
4. Шағын қаржыландырудың халық өмірінің деңгейіне әсері.
5. ШНҰ дамыту ретінде әлеуметтік басқарудың әсері.

5 тақырып. Шағын бизнесті дамытуда шағын несиелендірудің атқаратын ролі

Шағын бизнесті бүкіләлемдік қолдау қажеттілігі туралы айтылғанда, Қазақстан Республикасының Президенті Н.А. Назарбаев бұл жағдайды қолдаудың маңызды элементтерінің бірі ретінде қаржыландыруды бөлді.

Шағын қаржыландыру, бұл жаңадан бастаған кәсіпкерлікті қолдау, дәстүрлі банк несиелеріне қол жеткізуге мүмкіндігі болмаған кәсіпкерлерді және бизнесті несиелендіру. Бұл тұрғындардың әлеуметтік жағынан қорғалмаған қабатын, яғни жеке бизнес ашуды көздеген, бірақ, кейбір себептерге байланысты банктерден несие алуға, сондай – ақ шағын сақтандыру және тағы басқаларын алуға мүмкіндіктері жоқ, жағдайы төмен, жұмыссыз азаматтарды қаржыландыру.

Шағын кәсіпкерлікті ары қарай дамыту мақсатында, мемлекет Басшысымен жарқын болашақта шағын бизнесті қолдау, оның ішінде кәсіпкерлік климатты, бәсекелестік ортаны құру және қосымша құн салығы жоғары өндірістер құруға жеке секторларды ынталандыратын, қоғамдық институттар жүйесін құрудың негізгі бағыттары анықталды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі шағын бизнесті мемлекеттік қолдау формаларын және әдістерін жетілдіру бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Бизнес тиімділігіне әсер ететін кедергілерді жою, болдырмау үшін атқарушы органдармен қабылданған шешімдерге тигізетін әсерді бағалау жолымен шағын кәсіпкерлік сферасын дамытуды қамтамасыз ету болжанады.

Мемлекет қазынасына маңызды кіріс әкелетін шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері, өзінің бизнесін және ойлаған ойын іс жүзінде жүзеге асыру үшін, оның қаржылық инструменттері болуы қажет.

Шағын және орта бизнесті дамыту үшін, мемлекет қолайлы жағдай жасауы керек.

Қазақстанның ішкі және сыртқы нарығында шағын және орта бизнес субъектілерінің ойдағыдай қызмет етуінің бірден бір механизмі болып, нақты пайда әкелетін, заңдық тіркелген, шағын несиелендіру ұйымдарын құру табылады.

Кәсіпкерлік – жеке меншікке негізделген, тауарларға деген сұранысты қанағаттандыру жолымен таза табыс алуға бағытталған, жеке және заңды тұлғалардың ынталы қызмет етуімен түсіндіріледі.

Шағын кәсіпкерлік – мемлекет экономикасының маңызды секторы. Шағын бизнес, жеке кәсіпкерліктің ары қарай дамуына ынталандыра отырып, бәсекелестік ортасын құрады және де нарықта қалыптасқан ұсыныстар мен сұрасытар бойынша өзгерістерге жылдам икемденеді, жаңа жұмыс орындарын құрады, сондай – ақ нарықты отандық тауарлар және қызмет көрсетулермен толтыруға себепші болады. Бұл тұрғандардың жұмысбастылығы мәселесін шешуге себепші болатын, қоғамның орта классын құруда қайнар көздердің бірі болып табылады.

Шағын кәсіпкерлікті қаржы-несиелік қолдаудың негізгі міндеттері болып, екінші деңгейлі банктер есебінен несиелендіру көлемін өсіру және шағын несиелендіру ұйымдарымен несиелік серіктестіктердің инвестицияларының альтернативті көздерін дамыту жолымен, шағын кәсіпкерлік сферасында инвестициялар көлемін ұлғайту, жеке инвестициялық ресурстарды максималды түрде жұмылдыру және инвестициялық саясаттың прогрессивті формасын енгізу табылады.

Кәсіпкерлер өз кезегінде, кәсіпорын көлеміне қарай жеке кәсіпкерлік субъектілерінің, шағын бизнестің, шағын, орта және ірі кәсіпкерліктің ролін атқарады. Сондай-ақ, шағын кәсіпкерлік, қоғамның орта классын құруға себепші болады. Осыған байланысты, мемлекет шағын кәсіпкерлік субъектілерін қолдауға маңызды көңіл аударады. (40,41).

Біздің мемлекетімізде, шағын кәсіпкерлік субъектілері болып, заңды тұлға болып құрылмаған жеке тұлғалар және жұмысшыларның орташа жылдық саны 50 адамнан аспайтын және бір жылдағы активтерінің құны 60000 есе айлық есептік көрсеткіштен (АЕК) аспайтын, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды тұлғалар табылады. Шағын кәсіпкерлік субъектілері жұмысшыларының орташа жылдық саны барлық жұмысшылар есебімен, оның ішінде контракт және келісімшарт бойынша, қосалқы жұмыс бойынша және тағы басқалай, сол кәсіпорында жұмысқа тартылған жұмысшылар есебімен анықталады.

Қажетті көлемде қаржыландыру - бұл кәсіпорын жұмысын ойдағыдай құрудың негізі болып табылады. Осыған байланысты, капиталға деген қажеттілікті нақты анықтау, әр бір кәсіпкердің негізгі міндеті болып табылады. Кәсіпкер өз капиталын оңтайлы жоспарлау арқылы, кәсіпорынның төлемқабілетсіздігінің алдын алуды қамтамасыз етеді.

Кез-келген қаржыландырудың негізі, оның ішінде жаңа бастаған кәсіпкерлікті қаржыландыру, меншікті қаражаттарының болуымен сипатталады. Меншікті қаражаттар, кәсіпорынның ақшалай қаражаттары түрінде және мүлік түрінде де болуы мүмкін.

Меншікті қаражаттар және салымдар көлемін анықтап болғаннан кейін, көбіне кәсіпорынның немесе жобаның толық қаржыландырылуы үшін, қарыз капиталы, яғни несие қажет болады. Қарыз қаражаттарының негізгі қайнар көздері болып:

- коммерциялық банктердің қарыздары мен несиелері;
- түрлі қорлар несиелері;
- шағын несиелендіру ұйымдарының несиелері;

- облигация және басқа да құнды қағаздарды сатудан түскен қаражаттар;
- жабдықтаушымен ұсынылған несие.

Бірақ, бизнесті жаңадан бастаған кәсіпкерлер, ойдағыдай бизнес құруы үшін, дәстүрлі банк несиелеріне қол жеткізе алмайды. Осы жерде маңызды роль мемлекетке жүктеледі.

Қаржылық дағдарыс кезінде, қолдау көрсету бойынша мемлекетпен дер кезінде қабылданған іс шаралар нәтижесі, республиканың шағын және орта бизнес (ШОБ) субъектілерінің қызметін қолдауға оң әсерін тигізді. Статистикалық мәліметтерді талдау нәтижесі, соңғы кездерде шағын және орта бизнеске жұмысқа тартылған адамдар саны және өнім шығару көлемі көрсеткіштерімен тұрақтылықты танытты. Осы жерде яғни, шағын және орта бизнесті дамытуды сипаттайтын, негізгі көрсеткіш болып, өнім шығару табылатыны байқалды.

Статистика бойынша Қазақстан Республикасының Агенттігінің мәліметтеріне сәйкес, 2009 жылдың 1 қыркүйегіне, 1 млн. бірлік шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері тіркелген. Республикада белсенді қызмет ететін ШОБ субъектілер саны көбейіп, шамамен 700 мыңды құрады, яғни бұл өткен жылға қарағанда 4,4 пайызға артқан.

Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігінің Салық комитетінің мәліметтері бойынша, белсенді жеке кәсіпкерлер саны көбіне Алматы (48409) және Шығыс Қазақстан облыстарында (482540) орналасқан және ол жалпы санынан – 10,5 пайызды құрайды, Алматы - 9,1 пайыз (41987), Қостанай - 8,2 (37770), Оңтүстік Қазақстан - 7,3 (33485) және Қарағанды облыстарында - 6,9 (31546).

Белсенді жұмыс істейтін шаруа қожалықтарының көбісі Оңтүстік Қазақстан облысында - 34,4 пайыз (58470), Алматы облысында - 28,5 пайыз (48370), Шығыс Қазақстан облысында - 9,5 пайыз (16208) және Жамбыл облысында - 9,0 пайызды (15323) құраған.

ШОБ тартылған жұмысшылар саны алдыңғы 2008 жылға қарағанда мынадай көрсеткіштерді көрсетеді, яғни Маңғыстау облысында (7,7%), Ақмола облысында (5,2%), Алматы облысында (7,2%) және Астанада (5,8%) пайызға өскені байқалады.

Шағын және орта бизнес – азаматтық қоғамның тұрақты негізі болып табылады және оның дамуынан барлық қазақстандықтардың жағдайы тәуелді. Шағын және орта бизнес, экономикалық белсенділікті қолдауда, ең үлкен әлеуметтік рольді атқарып қана қоймай, сонымен қатар бюджетке түсетін маңызды салық түсімдерімен қамтамасыз етеді.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, егер мемлекет өсіп, тұрақты дамығысы келсе, онда әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларға міндетті түрде шағын және орта бизнесті ынталандыру бойынша шараларды енгізуі керек. Бүгінгі күні дамыған елдерде, ШОБ үлесіне 40 пайыздан 90 пайызға дейін жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) көлемі келеді. Өйткені, мұндай мемлекеттердің үкіметі, берілген секторды қолдауға бірінші кезекте көңіл бөледі. Егер, шағын және орта кәсіпкерліктің ЖІӨ алатын үлесін көрсететін болсақ, ол төмендегі 7 кестеде көрсетілген.

7 кесте. Шағын және орта кәсіпкерліктің ЖІӨ құрамында алатын үлесі, %

	2005 жыл	2006 жыл	2007 жыл	2008 жыл
ШОБ-тің ЖІӨ құрамында алатын үлесі	40,5	35,8	34,6	31,2
Шағын бизнестің ЖІӨ құрамында үлесі	36,4	31,8	30,8	28,0
Орта бизнестің ЖІӨ құрамындағы үлесі	4,1	4,0	3,8	3,2

Қайнар көз – Статистика бойынша Қазақстан Республикасының Агенттігі

Жоғарыдағы кестеден көріп отырғанымыздай, Қазақстанның ШОБ-нің ЖІӨ салған салымы 2008 жылы 31,2 пайызды құраса, бұл көрсеткіш 2005 жылы 40,5 пайызды құрады. ЖІӨ 2008 жылы үлкен үлесі шағын бизнеске келеді, яғни ол 28 пайызды құраған және орта бизнеске кішігірім үлес келеді, яғни теріс динамика байқалады (2007 жылдан 3,8% және 2008 жылы 3,2% дейін).

Берілген сектордың шығарған өнімінің көлемі 2008 жылы өскен, яғни 2006 жылы 1929 млн.теңгеден 2008 жылы 2660 млн.теңгеге дейін. Жоғарыда айтылғандай, яғни үлесті салалар бойынша қарастыратын болсақ, ең үлкен үлесті сауда және делдалдық қызмет көрсетулер алады. 2008 жылдың қыркүйегінің мәліметтеріне сүйенсек, республика бойынша 666098 белсенді шағын кәсіпкерлер тіркелгені анықталды. Олардың көп шоғырланған жері, халық тығыздығының басым жерлерінде, яғни Алматы және Астана, сондай-ақ Атыру және Маңғыстау облыстары болып табылады. Қазіргі кезде ШОБ айналысатындар саны орта есеппен 1,9 млн. астам адамды құрайды.

Бірақ, Тәуелсіз кәсіпкерлер Ассоциациясының (ТКА) бағалауы бойынша, ШОБ соққы берген дағдарыс, экономикалық белсенді кәсіпорындардың санының қысқаруына әкеп соқтырды. Сонымен, соңғы кездері олардың саны, экономикалық сектор тәуелділігіне байланысты 25-50 пайызға, ал компанияның айналымдары болса 25-35 пайызға төмендеді. Яғни барлық негативті әсерді, ең бірінші шағын бизнес сезінетіні барлығымызға түсінікті. Ол экономикадағы барлық өзгерістерге төтеп бере алады және де нарықта ойдағыдай жағдайды бейнелей отырып, ары қарай өсуге дайын. Дағдарысқа дейінгі кездерде Қазақстанның Алматы және Астана сияқты ірі қалаларының құрылысына қаржылай салымдардың қарқынды өсуі, өзімен бірге сервистік салалардың өсуіне алып келді. Сонымен қатар, тұтынушылық сұранысы да өсті. Бұл процесстен сауда және қызмет көрсету сфералары өз дивиденттерін алды.

Осылайша, жалпы республикада шағын кәсіпкерлік субъектілерінің сандық өсуі байқалады. Егер, салалық құрылымды қарастыратын болсақ, онда өткен жылдармен салыстыратындай маңызды өзгерістер болмағаны байқалады. Кәсіпкерлердің негізгі бөлігі, сауда-делдалдық қызметтермен айналысады.

Шағын кәсіпкерлікті дамытуды белсендіру және мемлекеттік қолдауды күшейту мақсатында, 1997 жылдың наурыз айында «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ құрылды, оның негізгі мақсаты, Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлік субъектілерін экономикалық өсіру және ынталандыру, шағын бизнесті қолдауға бағытталған мемлекетің қаржысын, тиімді

пайдалануды жоғарлату болып табылады. Аталған Қордың 2007 жылы статусы өзгеріп, яғни «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-нан «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ болып өзгерді. Бүгінгі күні «Даму» Қоры – бұл дамудың ұлттық институты, яғни оның акциясының 100 пайызы «Самрұқ- Қазына» ұлттық аумақтылық Қорына» жатады. «Даму» Қорының міндеті – ШОБ сапалы дамытуға ықпал ету, сонымен қатар Қазақстанның шағын қаржылық ұйымдарымен қаржылардың сапалы ұсынылуына және консалтингтік қызметтердің сапалы көрсетілуіне ықпал ету болып табылады.

Қордың қызмет етуінің бірінші этапы 1997-2001жж. ЕДЖБ-мен Қазақстанда шағын бизнесті дамыту Бағдарламасы бойынша 77500 мың АҚШ доллары сомасына 10 жыл мерзімге келісім бекітілді. Берілген бағдарлама бойынша несиелендіру, өкілетті екі деңгейлі банктер арқылы жүзеге асырылды.

Бағдарламаның негізгі мақсаты болып, бұрын қаржыландырудың ресми көздеріне қол жеткізе алмаған кәсіпорындарды, несиелендіру болып табылады. 1998 жылдың мамыр айынан 2007 жылдың мамыр айына дейін барлық қатысушы банктермен 237 мың жоба несиелендірілді және оның жалпы сомасы 2216 млн. АҚШ долларын құрады, оның ішінде 25,63 пайыз шағын несиелер (180253 жобасы 568,09 млн. АҚШ доллары) және 74,37 пайыз шағын несиелер (56747 жобасы 1648,01 млн. АҚШ доллары).

Азияттық даму банкі (АДБ) бағдарламасының мақсаты, ауылшаруашылық секторларын дамытуға бағытталған. АДБ қарыз қаражаттарын игеруге екі деңгейлі 12 банк және «Астана - Финанс» АҚ қатысты. Бағдарламаны өткізу кезінде 2007 жылдың 1 қазанына қормен 95 жоба қаржыландырылды және оның жалпы сомасы 54675,4 мың АҚШ долларын құрады. Бағдарлама бойынша 4719 жұмыс орындары ашылды.

Қордың қызмет етуінің екінші этапы 2002-2004жж. Бұл этап, яғни 2001-2002 жылдары мемлекет экономикасының өсу темпінің жоғары болуымен сипатталады. Қазақстанның ЖІӨ орташа жылдық өсімі 11,6 пайызды құрады, ал 2003-2004 жылдары 9,3 пайызды көрсеткен. Яғни, бұл Қазақстан Үкіметінің шағын кәсіпкерлікті қолдауға үлкен септігін тигізді. Қор 2002 жылдан бастап өз қаражатымен 5 жыл мерзімге, жылына 12 пайызбен шағын кәсіпкерлікті несиелендіре бастады, ал 2004 жылы пайыз көлемі жылына 10 пайызға дейін төмендетілді.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін несиелендіру екі деңгейлі банктер арқылы жүзеге асырылды. Шағын кәсіпкерлікті несиелендіру (о.і. әйелдер кәсіпкерлігі) республикалық бюджет қаражаттары есебінен жүзеге асырылды, яғни оның негізгі мақсаты экономикалық өсуге ынталандыру, оның ішінде Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігін дамыту және шағын кәсіпкерлік сферасында жаңа жұмыс орындарының ашылуына ықпал ету болып табылады.

Бағдарламаны өткізу 2002 жылдың маусым айында басталды. 2007 жылдың 1 қазанына республикалық бюджет қаражаты есебінен Қормен 301 жоба қаржыландырылды және оның жалпы сомасы 793,8 млн. теңгені құрайды (о.і. 97 жоба әйелдер кәсіпкерлігі бойынша қаржыландырылды, оның жалпы сомасы 250,2 млн.теңге). Берілген бағдарлама бойынша шамамен 2000 жұмыс орындары құрылды.

Қордың қызмет етуінің үшінші этапы 2005-2007жж. Бұл этап, шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың күшейтілуімен сипатталады. 2005-2007 жылдары республикалық бюджеттен Қорға шағын кәсіпкерлікті қолдау үшін 29 млрд. теңге қаражат бөлінді.

Сонымен қатар, Қазақстанда шағын несиелендіру жүйесін дамыту бойынша бағдарлама әзірленуде.

Шағын қаржыландыру – бұл кедейшілік деңгейін төмендету және адамдардың өмір жағдайын жақсартудың негізгі құралдарының бірі болып табылады.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасында қаржылай қызмет көрсету нарығы ойдағыдай дамуда.

Шағын несиелендіру бағдарламасын әзірлеу, несиелік жүйенің үшінші деңгейін дамытуға себепші болады, яғни экономикалық белсенді халықтың қаржылай ресурстарға, жұмысбастылықтың жоғарлауына және кәсіпкерлік белсенділіктің жоғарлауына қол жеткізуі. Шағын несиелендіру бағдарламасын жүзеге асыру үшін қормен, түрлі мемлекеттердегі шағын несиелендіру тәжірибесі халықаралық зерттелді.

Қормен, шағын несиелендіру бойынша бағдарламаны өткізу, екі бағытта жүзеге асырылды:

- Қордың үлес ретінде қатысушысы етіп, шағын несиелендіру ұйымдарын құру;
- Қызмет ететін шағын несиелендіру ұйымдарын несиелендіру.

2007 жылдың 1 қаңтарына Қор қатысуымен бағдарламаны өткізу нәтижесінде 28 шағын несиелендіру ұйымдары құрылды.

Шағын несиелендіру ұйымдарының жарғылық капиталына салынған инвестициялық Қордың жиынтық көлемі 94,9 млн.теңгені құрайды.

Берілген бағдарламаны өткізуде Қор ШНҰ несиелік ресурстарын толтыру үшін, қаржыландыру жеңілдіктерін жүзеге асырды. 2007 жылдың 1 қаңтарына Қазақстанда, жоғарыда аталған Қормен шағын несиелендіру секторын дамыту бойынша 174 жоба қаржыландырылды және олардың жалпы сомасы 5500 млн.теңгені құрады.

Қордың қызмет етуінің төртінші этапы 2008-2012жж. шағын несиелендіруді болашақта дамытумен байланысты. Қаржылық нарықта банктік емес секторды дамыту мақсатында, сондай-ақ, мемлекет басшысының «Қазақстан азаматтарының жағдайының жақсаруы – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» деген Жолдауын орындау барысында Қормен 2008-2012 жылдарға Қазақстан Республикасында шағын несиелендіру ұйымдарын дамыту бойынша бағдарлама әзірленіп, өткізілуде және оның негізгі мақсаты, мемлекеттің несие жүйесінің үшінші деңгейі ретінде, шағын несиелендіру ұйымдарға қаржылық және қаржылық емес қолдау көрсету жолымен, шағын қаржылық сектордың сапалы дамуына ықпал ету.

2008 жылдың 1 тамызына шағын және орта бизнес кәсіпкерлерін несиелендіру бағдарламасы ауқымында, екі деңгейлі банктермен игерілген жиынтық қаражаттар көлемі 49 млрд.теңгені құрайды. Көрсетілген сомаға бүгінгі күнге 1964 жоба қаржыландырылды, сонымен қатар несие сомасы 24

млн.теңгені құрады. Осы несиелер бойынша орташа өлшенген ставка 17,7 пайызды құрады.

Аймақтар бойынша біршама сомалар Алматы қаласында - 10,5 млрд.теңге игерілді, қаржыландырылған жобалар саны 311 жобаны құрайды, Қарағанды облысында 6,9 млрд.теңге (301 жоба) және Шығыс Қазақстан облысында 4,5 млрд.теңге игерілген, ал жобалар саны 264 құраған. Келесідей облыстарлы ең төмен сома игерілген, яғни Алматы облысында 1180 млн.теңгені құрайды, Жамбыл облысында 1133 млн. теңге (93 жоба) және Атырау облысында 1203 млн.теңге (72 жоба) игерілген.

Несиелердің көп бөлігі, сауда сферасына беріле бастады, яғни ол игерілген қаражаттардың жалпы сомасының шамамен 60 пайызын құрайды. Бұл қаражаттардан ауыл шаруашылығы жобалары аз көлемде қаржыландырылды, олар жалпы игерілген соманың 2 пайызын құрады.

Берілген бағдарламаны өткізу үшін, мемлекеттік комиссияның шешімімен, екі деңгейлі банктермен 48,8 млрд. теңге бөлінді.

Екі деңгейлі банктер арасында және «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының арасында 2008 жылдың маусымында өзара ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды. Құжатқа қол қойғандар: «БТА банкі» АҚ, «Еуразия банкі» АҚ, «Банк «ЦентКредит» АҚ, «Астана-финанс» АҚ.

Бүгінгі күні Қор, Қазақстан Республикасының Үкіметі, шағын кәсіпкерлікті дамыту және қолдау саясатын өткізетін, мемлекеттік дамудың жалғыз институты болып табылады.

Қордың мақсатты сегменті болып, шағын бизнес кәсіпорындары, шаруа қожалықтар, жеке кәсіпкерлер және орта бизнес кәсіпорындары табылады.

Шағын және орта бизнесті қолдаудың саяси және жаңа концепциялық негізгі мақсаты – Қазақстанда шағын және орта бизнеске бәсекелесті жоғарлатуға және осы салада бәсекеге қабілеттілік пен өнімділіктің өсуіне ықпал ету.

Қазіргі кезде «Даму» Қорының негізгі мақсаты болып, несиені төлеу қабілеттігі бар, барлық ШОБ субъектілерін ұлттық қаржыландыру жағдайына қол жеткізуді қамтамасыз ету. Көрсетілген мақсатқа қол жеткізу үшін Қормен келесідей міндеттерді шешу жоспарлануда:

- кәсіпкерлікті қаржыландыру үшін, қаржылық ұйымдар және екі деңгейлі банктермен ұйымдастырылған техникалық мүмкіндіктерді жұмылдыру жолымен ШОБ субъектілеріне несиелік ресурстарды жедел түрде ұсыну және қол жеткізу деңгейін өсіру;
- ШОБ субъектілерінің арасынан потенциалды қарызгерлерді қамту көлемін кеңейту;
- Шағын және орта бизнес субъектілері үшін несие ресурстарының құнын төмендету;

Қор қойылған мақсатты екі деңгейлі банктерге, республикалық және жергілікті бюджет, халықаралық қаржылық ұйымдар және басқа да қайнар көздерге және ШОБ субъектілерін ары қарай несиелендіру үшін, несие қызметін жүзеге асыру құқығы бар ұйымдардың қаражаттарын орналастыру жолымен жүзеге асырады.

Жоғарыда айтылып кеткендей, яғни шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін несиелендіру процесінде екі деңгейлі банктер аз роль атқармайды.

Сонымен, шағын кәсіпкерлікті несиелендірудің аймақтық құрылымы төмендегі 8 кестеде ұсынылған.

8 кесте. Шағын кәсіпкерлікті несиелендірудің аймақтық құрылымы

Облыстар	2002 жыл	2003 жыл	2004 жыл	2005 жыл	2006 жыл
Астана қаласы	1,7	1,9	1,8	2,4	4,8
Алматы қаласы	66,4	67,5	69,9	64,5	66,2
Ақмола	2,6	2,6	1,9	2,4	2,4
Ақтөбе	7,4	4,3	0,2	4,2	0,4
Алматы	2,5	4,9	4,9	6,6	4,9
Атырау	0,9	0,8	0,7	0,7	1,1
Шығыс-Қазақстан	0,5	0,7	1,0	1,0	1,0
Жамбыл	1,1	1,7	1,9	1,9	2,3
Батыс-Қазақстан	1,1	0,5	0,3	0,3	0,4
Қарағанды	0,9	1,5	2,2	2,1	2,9
Қостанай	7,3	4,0	3,2	4,1	3,8
Қызылорда	1,9	1,5	2,2	2,1	2,9
Маңғыстау	1,0	1,2	1,8	1,1	1,3
Павлодар	1,5	1,1	0,8	0,8	1,3
Солтүтік-Қазақстан	0	3,6	6,5	5,7	5,4
Оңтүстік-Қазақстан	3,0	2,4	1,0	1,4	0,9
Барлығы	100	100	100	100	100
Қайнар көз – Статистика бойынша Қазақстан Республикасының Агенттігі					

Шағын кәсіпкерлікті екі деңгейлі банктермен несиелендірудің аймақтық құрылымында, бұрынғысынша маңызды үлес, яғни 66,2 пайызы Алматы қаласына келеді. Сонымен қатар, басқа аймақтарда шағын бизнесті белсенді несиелендіру болып, яғни Солтүтік-Қазақстан облысы табылады, оның көрсеткіші тиісінше 5,4 пайызды құрайды, сондай-ақ, Алматы облысы - 4,9%, Астана - 4,8%, және Қостанай - 3,8%. Бұл облыстарда, яғни Қостанайдан басқа, шағын кәсіпкерлікті несиелендірудің әрдайым жылдам өсуі байқалады.

Қысқамерзімді несиелердің аймақтық құрылымында да Алматы қаласы, басқаларға қарағанда біршама алда келеді, яғни оның үлес салмағы 53,1 пайызды құрайды. Ал қалған аймақтар болса келесідей: Оңтүстік – Қазақстан облысы – 8,7%, Астана - 7%, Шығыс – Қазақстан облысы - 6,3%. Орта және ұзақмерзімді несиелердің аймақтық құрылымында да Алматы бірінші орында, яғни оның үлес салмағы 77,7% , Шығыс – Қазақстан облысы - 3,7%, Павлодар облысы - 3,1%.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін несиелендіруді шешу, Ұлттық Банк жағынан коммерциялық банктер қызметіне ықпал ету жолымен жүзеге асырылады.

Бір жағынан, кез келген жобаға банктердің кеткен шығындары, ережеге сәйкес, бірдей, бірақ жобаның құндары әртүрлі. Осыған сәйкес, жобаның құны үлкен болған сайын, оны қаржыландыруға кеткен шығындар үлесі төмен болады және керісінше, жобаның құны төмен болса, оны қаржыландыру шығындарының үлесі жоғары болады. Яғни, бұл несиелендіру ставкаларында көрінеді.

Жеке мәселелерін шешу және айналым қаражаттарын толтыру үшін шағын кәсіпкерлермен несиелік ресурстарды алу мәселесі, соңғы жылдары республикада шағын бизнесті дамытуды бәсеңдетудің негізгі факторлары болып табылады. Жалпы шағын және орта бизнес мәселелері екі негізгі топқа бөлінеді. Оның бірінші тобы, банктен несие алудың жалпы шарттарымен байланысты, ал екінші тобы, несиені рәсімдеу және алу процесінде кәсіпкерлермен қалыптасатын жеке мәселелеріне байланысты.

Несиені ұсыну шарттарымен байланысты мәселелер, макропроблема деп аталатын топқа жатады. Олардың саны, жалпы экономикалық жағдайларға және жүргізілетін ақша-несие саясатына байланысты. Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне екі деңгейлі банктермен несие ұсыну шарттарына, дағдарыс деңгейі, өндіріс көлемінің өсуі, қайта қаржыландыру ставкасы сияқты микроэкономикалық көрсеткіштер әсер етеді.

Мемлекеттің үнемі қолдауының нәтижесінде, бүгінгі күні Қор мемлекеттің шағын кәсіпкерлігін дамытудың, потенциалды мемлекеттік институттарына айналды. Бұл Қор Қазақстанда шағын несиелендіруді дамытудың ауқымды Бағдарламасын әзірледі, оның нәтижесінде мемлекеттің несиелік жүйесінің үш деңгейінің біреуін маңызды түрде дамытады.

Шағын несиелендіруді дамытудың негізі болып, экономиканың тұрақтылығы, банк операцияларының құрылымын өзгерті, тұрғындар табысының деңгейін жоғарлату және несиелік ресурстарға потенциалды сұраныстың жоғары болуы табылады. Шағын және орта бизнес – Қазақстан экономикасының маңызды элементі болып табылады.

Қазіргі кезде банк несиелеріне, шағын және орта бизнес субъектілерінің қол жеткізуі мүмкін емес. Коммерциялық банктермен берілген несие, саудасатып алу қызметін қаржыландыруға бағытталған. Екі деңгейлі банктер, жеке кәсіпкерлерге бір жылға дейінгі мерзімге, 25 пайыздан 34% дейінгі ставкамен несие береді. Сонымен қатар, банктер міндетті түрде кепілмен қамтамасыз етуді талап етеді, көбіне бизнесті жаңадан бастаған кәсіпкерлерде кепіл заты болмауы мүмкін. Сондай – ақ, кепіл затының құны, алған несиеден екі есе жоғары болуы керек. Қазіргі кезде, шағын бизнеске арналған банк несиелерін алу жағдайы қолайсыз. Осындай себептермен, шағын және орта бизнес, банк мүддесінің сыртқы сферасында қалып қояды. Шағын және орта бизнесті ойдағыдай дамыту үшін, несие жүйесінің екінші және үшінші деңгейі институттарының қызметін дамыту қажет.

Бақылау сұрақтары

1. Шағын және орта бизнесті дамытуда мемлекеттің атқаратын ролі.
2. Шағын және орта кәсіпкерліктің мемлекеттің ЖІӨ үлесі қандай?

3. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту Қоры» АҚ қызметі.
4. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту Қоры» АҚ даму этаптары.

6 тақырып. Шағын несиелендіру ұйымдарының қызметін бағалау

Қазақстанда шағын қаржыландырудың айырмашылық белгілері, мемлекеттің қаржы жүйесінің сипатымен және де әлеуметтік-экономикалық контекстімен анықталады. Оның негізгі оң факторларына, банк секторы қызметінің жақсы нәтижелері, мемлекетте ауылшаруашылық және өнеркәсіптік секторларының өсу тенденциясы, халық тығыздығының төмендігі және тағы басқалары жатады. «Standart & Poof`s» агенттігінің есеп беруіне сәйкес, Қазақстанның банк жүйесі, ТМД басқа мемлекеттерінің банк жүйелерінің дамуына қарағанда, біршама алда келеді.

Тағы бір айырмашылығын айта кетер болсақ, Қазақстанда шағын қаржыландыруды дамыту ерекшелігі, демографиялық және географиялық жағдайларға байланысты болып табылады. Шағын қаржыландыруда ойдағыдай жетістікке жеткен мемлекеттер болып, халық тығыздығы өте жоғары мемлекеттер табылады, яғни, атап айтар болсақ, ол Боливия және Бангладеш болып саналады. Ал Қазақстанның халқы, 2725 мың кв.км территорияда 15 миллионнан аса адам тұрады.

Осылайша, Қазақстанда шағын қаржылық секторды дамыту, парадокспен қақтығысуына алып келеді. Бір жағынан, экономикалық өсудің жоғарылығы, ішкі сектордың нақты бары, нормативті-құқықтық реттеудегі прогресс, сондай-ақ, жүйелерді басқару және банктермен несиелендіру жағдайының жақсаруы, Қазақстанда шағын қаржыландыруды дамытудың жақсы белгілерінің бірі болып табылады. Екінші жағынан, Қазақстанда нарық көлемінің шектелуі, халық тығыздығының төмендігі, адам ресурстарының тегіс орналастырылмауы, ішкі миграцияның және өмір сипатының ерекшеліктері, мұндай дамуға кедергі болып табылады. Яғни, мұндай қаржылық дамуда, шағын және жеке кәсіпкерлердің банк несиелеріне қол жеткізуі, мүмкін болмай қала береді. Қалыптасқан жағдай, шағын қаржыландыруды ары қарай дамыту үшін, мемлекеттің қаржы жүйесінің және кедейшілікті төмендету бойынша стратегияның ажырамастай бөлігі ретінде шарт қояды.

Қазақстанда шағын несиелендірудің пайда болуына, 90-жылдардың ортасында қабылданған, несиелік қызметтің нормативті-құқықтық базасы, яғни «Банктер және банктік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңының қабылдануы оң әсерін тигізді, яғни осының нәтижесінде шағын қаржыландыру сферасында банктер және тағы басқалары пайда болды: банктік емес қаржылық институттар, несиелік серіктестік және ломбардтар. Мемлекет, алғашы кезде өзінің күш жігерін, банк секторларын және несиелік серіктестіктерін күшейтуге салды (мысалы, Аграрлы несиелік корпорация). Ломбардтарды дамыту, жеке сектор қызметіне негізделді. Соңында, қабылданған несиелік жүйенің үш деңгейлі концепциясы және «Несиелік серіктестіктер туралы», «Шағын несиелендіру ұйымдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары

Қазастанда шағын қаржыландыруды дамыту үшін негіз болды. Төменде көрсетілген 9 кестеде, шағын қаржыландыру секторының қатысушылары ұсынылған.

9 кесте. Қазақстанның шағын қаржылық ұйымдары

Деңгейі	Қатысушылар	2004 ж.		2005 ж.		2006 ж.	
		бірлік	үлес салмағы, %	бірлік	үлес салмағы, %	бірлік	үлес салмағы, %
I	Екі деңгейлі банктер (ЕДЖБ бағдарламасын қосқанда)	7	1,6	7	0,8	7	0,8
II	Банктік емес қаржылық институттар	32	7,1	34	3,8	39	3,6
	Несиелік серіктестіктер	123	27,5	175	19,6	193	18,1
	Ломбардтар	78	17,4	80	9,0	84	7,8
III	Шағын несиелендіру ұйымдары	208	46,4	595	66,8	745	69,7
Барлығы		448	100	891	100	1068	100
Ескерту – ҚР Ұлттық Банкінің мәліметтері бойынша құрастырылған							

Жоғарыда көрсетілген 9 кестеден көріп отырғанымыздай, яғни Қазақстанның шағын қаржылық ұйымдарының құрылымында, ШНҰ өсу тенденциясының ойдағыдай болуы байқалады, олардың үлесі 2004 жылы 46,4 пайыздан бастап, 2006 жылы 69,7 пайызға дейін өскен.

Статистика мәліметтеріне сүйенер болсақ, 2009 жылдың 1 маусымына республикада 1610 шағын несиелендіру ұйымдары тіркелгені анықталды, яғни оның 1372 немесе 85 пайызы нақты әрекет етуде. Оның ішінде 638 ұйымдарды белсенді деп айтуға болады. Яғни біз, жоғарыда келтірілген кестеден көріп отырғандай, 2006 жылы шағын несиелендіру ұйымдары санының екі есеге өскені байқалады. Сонымен қатар олардың саны жылдан жылға өсіп отырған, яғни бұл, несиелік жүйеде олардың ролінің артуымен түсіндіріледі. Бірақ, ШНҰ үшін несиелік ресурстардың жеткілікті болуы өзекті мәселе болып қала береді, осыған байланысты оларды мемлекет тарапынан қолдаудың маңызы өте зор.

Шағын несиелендіру ұйымдарының көпшілік бөлігі, қалаларда орналасқан. Ал қалғандары ауылдық жерлерге тіркелген. Шағын несиелендіру – бұл жеке кәсіпкерлер үшін, сондай – ақ ауылдық жерлерде өзінің шағын бизнесін ұйымдастыру және кеңейту кезінде экономикалық белсенді халықтар үшін несиелендірудің қолайлы формасы болып табылады.

Қазақстанда шағын несиелендіру секторының негізгі қатысушылары болып:

- 1) мемлекет;

- 2) халықаралық ұйымдар;
- 3) екі деңгейлі банктер;
- 4) үкіметтік емес ұйымдар және несиелік серіктестіктер;
- 5) Қазақстанның шағын қаржылық ұйымдар Ассоциациясы (ҚШҚҰА).

Мемлекеттің негізгі функциясы болып, концептуалды көзқарасты әзірлеу, заң базасын қабылдау, институционалды инфрақұрылымды құру табылады.

Қазақстанда мемлекеттік құрылымдар, екі деңгейлі банктер қызметіне және банктік емес қаржылық мекемелердің қызметіне қадағалауды жүзеге асыру ролін атқарады. Қазіргі кезде шағын қаржыландыруды дамыту бойынша, жаңа шаралар кешені әзірленуде (16, 38 б.).

Қазақстанда шағын қаржылық секторды қаржыландыруға халықаралық ұйымдар да өздерінің жарналарын қосты, яғни атап айтар болсақ, БҰҰ дамыту Бағдарламасы (БҰҰДБ) және Бүкіләлемдік банкі. Ал басқа донорлар, яғни халықаралық дамыту бойынша АҚШ Агенттігі (ЮСАИД), бірнеше жобаларды қолдай отырып, шағын қаржыландыруды дамытуға белсене қатысты. Сондай – ақ Қазақстанда жұмыс жасайтын басқа да донорлық ұйымдарды атап өтер болсақ, олар: Сорос – Қазақстан Қоры, «Еуразия» Қоры, қайырымдылық Корпусы және тағы басқалары. Даму институттары, шағын қаржыландыру бағдарламасын коммерциялық банктерге таратуда маңызды роль атқарады. Халықаралық ұйымдар, техникалық және қаржылық көмек көрсету, сондай – ақ гранттар мен жеңілдетілген қарыздар ұсына отырып, шағын қаржылық ұйымдарды қайта құру және дамытуға себепші болды.

Жүргізуші банктермен шағын қаржыландыру ұйымдарының арасында несиелік келісімдердің пайда болуы, секторды дамытуда жаңа мүмкіндіктерді ашады.


Шағын несиелендіру нарығының қатысушыларының бірі болып табылатын, несиелік серіктестік – Қазақстанда ресми түрде 1997 жылы пайда болды. Несиелік серіктестіктердің қызметі ауылдық жерлерде тиімдірек болады. Бірақ, дәстүрлі ауылшаруышылық несиелерін ұсынудың орына, несиелік серіктестіктердің көпшілігі жоғары процент ставкасымен (30 пайызға дейін) қысқа мерзімді несиелерді ұсынумен айналысты. Қазақстанда несиелік серіктестіктердің қызметі туралы объективті мәліметтердің болмауына байланысты, олардың халықтар жағдайын, тиімділігін бағалау үшін, қосымша зерттеулер жүргізудің қажеттілігі туындайды (55,56,57).

2004 жылдың басында жүргізуші шағын қаржылық ұйымдардың ықыласы бойынша шағын қаржыландыру қызметін үйлестіру және алға басыру үшін, Қазақстанда шағын қаржылық ұйымдар Ассоциациясы (ҚШҚҰА) құрылды. Ассоциацияның негізгі мақсаты, аз қамтылған жағдайы төмен азаматтарға қаржылық қызметтерді ұсыну жолымен және де Ассоциация мүшелеріне техникалық көмек көрсете отырып, Қазақстанда шағын қаржылық секторды күшейту және дамыту болып табылады. Қазақстанның шағын қаржыландыру ұйымдарының Ассоциациясы – бүкіл мемлекеттерде әрекет ететін шағын қаржылық ұйымдардың коммерциялық емес бірлестігі. Ассоциация республикада жүргізуші алты шағын қаржылық ұйымдардың ҚШҚҰА

құрылтайшылары болған уақытында, республиканың шағын қаржылық секторын дамыту мәселелерін шешу мақсатымен құрылған болатын.

ҚШҚҰА міндеті, экономикалық өсуді қолдау және кедейшілік деңгейін төмендету мақатында, тұрғындардың қаржылық қызмет көрсетулерге қол жеткізуін тұрақты қамтамасыз ету үшін шағын қаржылық секторды дамыту болып табылады. Қазіргі кезде Ассоциация шамамен 70 –ке жуық банктік емес қаржылық ұйымдарды біріктіреді.

Шағын несиелендіру ұйымдары өздерінің қызметін жүзеге асыру үшін, қаржылық ресурстардың қайнар көздерін икемденуі керек. Шағын несиелендіру ұйымдарын қаржыландырудың қайнар көздерін құру болып, меншікті және тартылған (жұмылдырылған) қаражаттар табылады. Қаржылай қаражаттарды құрудың меншікті қайнар көздері болып, алынған сыйақылар, активтерді сатудан түскен түсімдер, өз меншігіндегі мүлікті жалға беруден түскен түсім, басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуынан түскен түсім, кепіл затымен мәміле жасаудан түскен түсім, уақытша бос активтерді мемлекеттік құнды қағаздарына орналастырудан, корпоративтік құнды қағаздардан, банк депозиттерінен түскен түсімдер табылады. Шағын несиелендіру ұйымдарының жұмылдырылған қаражаттарына өз кезегінде, қарыздарды, банктен тыс заңды мекемелердің қарыздарын, гранттарды, арнайы қорлар қаражаттарын, бюджеттік қаражаттарды жатқызуға болады. Шағын несиелендіру ұйымдарының 2004 – 2006 жылдарға қаржылай қаражаттарын құру динамикасы төменде 6 суретте көрсетілген.



6 сурет. Шағын несиелендіру ұйымдарының қаржылай қаражаттарын құру динамикасы

Жоғарыда көрсетілген 6 суретке сәйкес, шағын несиелендіру ұйымдарды қаржыландырудың ең мобильді көздері болып, 2004 жылмен салыстырғанда 2006 жылы 7547564 мың теңгеге өскен, жұмылдырылған қаражаттар табылады. Қазіргі кезде де осындай динамика байқалады.

Қаражаттың үлкен бөлігі жұмылдырылған қаражаттардан құралуына байланысты, олардың құрылымын қарастырып көрелік. Шағын несиелендіру

ұйымдарымен жұмылдырылған қаражаттар құрылымы төмендегі 10 кестеде көрсетілген.

Жоғарыда айтылып кеткендей, шағын несиелендіру ұйымдарын қаржыландырудың негізгі қайнар көздері болып, республиканың бюджеттік қаражаттар, «Шағын кәсіпкерлікті қолдау Қоры» АҚ, «Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау Қоры» АҚ, отандық және тікелей шетелдік инвестициялар, сонымен қатар халықаралық ұйымдар гранттары есебінен құралған жұмылдырылған қаражаттар табылады.

10 кесте. Шағын несиелендіру ұйымдарымен жұмылдырылған қаражаттар құрылымы

Жұмылдырылған қаражаттар	2005 жыл				2006 жыл			
	жыл басына жиналған қаражаттар, мың тг.	үлес сал-ғы,%	бір жыл-дың ішінде түскені, мың тг.	үлес сал-ғы,%	жыл басына жиналған қаражаттар, мың тг.	үлес сал-ғы,%	бір жыл-дың ішінде түскені, мың тг.	үлес сал-ғы,%
Барлығы, оның ішінде	3796608	100	3722793	100	7519401	100	11344173	100
Қарыздар	2864905	75,5	2409594	64,7	5274499	70,1	6134765	54,1
Банктен тыс заңды тұлғалардың қарыздары	593811	15,6	1015285	27,3	1609096	21,4	4244795	37,3
Гранттар	69175	1,8	5878	0,2	75053	1,0	471	0,1
Арнайы қорлар қаражаттары	25000	0,7	25045	0,7	50045	0,7	400960	3,5
Бюджет қаражаттары		0,0		0,0	0	0,0	51231	0,5
басқалары	243717	6,4	266991	7,2	510708	6,8	511951	4,5
Қайнар көз – Статистика бойынша Қазақстан Республикасының Агенттігі								

Жоғарыда көрсетілген 10 кестеден, бюджеттік қаражаттар жұмылдырылған қаражаттардың ең аз үлесін алатынын, ал 2005 жылы шағын несиелендіру ұйымдары мемлекеттік бюджеттен мүлде қаржыландырылмағанын көруге болды.

Жалпы шағын несиелендіру ұйымдары халықаралық ұйымдардың гранттарын жұмылдыруға мүдделі болуы керек, бірақ жұмылдырылған қаражаттар құрылымында олардың үлесі жылдан жылға төмендеуде. Ал жұмылдырылған қаражаттар құрылымында ең үлкен үлесті, қарыз қаражаттары және банктен тыс заңды тұлғалардың қарыздары алады. Яғни, жұмылдырылған қаражаттар несиелендіру бойынша ставкалардың қымбаттауына алып келуіне байланысты, тиімсіз көрсеткіш болып табылады.

Бүгінгі күні Қазақстанда, шағын несиелендіру нарығында ереже белгілейтін ірі шағын қаржылық институттар жоқ, бірақ шағын несиелендіру нарыққа қатысушылардың арасында нақты лидерлер бар. Яғни, осы жерде 1997 жылы құрылған және Қазақстанның шағын қаржылық ұйымдар Ассоциациясын

құрудың (ҚШҚҰА) инициаторы болған, Қазақстандық несиелендіру Қорын (Алматы қаласында) айта кетуге болады.

Шағын несиелендірудің республиканың аймақтары бойынша біркелкі емес дамуы байқалады. Төмендегі 11 кестеде шағын несиелендіру ұйымдарын облыстар бойынша орналастыру көрсетілген.

11 кесте. Шағын несиелендіру ұйымдарын Қазақстанның облыстары бойынша орналастыру

Облыстар	2004 жыл		2005 жыл		2005 жыл	
	бірлік	%	бірлік	%	бірлік	%
Ақтөбе	2	0,9	25	4,2	27	3,6
Ақмола	3	1,4	21	3,5	30	4,0
Алматы	5	2,4	37	6,2	49	6,6
Атырау	3	1,4	5	0,8	7	0,9
Шығыс Қазақстан	10	4,8	18	3,0	26	3,5
Жамбыл	4	2,0	31	5,2	22	3,0
Батыс Қазақстан	4	2,0	20	3,4	42	5,6
Қарағанды	26	12,5	57	9,6	73	9,8
Қостанай	9	4,3	28	4,7	32	4,3
Қызылорда	11	5,3	27	4,5	46	6,2
Маңғыстау	1	0,5	14	2,4	16	2,1
Павлодар	7	3,4	16	2,7	21	2,8
Солтүстік Қазақстан	3	1,4	19	3,2	26	3,5
Оңтүстік Қазақстан	61	29,3	134	22,5	165	22,1
Алматы қаласы	46	22,1	102	17,1	115	15,4
Астана қаласы	13	6,3	41	7,0	48	6,4
Барлығы	208	100	595	100	745	100

Қайнар көз – Статистика бойынша Қазақстан Республикасының Агенттігі

Кестеден көріп отырғанымыздай шағын несиелендіру ұйымдарының көпшілігі, Оңтүстік Қазақстан облысында (32%) және Алматыда (18%) орналасқан. Мұндай болудың себебі, мәдениетпен, экономикалық және географиялық факторлармен түсіндіріледі.

Оңтүстік Қазақстан облысы халықтардың өте тығыз орналасқан жерлерінің бірі болып табылады, ал Алматы – ең бірінші шағын қаржыландыру ұйымдарының пайда болған жері Қазақстанның қаржылық орталығы.

Құрылған шағын несиелендіру ұйымдар бойынша лидер облыстарды атап көрсетер болсақ: Оңтүстік Қазақстан облысы – 165 (22%), Алматы қаласы – 115 (15%), және Қарағанды облысы – 73 (10%). Ал ең төменгі орындағы облыстарға: Атырау облысы - 7 (0,9%), Маңғыстау облысы – 16 (2%) және Павлодар облысы – 21 (3%).

Соңғы жылдары аймақтық құрылымдарда айтарлықтай өзгерістердің болмағаны байқалады.

Шағын несиелендіру өнімдерін тұтынушылар болып, жеке және заңды тұлғалар табылады. Төменде 12 кестеде жеке және заңды тұлғаларға берілген шағын несиелендіру динамикасы келтірілген.

12 кесте. Жеке және заңды тұлғаларға берілген шағын несиелендіру динамикасы

Шағын несиелер	2004 жыл		2005 жыл		2006 жыл		Өсу қарқыны,%			
	жеке тұлға, мың теңге	заңды тұлға, мың теңге	жеке тұлға, мың теңге	заңды тұлға, мың теңге	жеке тұлға, мың теңге	заңды тұлға, мың теңге	2005 жыл		2006 жыл	
							жеке тұлға	заңды тұлға	жеке тұлға	заңды тұлға
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Қысқа мерзімді, о.і.:	3656300	41900	5738264	143423	22541982	274330	1,6	3,4	3,9	1,9
3 айға дейін	1255700	10300	1525593	12656	5996167	24208	1,2	1,2	3,9	1,9
3 айдан 6 айға дейін	1181200	4900	1728064	25500	6785137	48775	1,5	5,2	3,9	1,9
6 айдан 1 жылға дейін	1219300	26600	2484607	105267	9760678	201348	2,0	4,0	3,9	1,9
Ұзақмерзімді	809000	100400	1455259	296274	5287626	640103	1,8	3,0	3,6	2,2
Барлығы	4465300	142300	7193523	439697	27829608	914433	1,6	3,1	3,9	2,1
Қайнар көз – Статистика бойынша Қазақстан Республикасының Агенттігі										

Шағын несиелендіру ұйымдары жеке тұлғаларға қысқа мерзімді 3 айға дейінгі мерзімге, орташа өлшемді сыйақылық ставкасымен 29,3 пайыз, қысқа мерзімді 3 айдан 6 айға дейінгі сыйақылық ставкасы 35,6 пайыз, қысқа мерзімді 6 айдан 1 жылға дейінгі сыйақылық ставкасы 26,2 пайыз, сонымен қатар сыйақылық ставкасы 24,8 пайызбен ұзақ мерзімді несиелендіру ұсынды.

Сонымен, жеке тұлғалар үшін ең тиімді қысқа мерзімді несиелендіру болып, 6 айдан 1 жылға дейінгі несиелендіру табылады.

Төмендегі 13 кестеде республиканың облыстары бойынша жеке тұлғаларға берілген шағын несиелендіру көрсетілген. Яғни, 2006 жылы қарыздардың көп бөлігі шамамен – 55348 Қарағанды облысына берілген, оның жалпы сомасы 1942400 мың теңгені құрайды.

Сондай – ақ шағын несиелердің ең аз берілген жері Маңғыстау облысы екенін төмендегі кестеден көріп отырмыз, яғни не бары- 48 несиелендіру, бірақ 2005 жылға қарағанда оның өскені байқалады.

13 кесте. Жеке тұлғаларға берілген шағын несиелер

Облыстар	2005		2006		Ауытқу сомасы, мың тг. (+,-)	Өсу коэф.
	Бірлік	сомасы, мың тг.	Бірлік	сомасы, мың тг.		
1	2	3	4	5	6	7
Ақмола	62	23484	340	149340	125856	6,4
Ақтөбе	153	58698	448	155872	97174	2,7
Алматы	961	364656	4892	2229724	1865068	6,1
Атырау	5776	411767	5828	576488	164721	1,4

Шығыс Қазақстан	31773	873040	51676	1444184	571144	1,7
Жамбыл	116	26003	3408	906200	880197	34,8
Батыс Қазақстан	815	182018	908	305344	123326	1,7
Қарағанды	54913	1863213	55348	1942400	79187	1,0
Қостанай	3678	61347	3892	335804	274457	5,5
Қызылорда	1286	87301	1804	98296	10995	1,1
Маңғыстау	30	1200	48	11440	10240	9,5
Павлодар	211	48238	328	144040	95802	3,0
Солтүстік Қазақстан	361	87155	864	198892	111737	2,3
Оңтүстік Қазақстан	3891	1530668	9728	3887976	2357308	2,5
Алматы қаласы	277	179732	544	271664	91932	1,5
Астана қаласы	3602	1395003	43308	15171944	13776941	10,9
Барлығы	107905	7193523	175164	27829608	20636085	3,9
Қайнар көз – Статистика бойынша Қазақстан Республикасының Агенттігі						

Берілген шағын несиелендірудің жалпы сомасы бойынша Жамбыл облысын атап өтуге болады, яғни 2005 жылмен салыстырғанда 2006 жылы көрсеткіш 34,8 есе өскен. Сонымен қатар Алматы қаласын айтуға болады, яғни жеке тұлғаларға берілген шағын несиелендіру 10,9 есеге өскен. Ал басқа облыстарда берілген шағын несиелендіру бойынша көрсеткіш бірқалыпты немесе бірінғай орташа өскені байқалады.

Келесі 14 кестеде облыстар бойынша заңды тұлғаларға берілген шағын несиелендіру бойынша мәліметтер ұсынылған.

14 кесте. Заңды тұлғаларға берілген шағын несиелер

Облыстар	2005		2006		Ауытқу сомасы, мың тг. (+,-)	Өсу коэф.
	саны	сомасы, мың тг.	саны	сомасы, мың тг.		
1	2	3	4	5	6	7
Ақмола	2	1371	24	497495	496124	362,9
Ақтөбе	2	600	9	2095	1495	3,5
Алматы	16	74570	17	53521	-21049	0,7
Атырау						
Шығыс – Қазақстан облысы	26	7036	9	10120	3084	1,4
Жамбыл	1	971	12	12200	11229	12,6
Батыс - Қазақстан	76	34465	51	25494	-8971	0,7
Қарағанды	82	56009	6	6000	-50009	0,1
Қостанай			14	30061	30061	
Қызылорда	2	1420	5	8000	6580	5,6
Маңғыстау			6	8234	8234	
Павлодар	2	254			-254	
Солтүстік - Қазақстан	27	15825	7	5980	-9845	0,4
Оңтүстік - Қазақстан	123	238755	110	242583	3828	1,0
Алматы қаласы	1	971	4		-971	
Астана қаласы	6	7450	76	12650	5200	1,7
Барлығы	366	439697	350	914433	474736	2,1
Қайнар көз – Статистика бойынша Қазақстан Республикасының Агенттігі						

Жоғарыда көрсетілген кестеден көріп отырғанымыздай, жеке тұлғаларға карағанда заңды тұлғалар несиелік мекемелер қызметімен сирек қолданылатыны байқалады. Атырау және Маңғыстау облыстарының заңды тұлғалары шағын несие мүлде алмаған.

Заңды тұлғаларға берілген шағын несиелер бойынша ең жоғарғы өсім Ақмола облысында – 362,9 есе болғаны байқалады.

Ал басқа облыстар бойынша бірқалыпты өсім байқалады. Шағын несиелендіру ұйымдары жеке тұлғаларға қысқа мерзімді 3 айға дейінгі мерзімге, орташа өлшемді сыйақылық ставкасымен 12,7 пайыз, қысқа мерзімді 3 айдан 6 айға дейінгі сыйақылық ставкасы 25,4 пайыз, қысқа мерзімді 6 айдан 1 жылға дейінгі сыйақылық ставкасы 8,3 пайыз, сонымен қатар сыйақылық ставкасы 15,8 пайызбен ұзақ мерзімді несие ұсынды.


Шағын несиелендіру ұйымдарының қарызгер кәсіпорындары, жұмысшыларының саны бойынша шағын, орта және ірі кәсіпорындар болып топтастырылады.

Шағын кәсіпорындарға қатысушыларының саны 5-ке дейінгі адам; 6-дан 10-ға дейінгі адам; 11-ден 20-ға дейінгі адам; 21-ден 30-ға дейінгі адам; 31-ден 50-ге дейінгі адам; 51-ден 100-ге дейінгі адамдардан құралады. Қатысушыларының саны 101-250 адамды құраса, ол орта кәсіпорынға жатады. Ал қатысушыларының саны 250-ден жоғары болса, ол ірі кәсіпорынға жатады. Кәсіпорын типтері бойынша берілген шағын несиелендіру төмендегі 15 кестеде көрсетілген.

15 кесте. Кәсіпорын типтері бойынша берілген шағын несиелер динамикасы

Кәсіпорындар типтері	Шағын несиелер, мың тг.			өсу коэф.	
	2004 жыл	2005 жыл	2006 жыл	2005 жыл	2006 жыл
Шағын кәсіпорындар	1305700	5962812	23656346	4,6	4,0
Орта кәсіпорындар	1549300	126905	229952	0,1	1,8
Ірі кәсіпорындар	1752300	1543503	4857743	0,9	3,1
Барлығы	4607300	7633220	28755041	1,7	3,8
Қайнар көз – Статистика бойынша Қазақстан Республикасының Агенттігі					

Жоғарыдағы кестеден көріп отырғанымыздай, яғни шағын кәсіпкерлерге берілген шағын несиелер жылдан - жылға өсіп келе, 2006 жылы 4 есеге өскені байқалады. Орта кәсіпорындар бойынша өсу ең төменгі деңгейде болған, яғни ол 2006 жылы 1,8 есені құраған. Ал ірі кәсіпорындар бойынша 2005 жылы төмендегені байқалса, 2006 жылы керісінше, жылдам өсіп, 4857743 мың теңгені құраған, яғни ол өткен жылмен салыстырғанда 3 есеге өскен. Жалпы барлық шағын несие түрлері бойынша өсудің оң тенденциясы байқалады. 7 суретте кәсіпорын типтері бойынша берілген шағын несиелендіру құрылымы ұсынылған.



7 сурет. Кәсіпорын типтері бойынша берілген шағын несиелер құрылымы
Ескерту – Статистика бойынша Қазақстан Республикасының Агенттігінің мәліметтері негізінде әзірленді

Жоғарыда көрсетілген суретке сәйкес, 2004 жылы шағын несиелендіру нарығында кәсіпорынның барлық типтері бірдей позицияда болғаны байқалады. Шағын кәсіпкерлердің жағдайы басқа типтерге қарағанда төмен болды. Бірақ, 2005 жылы шағын несиелендіру құрылымында шағын кәсіпорындардың үлесі жылдам өсті, екінші позицияны орта кәсіпкерлер алады. Орта кәсіпкерлер үлесі, 33,6 пайыздан 1,7 дейін төмендеп кетті. Сонымен қатар осындай тенденция 2006 жылы да қалыптасты. Шағын кәсіпкерлер үлесі шағын несиелендіру құрылымында 2005 жылмен салыстырғанда 2006 жылы - 78,1 пайыздан 82,3 пайызға дейін өскен, ірі кәсіпорындар үлесі - 20,2 пайыздан 16,9 пайызға дейін төмендегені байқалады, ал орта кәсіпорындардың үлесі - 0,9 пайызға, яғни - 1,7 пайыздан 0,8 пайызға дейін төмендеген.

Егер, шағын несиелендіру ұйымдарының қаржы – шаруашылық қызметінің нәтижелерін талдайтын болсақ, ол төменде 16 кестеде ұсынылған.

16 кесте. Шағын несиелендіру ұйымдарының қаржы – шаруашылық қызметінің нәтижелерін талдау

Экономикалық қызмет түрлері	Дайын өнімді өткізуден түскен пайда (тауар, жұмыс, қызмет)	Өткізілетін дайын өнімнің өзіндік құны (тауар, жұмыс, қызмет)	Жиынтық табыс	Кезең шығын - дары	Басқада кірістер (зиян)
1	2	3	4	5	6
2004 жыл					
Барлығы	802300	180400	622000	765900	8500
Несиенің ұсынылуы	725600	153800	571800	687700	7111
Кәсіби ұйымдардың қызметі	2900	-	2900	2200	237
Басқа да қоғамдық ұйымдар	73400	26500	47300	76000	1152

қызметі					
2005 жыл					
Барлығы	2131798	579119	1552679	1476926	63983
Несиенің ұсынылуы	1981337	545338	143599	13934407	61330
Кәсіби ұйымдардың қызметі	26537		26537	21518	147
Басқа да қоғамдық ұйымдар қызметі	123924	33781	90143	62001	2506
2006 жыл					
Барлығы	3828875	269435	3559440	3560891	695782
Несиенің ұсынылуы	3628116	216213	3411903	3457205	655496
Кәсіби ұйымдардың қызметі	50454		50454	48055	39409
Басқа да қоғамдық ұйымдар қызметі	150305	53222	97083	55631	878
2005ж. 2004жылға					
Ауытқу барлығы, (+,-)	1329498	398719	930679	711026	55483
Несиені ұсыну темпінің өсуі,	2,7	3,2	2,5	1,9	7,5
ауытқу (+,-)	1255737	391538	-428201	13246707	54219
өсу темпі	2,7	3,5	0,3	20,3	8,6
Кәсіби ұйымдардың қызметі, ауытқу (+,-)	23637	0	23637	19318	-90
өсу темпі	9,2		9,2	9,8	0,6
Басқа да қоғамдық ұйымдар қызметі, ауытқу (+,-)	50524	7281	42843	-13999	1354
өсу темпі	1,7	1,3	1,9	0,8	2,2
2006 ж. 2005жылға					
Ауытқу барлығы, (+,-)	1697077	-309684	2006761	2083965	631799
өсу темпі	1,8	0,5	2,3	2,4	10,9
Несиені ұсыну темпінің өсуі, ауытқу (+,-)	1646779	-329125	3268304	-10477202	594166
өсу темпі	1,8	0,4	23,8	0,2	10,7
Кәсіби ұйымдардың қызметі, ауытқу (+,-)	23917		23917	26537	39262
өсу темпі	1,9		1,9	2,2	268,1
Басқа да қоғамдық ұйымдар қызметі, ауытқу (+,-)	26381	19441	6940	-6370	-1628
өсу темпі	1,2	1,6	1,1	0,9	0,4
Қайнар көз – Статистика бойынша Қазақстан Республикасының Агенттігі					

16 кестенің мәліметтері бойынша, шағын несиелендіру ұйымдары қызметінің негізгі түрі болып, несиелер ұсыну және одан тиісінше пайда табу табылады.

2004 жылмен салыстырғанда 2005 жылы шағын несиелендіру ұйымдары несиелер ұсынудан 1255737 мың теңге сомасында пайда алған, яғни олардың алған кірісі 2,7 есе өскен. Ал 2005 жылмен салыстырғанда 2006 жылы несиелерді ұсынудан түскен жалпы кіріс 3268304 мың теңге болып, 23,8 есе өскені байқалады. (58,59,60). Шағын несиелендіру ұйымдары қызметінің көрсеткіштерін талдау, келесідей қорытынды жасауға негіз болады:

- Көлемі. Қазақстанда ШНҰ ірі емес, яғни олар тек бір ғана офистен немесе филиалдан тұрады және тек қана бір облысыта жұмыс істейді. Сондай – ақ, несиелік мамандар саны да көп емес. Сонымен, Қазақстанның шағын несиелендіру ұйымдары, орташа халықаралық ұйымдардан несие портфельдері бойынша және де қызмет көрсететін клиенттер санына байланысты әлдеқайда кішігірім болып келеді.

- Клиенттері. Қарызгерлердің екі типі бар: бір жағынан үлкен емес саудагерлер және шағын кәсіпкерлер болса, екінші жағынан шағын және орта кәсіпорындар.

- Несиелік өнімдер. Қазақстандық шағын несиелендіру ұйымдары тек қана шағын несиелендіру қызметтері көрсетіп қана қоймай, басқа да өнім түрлерін әзірледі, яғни топтастырылған несиелер, жеке несиелер, ауылшаруашылық несиелері және тұрғын үймен байланысты несиелер. Аталғандардың қайсы бірін алу үшін, кепіл заты қажет.

- Өзін өзі өтеушілік. Барлық шағын қаржылық ұйымдар өз шығындарын өзі өтейді.

- Несие портфелі. Егер, үкіметтік емес ұйымдар, несиенің аз көлемін ұсынса, несиелік серіктестіктер – керісінше үлкен көлемді несие ұсынады.


- Қаржыландыру көздері. Мемлекет бюджетінен қаржыландырылу, донорлардан гранттар алу және тағы басқалар.

Егер, 2005 жылдың 31 тамызында шағын қаржылық ұйымдар Ассоциациясы құрамына 31 шағын қаржылық ұйымдар кірсе, 2008 жылдың 1 сәуіріне Ассоциация құрамына 68 шағын қаржылық ұйым кірген, оның ішінде 60 МКҰ, ал 6 несиелік серіктестіктер және 2 қаржылық институттар болып табылады. Олардың қызметінің негізгі көрсеткіштері төмендегі 17 кестеде көрсетілген.

17 кесте. ҚШҚҰА мүшелері қызметінің негізгі көрсеткіштері 01.04.08ж. жағдайы бойынша

1. Несиенің жалпы саны – 109168;
2. Белсенді клиенттердің жалпы саны – 46 070;
3. Берілген қарыздардың жалпы сомасы – 72 807 676 мың теңге;
4. Белсенді несиелік портфель көлемі – 18 291 270 955 теңге
Қайнар көз – ҚШҚҰА мәліметтері

ҚШҚҰА мүшелері болып табылатын - 23 ШҚҰ уақтылы ҚШҚҰА форматы бойынша статистикалық мәліметтер ұсынады. Осы мәліметтерді қаңтар айынан сәуірге дейін қолдана отырып, 2008 жылы шағын несиелендіру қызметінің келесідей көрсеткіштеріне талдау жүргізілді: шағын несиелердің жалпы көлемі, сомасы, белсенді несие портфелінің көлемі, белсенді клиенттер көлемі, орташа көлемді қарыздың өсу темпі. ҚШҚҰА мүшелерімен берілген қарыздардың жалпы сомасын төмендегі 8 суреттен көруге болады.




8 сурет. ҚШҚҰА мүшелерімен берілген қарыздардың жалпы сомасын 01.04.08ж. жағдайы бойынша


Ескерту – ҚШҚҰА мәліметтерінің негізінде құрастырылды

Жоғарыда көрсетілген суретте, ҚМҚҰА мүшелерімен берілген қарыздар көлемінің өсу динамикасының ойдағыдай екені байқалады. Өткен жылмен салыстырғанда – 5,4 пайызға өскен. Оның негізгі себептерінің бірі болып, банк саласындағы және жылжымайтын мүлік нарығындағы ұзаққа созылған дағдарыс табылады. Осы дағдарысқа байланысты, ШНҰ қызметін пайдаланушы клиенттер саны, біршама өсті.

Ассоциация мүшелерінің ШҚҰ саны 01.04.2008ж.жағдайына 67 құрады, яғни 2005 жылы 32 болса, 2006 жылы – 45 құраған. ҚШҚҰА мүшелерінің ШҚҰ санының динамикасы төмендегі 9 суретте көрсетілген.



9 сурет. ҚШҚҰА мүшелері санының динамикасы



10 сурет. ҚШҚҰА мүшелерінің белсенді несиелік портфелінің көлемі
Ескерту. ҚШҚҰА мәсіметтерінің негізінде құрастырылған


Жоғарыда көрсетілген 10 суреттен көріп отырғанымыздай, ҚШҚҰА мүшелерінің белсенді несиелік портфелінің жиынтық көлемі 2008 жылдың 1 сәуіріне 11 630 139 мың теңгені (немесе шамамен 96917 826 USD) құрады.

Шетел инвестицияларын жұмылдыру үшін, ішкі аудиттің болғаны қажет. Осыған байланысты ҚШҚҰА мүшелері рейтингтен өтеді.

Банктік дағдарыстың ұзаққа созылуымен байланысты, мерзімін өткізіп алған несиелер көлемі өсуде. Яғни бұл іскерлік белсенділігі әлсіз кәсіпкерлердің, сондай-ақ «ұқыпсыз» клиенттердің болуымен байланысты.

ҚШҚҰА мүшелерінің негізгі несиелік портфелдері, есепті кезеңге келесідей ірі ШНҰ ұсынылды, яғни КазМикроФинанс ШНҰ, Алтын Орда ШНҰ, Арнур-Кредит ШНҰ, АНҚ, ОФ КМКО Береке, А-инвест ШНҰ, Алатау ШНҰ, Орал ШНҰ және үш несиелік серіктестіктермен Алматы-Кредит НС, Орда – Кредит НС, Ақбұлақ НС ұсынылды. Бұл ұйымдардың көлемі – 94,1 пайызды құрайды.

ҚШҚҰА мүшелерінің белсенді клиенттерінің динамикасы 11 суретте көрсетілген.




11 сурет. ҚШҚҰА мүшелерінің белсенді клиенттерінің динамикасы

Жоғарыдағы суреттен көріп отырғанымыздай, яғни ҚШҚҰА мүшелерінің белсенді клиенттері жыл сайын өсіп отырған және ол өткен жылмен салыстырғанда 1 пайызға өскен. Келесідей ШНҰ белсенді клиенттерінің саны сақталған: КазМикроФинанс ШНҰ, АКФ, Береке ШНҰ, Баспана-кредит ШНҰ, Алатау ШНҰ, Орал ШНҰ. Бұл ұйымдардың клиенттерінің үлесі, жалпы белсенді клиенттер санынан 95 пайызды құрайды.

ҚШҚҰА мүшелері 38414 клиентке қызмет көрсетеді, олардың портфелінің жалпы сомасы 11630 139 мың теңгені құрайды.

Барлық ірі ШНҰ (68 пайыз) Қазақстанның оңтүстігінде орналасқанымен, соңғы уақыттарда басқа да аймақтардағы ШНҰ белсендірілуін айта кетуге болады (12 сурет).



12 сурет. ҚШҚҰА мүшелерінің ШҚҰ географиялық шоғырлануы

Ассоциацияның несиелік портфелі 2009 жылдың 1 шілдесіне 23 миллиард теңгені, белсенді клиенттер саны 55 мың адамнан жоғары, ал қарыздың орташа сомасы 324 мың теңгені құрады.

Шағын несиелендіру – бұл кәсіпкерлер үшін несиелендірудің қолайлы формасы, сондай-ақ өзінің шағын бизнесін ұйымдастыру және кеңейтуде экономикалық белсенді халық үшін өте қолайлы болып табылады.

2008 жылдың бірінші жарты жылдық қортындысы бойынша ШНҰ берілген несиелердің жалпы саны 123490 қарызды және оның сомасы 17067,7 млн.теңгені құраған (ал 2007 жылы бірінші жарты жылдық қортындысы бойынша 336636 шағын несие, жалпы сомасы 56,1 млрд.теңге). ШНҰ негізгі мақсатты сегменті болып, жеке тұлғалар табылады. 2008 жылы жеке тұлғаларға берілген шағын несиелер саны 123209 қарызды құраған. 2004 жылмен салыстырғанда 2008 жылы меншікті қаржылар көлемі 26 пайыздан 42 пайызға дейін өскені байқалады.

Эксперттердің ойынша, нарықтың негізгі мәселелері болып, ресурстардың шектелгендігі және жеткіліксіздігі, капитализация, құқық базасы табылады.

Әлемдік дағдарыс қазақстандық шағын қаржыландырудың даму темпін бәсеңдетті. Шағын несиелендіру ұйымдары қызметінің негізгі қиындықтары – бұл ликвидность, тәуекелдіктің өсуі.

Шағын қаржыландыру секторларының дамымауының негізгі себептері болып, шағын несиелендіру ұйымдарының институциялық өспеуі және қаржы жағынан шектелуі табылады.

Жоғарыда аталған мәселелер Қазақстанда шағын қаржыландыруды дамыту бойынша дұрыс стратегия және әдістер әзірленуін талап етеді.

Республикада шағын несиелендіру кәсіпкерлікті қолдау үшін тиімді механизм болып есетелінеді және ол, жеке кәсіпкерліктің экономикалық мүмкіндіктерін дамытуда, сондай-ақ төмен және орта деңгейлі кірістері бар адамдар үшін жұмыспен қамтамасыз етудің жаңа мүмкіндіктерін ашатын, жаңадан шағын және орта кәсіпкерлердің құрылуын ынталандыратын, мемлекеттің экономикасымен әлеуметтік стратегиясының ажырамастай бөлігі болып қалыптасуда.

Шағын қаржылық секторды жақсартуға мүмкіндік беретін және халықтың кең көлемін қамтуға бағытталған, несиелендірудің түрлі мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеу керек.

Қазақстан Республикасының индустрия және сауда Министрлігі (ҚР ИСМ) Қазақстанда шағын қаржылық секторды дамытумен айналысатын мемлекеттік орган болып табылады.

Мемлекетпен шағын кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын қолдайтын бірнеше қорлар құрылды.

Кейбір даму банктері Қазақстанда шағын несиелендіру секторын дамытуға қатысты, олардың ішінде:

1. Еуразиялық жаңарту және даму банкі;
2. Бүкіләлемдік банкі;
3. Азияттық даму банкі;
4. Kreditanstalt fur Wiederaufbau;
5. Исламдық даму банкі.

Бұл қаржылық институттары кәсіпкерлерге қаржыландыруды негізінде жеңілдетілген несиелік желілер арқылы ұсынады. Бұл бағдарламаларды дамыту үшін даму банктері коммерциялық банктермен және мемлекеттік ұйымдармен ынтымақтастыққа түседі.

Казкоммерцбанк, Халық банкі және Алматы сауда қаржылық банктері шағын және орта кәсіпорындарды қолдау үшін Kreditanstalt fur Wiederaufbau неміс банкінің несие желісін өткізді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының даму Бағдарламасы (БҰҰДБ) шағын және орта кәсіпорындарды қолдай отырып, оларға қолайлы орта, кеңес қызметтерін көрсету, ұлттық потенциалды күшейтуде мүмкіндік береді.

Шағын несиелендіру ұйымдарымен көрсетілетін қызметтерге енгізілген өзгертулерге сәйкес, республиканың кез келген азаматы, бизнес субъектілері, қызметкерлер, яғни кез келген жеке және заңды тұлғалар шағын несиелендіру ұйымының қызметін пайдалана алады және шағын несиелендіру ұйымымен берілетін несиенің жалпы сомасы 1000 еселік айлық есептік көрсеткіштен (АЕК) 3000АЕК дейін.

Шағын несиелендіру ұйымдарымен берілетін несие көлемінің өсуі, бизнеске қолдау көрсетіп қана қоймай, сондай-ақ жаңа бизнес ашу үшін несие беруге мүмкіндік туғызады.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту Қоры Қазақстанда шағын несиелендіруді дамытудың ауқымды Бағдарламасын әзірлеуде.

Қазіргі кезде Қазақстанда шағын несиелендіру нарығында арнайы ереже белгілейтін ірі шағын қаржыландыру институттарының болмағанымен, шағын қаржылық нарықтың қатысушылары арасында анық көш басшыларын (лидерлерді) кездестіруге болады.

Бақылау сұрақтары

1. Қазақстанның шағын қаржылық секторының негізгі қатысушылары.
2. Шағын қаржыландыруды дамытуда халықаралық ұйымдардың атқаратын ролі.
3. Қазақстанның шағын қаржылық ұйымдар Ассоциациясының қызметі.
4. ШНҰ көрсеткіштерінің динамикасы.

7 тақырып. Шағын несиелендіру қызметінің нормативті-құқықтық базасын жетілдіру жолдары және мәселелері

Қазіргі кезде, шағын қаржылық секторды тиімді дамыту бойынша стратегияны дайындау үшін, жалпы қол жеткізуі мүмкін болатын және шынайы ақпараттардың болуы жеткіліксіз. Көрсетілген міндеттерді шешу үшін шағын несиелендіру ұйымдардың ойдағыдай дамуына қол жеткізу үшін тиімді мониторинг жүйесін құру қажет. Мониторингтің мәліметтері бойынша қосымша донорлар қаражаттарын және инвесторлары жұмылдыратын (халықаралық ұйымдар, банктер және жеке тұлғалар), отандық шағын несиелендіру ұйымдарына рейтинг жүргізіледі.

Мониторингті, бақылау мақсаты және іс шараларға дер кезінде түзету жүргізу үшін ағымдық және динамикалық режимде өткізу керек. Мұндай бақылау түрінің негізі болып, әдістемелік орталықпен әзірленетін нормативтер мен ережелер табылады. Мұндай орталықты, Қазақстанның шағын қаржылық ұйымдар Ассоциациясы кезінде ұйымдастырған жөн.

ҚШҚҰА жағынан жүргізілген мониторинг, шағын несиелендіру индустриясын дамытатын және оның тұтастығын қамтамасыз ететін тұрақты, мөлдір, ұқыпты шағын несиелендіру ұйымдарын құруға себепші болады.

Сонымен, мониторинг шағын бизнесті дамытуға себепші болады, жұмыс сапасын жақсартады және тұрақты шағын несиелендіру ұйымдарын құруды жылдамдатады, яғни тек қана осындай жағдайларда, қаржылық мүмкіндіктері шектеулі клиенттерге, жаппай тұрақты шағын несиелендіру қызметін көрсету мүмкін болады. (76,77,78,79,80,81).

Яғни, шағын несиелендіру ұйымдарына мониторингті енгізу, мұқият дайындықты талап ететіні анық, осыған байланысты, берілген мониторинг моделін енгізу кезінде ҚШҚҰА өз жағынан белсенді қатысуы қажет.

Қазіргі кезде қаржы ресурстарының жеткіліксіздігі, шағын несиелендіру ұйымдарындағы маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Шағын несиелендіру ұйымдарын қаржыландырудың бірнеше кең таралған қайнар көздері бар. Меншікті қаражаттарын салу, жеңілдіктер және нарықтық ставка бойынша несиелер алу қаржыландырудың негізгі қайнар көздері болып табылады. Кейбір жағдайларда шағын және орта бизнесті несиелендіру үшін, қайтарымдылық шартына байланысты, төмен пайыздық ставкасы бойынша мемлекеттік бюджет қаражаттары есебінен қаржыландыру ұсынылады. Бірақ, мемлекеттік гранттар, ережеге сәйкес, қарызгерлерге жүктелетін қосымша әкімшілік шығындар есебінен жабылады және оларды пайдалану мүмкіндігі шектеулі. Осы жерде мыналарды айта кеткен жөн, яғни:

- жағдайы төмен халықтардың көпшілік бөлігінің негізгі қаржылық қызмет көрсетулерге қол жеткізуге мүмкіндіктері жоқ;
- Қазақстанда шағын қаржылық құрылымдарды дамыту ұзақ уақыт бойы жүзеге асырылмауына байланысты, тұрақты, сенімді шағын қаржылық институттардың негізін салуға мүмкіндігі жоқ;
- Көптеген шағын қаржылық ұйымдар, несие беру үшін бүгінгі күнге дейін капиталға және техникалық көмекке мұқтаж;
- Соңғы жылдары донорлық көмек көрсетулер темпінің жылдам қысқартылуы, сектордың дамуына кері әсерін тигізуі мүмкін, өйткені Қазақстандағы шағын несиелендіру ұйымдарының көпшілігі донорлық қолдаудан тәуелді;
- Нарықтың сапалы сипаттамаларын зерттеу нәтижесі, секторды дамытуда қаржылық ресурстардың жетіспеушілігі негізі кедергі болып табылатынын көрсетті.

Сонымен, жоғарыда көрсетілген мәселелерді шешу үшін, Қазақстанда апекс ұйымдар қызметін ұйымдастыру мүмкін. Апекс ұйымдары болып, гранттар түрінде қаржылай қаражаттар, несиелер және кепілдер ұсынатын, сонымен қатар өз аймағындағы шағын несиелендіру ұйымдарына қызмет көрсететін ірі көтерме-несие ұйымдары табылады.

Апекс ұйымдарды қаржыландыруда әлемдік тәжірибенің негативті салдарын есепке ала отырып, қазақстандық шағын қаржыландыру жүйесіне апекс институттарды ойдағыдай енгізудің келесідей факторларын анықтауға болады:

- Шағын қаржылық қызмет көрсетулерде тұрақты жабдықтаушыларды дамыту бойынша ұзақмерзімді міндеттер;
- саяси тәуелсіздік және өз бетінше шешімдер қабылдау;
- менеджмент сапасының жоғары болуы: шағын қаржыландыру және қаржы сферасындағы, шағын қаржыландыру облысындағы білім, тұтастық және тәжірибе менеджмент дағдысы;
- қаржыландыру кезінде іріктеудің нақты белгілері;
- қарыздар көлемінің нақты айналымға және шағын қаржылық ұйымдардың қажеттілігіне сәйкестігі;
- өндірістік көрсеткіштерге мониторинг жүргізу;
- шағын несиелендіруді дамыту әдістемесін және стратегиясын әзірлеу;

- басқарушылық ақпараттық жүйелерді енгізу;

Кедейлерге көмектесетін Кеңес тобы (CGAP) ойдағыдай және тиімді апекс жүйесін құру үшін бірнеше тәжірибелік әрекеттер ұсынды. Яғни сапалы апекс ұйымдары келесідей сипатта болуы қажет:

1. Апекс ұйымдарының негізгі мақсаты, өз шығындарын өзі өтейтін шағын қаржылық қызметтер жабдықтаушыларын дамытуды қолдау болып табылады. Яғни, қызмет ететін шағын қаржылық ұйымдардың санын көбейту емес, керісінше өз шығындарын өзі өтейтін, тұрақты шағын қаржылық ұйымдарды дамыту - кедейлерге қызмет көрсету санын жоғарлатудың ең тиімді жолы болып табылады.

2. Апекс саяси тәуелсіз. Оның күшті, саяси қол сұғушылықтан ұйымдарды қорғауға қабілетті кеңесі бар.

3. Апекс мемлекеттегі білікті шағын қаржылық ұйымдардың санын бағалаудың негізінде қаражаттар алады.

4. Апекстің, егер шағын қаржылық ұйымдарда сапалы портфель, сапалы басшы болмаса, сондай-ақ олар өз шығынын өзі өтей алмаса, ШНҰ қаржыландыруды тоқтата алатындай өкілеттігі болуы керек.

5. Апекстік несиелендіру қаражаттарды ұсынудың алдын ала жасалынған жоспарына бағынбайды, бірақ ШҚҰ қажеттіліктеріне және ақша ағындарына байлаулы.

6. Апекс ШҚҰ қызметінің нақты анықталған және қатаң бақыланатын, бірнеше мақсаттарының негізінде шағын қаржылық ұйымдарға мониторинг жүргізеді.

7. Апекс басшылығы жоғары білікті маман және шағын қаржы, басқарушылық облыстарында тәжірибелі, сондай-ақ ауызбіршілікті болуы керек.

Біздің көзқарасымыз бойынша, апекс ұйымдардың қызметін ҚШҚҰА жүктеуге болады. Яғни ҚШҚҰА сәйкесінше шағын қаржылық ұйымдардың қаржылық қызметіне сапалы талдау жүргізуі мүмкін. Ал, бұл талдау апекс көлемін анықтауға мүмкіндік береді. Апекс ұйымдрды құру үшін келесілер қажет:

- апекске деген қысымды төмендету;
- өмірге қабілетті шағын қаржылық ұйымдарға стратегиялық бағытты күшейту;
- портфель сапасын анықтау жоспарында апекстер мүмкіншілігін кеңейту;
- мүмкіндігінше уақытша инвестициялық механизмді құру.

Шағын несиелендіру нарығына қаржылық институттарды барынша жұмылдыру қажет. Банктер және сақтандыру ұйымдары шағын қаржылық ұйымдарға үлкен қызығушылық танытуы керек.

Республиканың қаржылық секторды дамытуда әлсіз буын болып, қор нарығының жеткілікті дамымауы табылады.

Шағын несиелендіруді дамытуда мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі болып, шағын несиелендіру ұйымдары қызметін реттейтін нормативті-құқықтық актілерді жетілдіру табылды. Шағын несиелендіру облысында Қазақстан Республикасының нормативті-құқықтық базасы

болашақта ойдағыдай дамуы үшін барлық қажетті шарттарды қолдануда. Қазақстанда шағын қаржыландыру тек қана шағын несиені берумен шектеледі. Шағын қаржыландыруды дамытудың альтернативті жолдары ретінде, тиімділігі жоғары қаржылық қызметтердің түрлерін қарастыруға болады.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, яғни табысы төмен халықтар шағын несиелендіруден басқа, қосымша қаржылық қызмет түрлерін қажет етеді немесе оған мұқтаж. Қазақстанда шағын жинақ, шағын сақтандыру және шағын лизинг қызметтері өзекті болып табылады.

Шағын қаржылық ұйымдарға жағдайы төмен клиенттер үшін, сондай-ақ клиенттердің қажеттілігін қанағаттандыру үшін инновациялық өнімдерді дамыту үшін қызмет көрсетулердің жаңа түрлерін енгізу қажет. Бірақ, жаңа өнім түрін әзірлеу, мұқият талдау жүргізуді талап етеді. Шағын несиелендіруден басқа қызметтің негізгі түріне көшу үшін, ұйым өзінің басқару жүйесін тексере отырып, нарық жағдайын талдауға маңызды көңіл бөлуі керек.

Шағын жинақ, шағын сақтандыру және шағын лизинг сияқты шағын қаржылық өнімдер шағын несиелендіру ұйымдары сияқты кең тараған жоқ. Яғни әрекет ететін заңдарға сәйкес, олар лизинг және сақтандыру компаниялары сияқты мамандандырылған заңды тұлғалар болып қала береді.

Мұндай қызмет түрін лицензиялау бойынша капитал көлеміне, қор көлеміне, активтерді орналастыру шарттарына және тағы басқаларға қойылатын бірқатар қатты талаптар бар.

Шағын лизингтік қызметтерді дамытуда, лизингтің ерекшеліктерін және онымен байланысты маңызды аванстық шығындарды, сондай-ақ олардың өтімділігіне және табыстылығына шағын қаржылық ұйымдардың кері әсерін тигізуін ескеру қажет. Лизинг компаниялары лизинг кезеңінде, лизингке берілген активтердің құнын төмендетеді.

Қазақстандық шағын несиелендіру ұйымдары лизинг сферасына алдын ала зерттеу жүргізді және оның нәтижесінде мынадай шешімге келді, яғни лизинг компанияларымен ұсынылған бағасы қымбат жабдықтарды шағын қаржылық ұйымдардың мақсатты тобының алуға мүмкіндігі жоқ. Осыған байланысты шағын қаржылық ұйымдар үшін микролизинг операцияларының өмірге қабілеттігін бағалауға бағытталған, ұшқыш (пилотный) лизинг жобаларын дайындау қажет.

Қазақстанда сақтандыру қызметтерін ұсыну, қызмет ететін заңдарға сәйкес реттеледі. Біздің мемлекетімізде банктер және басқада қаржылық институттары көбіне сақтандыру бойынша қызмет көрсету үшін аффилирленген компаниялар құрады. Сақтандыру компанияларын құруға қойылатын талаптар, шағын қаржылық ұйымдардың осы нарыққа еркін шығуына кедергі туғызады. Жалпы Қазақстанның сақтандыру нарығы, жас әрі жеткілікті дамымаған болып саналады.

Республиканың 47 пайыз тұрғыны ауылдық жерлерде тұратынын, ал ауылда шағын несиелендіру ұйымдарының 29 пайызы ғана жұмыс істейтінін ескере отырып, ауылдық жерлерде қызметін жүзеге асыратын ШНҰ үшін салық преференцияларын ұсыну сұрақтарын қарастыру қажет. Ауылдарда қызмет

көрсетумен айналысатын ШҚҰ ынталандыру үшін, несиелік серіктестіктердің және шағын несиелендіру ұйымдарының ауыл территориясын несиелендіруден түскен кірістері сомасына салынатын салықтарды азайту үшін, салық салу заңдарына түзетулер енгізу керек.

Шағын қаржыландыру шағын және орта бизнес бойынша тұрғындардың ең қалың қабатын қаржыландыратын институт ретінде, аймақты дамыту бағдарламасының маңызды бөлігі болуы мүмкін.

Қазақстанның шағын қаржылық ұйымдар Ассоциациясы шағын қаржылық ұйымдарды күшейтудің келесідей әдістерін жүзеге асырады: техникалық қолдау, инвестициялар мен гранттарды алуға ықпал ету және оқыту, тиімділік және өз шығындарын өзі өтеуге қол жеткізуіне көмек беру.

Ауылдық жерлердегі шағын қаржылық ұйымдарды күшейту, ауылдардағы шағын және орта бизнесті несиелендіруді кеңейтуге, тұрғындардың қаржылық сауатының жоғарлауына, ауылшаруашылық диверсификациясының және аймақтық дисбаланстың алдын алуға себепші болады.

Статистикалық талдаудың нәтижелері, 2003 жылы 8 шағын несиелендіру ұйымдарынан 2009 жылы 1610 дейін ШНҰ өскенін көрсетеді. Оның ішінде 85 пайызы әрекет етеді, ал 638 белсенді ұйымдар болып саналады.

Мақсатты несиелендірумен қамтамасыз ету мақсатында, шағын және орта бизнесті қолдау үшін және ауыл шаруашылық кәсіпкерлерін несиелендіру үшін мемлекеттің қатысуымен мемлекетімізде арнайы мамандандырылған қорлар құрылған. Мемлекеттік қаржыландыру жаңа шағын несиелендіру ұйымдарын құруға бағытталған. Бұл жерде келесіні айта кетуге болады:

Біріншіден, жаңа шағын несиелендіру ұйымдарын құру және дамыту, олардың өз шығындарын өзі өтей алатындай жағдайға жетулері үшін көп жылдарды қажет етеді.

Екіншіден, мемлекеттік қолдаудың аяқталу мерзімдері болуына байланысты қайта құрылған ШНҰ мемлекеттің қолдауынсыз қайта жабылуларына тура келеді.

Осыған байланысты, орта мерзімді болашақта, біздің көзқарасымыз бойынша, шағын несиелендіру ұйымдарын жаңадан құруға қарағанда, әрекет ететін ШНҰ қолдау стратегиясын таңдаған дұрыс.

Ішкі қаржыландыру көздерін жұмылдырудың келесі нұсқасы, яғни шағын қаржылық ұйымдарды акционерлік қоғам түрінде құру келесі жағдайларға алып келеді:

- қор нарығына жаңа инструменттерді шығару;
- шағын несиелендіру ұйымдарының мөлдірлігін жоғарлату;
- қазақстандық нарыққа халықаралық инвестицияны жұмылдыру мүмкіндігі;
- сапалы даму деңгейіне шағын несиелендіру ұйымдарын шығару мүмкіндігі.

Бүгін көптеген несиелік мекемелер (банктер, ипотекалық компаниялар және тағы басқалары) акционерлік қоғам түрлерінде құрылады. Егер, шағын несиелендіру ұйымдары акционерлік қоғам түрінде құрылатын болса, қаржы

нарығы күшейер еді, халықпен жұмыс жасайтын және кәсіпкерлікпен айналысатын несиелік мекемелердің мөлдірлік деңгейі жоғарлайтын еді деген ойымыз бар.

Шағын қаржылық ұйымдарға арналған есеп беру формалары, бүгінгі күні секторларды сапалы талдауға мүмкіндік бермейді.

Шағын қаржыландыру секторының халықаралық қаржылық ұйымдармен және инвесторлармен белсенді жұмыс жасап, дамып жатқанын есепке ала отырып, есеп берудің халықаралық стандарттарын енгізу және мониторинг жүйесін құру қажеттілігі туындайды. Осыған байланысты, шағын қаржылық ұйымдар бойынша ақпараттар ұсынуды жетілдіру мәселесі, қазіргі кездегі өзекті міндет болып табылады.

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, қорытындылайтын болсақ, шағын қаржыландыруды ары қарай дамыту, сектордың жаңа сапалы деңгейге шығуына және республиканың қаржы жүйесінің толық қатысушысы болуына мүмкіндік береді деген ойдамыз.

Бақылау сұрақтары

1. Қаржылық секторды реттеудің пруденциалды және пруденциалды емес нормалары.
2. Апекс ұйымдарын құру қажеттілігі.
3. ШНҰ қызметінің мониторингі.
4. Қазақстандық шағын қаржылық жүйесіне апекс институттарын ойдағыдай енгізу факторлары.

8 тақырып. Несиелік скоринг, шағын несиелендіру механизмін жетілдірудің әдісі ретінде

Қазақстанда шағын қаржыландыруды болашақта дамытудың және оның тиімділігін жоғарлатудың басты міндеті болып, несиелік тәуекелді бағалау табылады. Бірақ, несиелік нарықтың басқа сегменттерінде аталған аспект айтарлықтай маңызда емес, өйткені шағын қаржыландыруда төлемқабілеттілігі төмен тұрғындар қабатына қызмет көрсетілетін болғандықтан, басқару және несиелік тәуекелді бағалау деңгейі маңызды. Менеджмент-технологияларда несиелік тәуекелді басқару үшін, тәуекелділікті бағалаудың жаңа тәсілі ретінде несиелік скорингті ұсынады. Скорингтің басты мақсаты мерзімі өткен несиелердің көлемін төмендету, мерзімі өткен қарыздарды қайтару уақыты шығындарын қысқарту болып табылады және ол несиенің тиімділігіне әсерін тигізеді, өткізілетін шаралардың толықтығын және шығындардың өтелуін қамтамасыз етеді.

Электронды мәліметтер базасы адекватты және басқару құрылымы салмақты, кейбір несиелік ұйымдардың, скоринг тиімділігін одан әрі жоғарлатуы мүмкін.

Ұзақ мерзімді болашақта сапалы скоринг жобасы бизнес шешімдерді қабылдау үшін, қажетті ақпараттарды мәсіметтер базасынан үнемі іздейтін

басшылардың көмегімен, мұқият талдау жүргізуге ынталандыра отырып, ұйымдастырушылық мәдениетті өзгертуге әсер етеді.

Әлемдік тәжірибеде скоринг, субъективті және статистикалық болып бөлінеді. Төмендегі 18 кестеде аталған көзқарастардың негізгі сипаттамалары көрсетілген.

18 кесте. Субъективті және статистикалық скорингтің салыстырмалы сипаттамасы

Белгілері	Субъективті скоринг	Статистикалық скоринг
Ақпараттық қайнар көздері	Несиелік қызметкер мен ұйымның тәжірибесі	Мәліметтер базасындағы портфель мәліметтерінің саны
Процесстің жүйелілігі	Несие офицерінен және белгілі бір күннен тәуелді	Ұқсас қарыздар бірдей бағаланады
Процесстің анықтылығы	Офистегі «Бағалау әдісі», несиелік қызметкерлердің «сезімталдығы»	Математикалық ережелер немесе формулалар сандық сипаттамаларды тәуекелдікпен келістіреді
Процесс және өнім	Несиелік қызметкердің әрбір клиентті жеке тұлға ретінде тануы бойынша сапалы топтастыру	Скорингтік картаның сандық сипаттамаларды тәуекелдікпен келістіруінің сандық ықтималдығы
Енгізу процессі	Несиелік қызметкерлерді оқыту ұзақтығы және тәжірибесі	Барлық мүдделі тұлғаларды сырттай бақылау және оқыту ұзақтығы
Қиянат ету мүмкіндігі	Жеке ырымшылдық, көңіл күйі және адам қателіктері	Елемеушілік жеткіліксіз немесе шамадан тыс пайдалану
Илгіштік	Басшылықтың түзетуінен кейін, кеңінен қолданушылық	Жаңа типтегі тәуекелділікті болжау жаңа скоринг карталарын талап етеді
«Не болуы мүмкін» компромисстер білімі	Тәжірибеге немесе болжамға негізделу	Скорингтік карталар үшін пайдаланылған қарыздарды тексеру негізінде

Ұсынылған салыстырмалы сипаттама, қазақстандық шағын несиелендіру ұйымдары тәжірибесінде статистикалық скорингке қарағанда көбіне субъективті скоринг қолданыланылатынын мақұлдауға мүмкіндік береді. Яғни, бұл қазіргі кезде шағын несиелендіру ұйымдары, берілген сипаттамалар бойынша, сандық және сапалық ақпараттар негізінде тәуекелді бағалаумен байланысты.

Шағын қаржыландырудың тарихы субъективті скорингті тиімді екенін дәлелдейді.

Статистикалық скоринг тәуекел мәліметтер базасындағы сандық сипаттамалар негізінде болжайды.

Ұйым скорингті қолданудан бұрын, дәстүрлі несиелік бағалау процедурасына сәйкес, үміткерді мақұлдауы керек.


Несиелік комитет тәуекелдің төрт тобы үшін қарастырылған саясатқа сәйкес, болжамды алғаннан кейін шешім қабылдайды. Одан кейін, мақұлданған қарыз сипаттамасын есепке ала отырып, скоринг тәуекелдік деңгейін болжайды.

Қазақстандық шағын несиелендіру ұйымдарының қалыптасу тәжірибесінде берілген механизм кейбір аймақтар бойынша өзгешелеу

болғанымен классикалық болып табылады. Төмендегі –суретте скорингті қолданатын шағын несиелендіру ұйымдарының бағалау механизмі ұсынылған.

Бүгінгі күнге қазақстандық тәжірибеде қолданылатын скоринг механизмі, дәстүрлі талдау элементтерінің біреуінің де орнын баса алмайды. Ол шағын несиелендіру ұйымдарының қолдану форматында, дәстүрлі процесстің соңына қарай тағы бір қарапайым этап болып табылады. Ол клиентпен жазбаша түрде өтініш берілген уақыттан басталады. Жұмыс орнын тексеру алдында, несиелік қызметкермен қарызды алудың негізгі белгілеріне сәйкестігін тексеру барысында өтініш тексеріледі. Мысалы, бизнесті жүргізу тәжірибесі бір жылдан кем болмауы керек.

Егер, өтініш аталған талаптарға сәйкес келсе, несиелік қызметкер оның жұмыс орнын тексереді, және талдау жүргізілгеннен кейін, офисте несиелік комитетке өтінішті беруге болатыны немесе болмайтыны туралы шешім қабылдайды. Осы стадияға дейін жеткен өтініштер, компьютерге енгізіледі. Компьютер жүйесі несиелік комитет қарау үшін ұсынылатын скорингтік есеп берулерді құжаттарымен бірге есептеп, басып шығарады.



13 сурет. Шағын несиелендіру ұйымдары тәуекелділігін бағалаудың скорингтік механизмі

Қолданбалы скорингтің ерекше категориясына екінші рет қарыз алған қарызгерлер кіреді. Скоринг жаңа клиенттерге қарағанда, екінші рет қарыз алған клиенттердің несиелік тарихы болуына байланысты, соларға сәйкес келеді.

Кез келген сапалы скорингтік карта қарыздар типін және несие тарихын есепке алады.

Бүгінгі күні шағын несиелендіру ұйымдары, алдын ала бағалауынсыз скорингті қабылдамайды. Егер, сапалы тәуекелділік ешқандай роль ойнамайды десек, онда болжаулар нақты болмаған болар еді. Болжамның қаншалықты нақты болатынын білудің негізгі тәсілі – скоринг негізінде бірнеше қарыздар беру және одан кейін, не болатынын қарау керек.

Уақыт өте келе, несиелік нарықтың барлық қатысушыларымен біріңғай ақпараттық база бағаланған кезде, несиелік бюро өзінің қатысушыларының тобын кеңейтеді және шағын несиелендіру ұйымдары өз қызметінде қолданатын маңызды сипаттамаларды анықтау мүмкіндігі туындайды. Неғұрлым шынайы және кеңейтілген мәліметтердің болуы кезінде, скоринг дәстүрлі инструменттердің көмегімен тәуекелдікті сапалы бағалауды тоқтатып, едәуір күшті құрал болуы мүмкін. Бүгінгі күнде скоринг несиелік қызметкерлердің және дәстүрлі несиелік талдаудың орнын баса алмайды, ол тек толықтырушы болып табылады.(88,89,90).

Шағын несиелендіру ұйымдары компромисстерді есепке ала отырып, оның шартты міндеті: қамту енін, қамту тереңдігін, қамту ұзақтығын анықтайды.

Шағын несиелендіру ұйымдары өз бетінше бағалы пікір жасауы керек. Сондан кейін, скорингтік саясатты анықтауда оның мақсатын оптимизациялау үшін, несие берушіге тарихи тест көмектесуі мүмкін.

Жоғарыда барлық айтылғандар бізге, шағын несиелендіру скорингі қызметін анықтауға мүмкіндік береді. Шағын несиелендіру ұйымдары қызметнің ерекшелігі, несиелік тәуекелділік деңгейін бағалау процесінде, олармен қолданылатын скоринг қызметінің қажеттілігін анықтайды:

- экспресс-талдау қызметі, скорингтің статистикалық немесе субъективті модельдерін қолдану негізінде шағын несиелендіру қызметтеріне үміткер – потенциалдық қарызгерлердің негізгі сипаттамаларын бағалау және іріктеу жүргізу;

- іріктеу функциясы, яғни скоринг арқылы шағын несиелендіру ұйымдары өзінің клиенттерін несиелік тәуекелділік деңгейі бойынша топтастыруды жүзеге асырады;

- сақтандыру функциясы, берілген қарызгерді несиелендірумен байланысты барлық тәуекелділіктерді бағалау мониторингі арқылы қамтамасыз етеді;

- мониторинг функциясы, шағын несиелендіру ұйымдарына өзінің қарызгерлерінің жағдайына бағалау жүргізуге, яғни төлемдерді уақтылы жүзеге асыруын бағалауға мүмкіндік береді;

- ақпараттық функция, қарызгердің несие тарихы бойынша мәліметтер базасына скоринг жүргізу кезінде, несиелік бюроның мәліметтер базасын ақпаратпен толтыру.

Көрсетілген функцияларды өткізу процессінде шағын несиелендіру ұйымдары белгілі бір шығындар жұмсайды. Бұл шығындар мақсатты бағыттары бойынша топтастырылып, төмендегі 14 суретте көрсетілген.

Осылайша, скорингке кеткен мақсатты бағыттары бойынша шығындар шағын несиелендіру ұйымдары бес категорияға бөлінеді: ақпараттық, жобалау-техникалық, операцияндық, ұйымдастырылған және өндірістік.

Ақпараттық шығындар мәсіметтерді жинақтау және енгізумен байланысты. Тәжірибесі жеткіліксіз шағын несиелендіру ұйымдары үшін олар тек өтініштердің түсуі бойынша мәліметтерді енгізіп қана қоймай, сонымен қатар қосымша мәліметтерді өңдеу үшін, ақпараттық жүйеге жәрдемдеседі.

Жобалау – техникалық шығындар, скорингтік жобаны өткізуге бағытталған. Тәжірибеде көптеген скорингтік жобалар осы этапта қолайсыз жағдайға тап болады.

Операцияндық шығындар, скорингті күнделікті пайдалану бойынша шығындарды жабуға арналған, яғни мәліметтерді енгізуге жауапты несиелік бөлім басшыларының және несиелік қызметкерлердің уақытын көп қажет етеді.

Ұйымдастырылған шығындар, шағын несиелендіру ұйымдары саясатының өзгеруімен байланысты пайда болған шығындар, яғни «өте жақсы» немесе «тәуекелдігі жоғары» үміткерлерге жеңілдіктер берудің нәтижесінде туындайды. Бірақ, жеңілдіктер үнемі тиімді бола бермейді.

Өндірістік шығындар, скорингті қолдану өзгеру процесін ұйымдастыру кезінде туындайды және осы кезде өндірістік шығындар қажет болады. Бұл шығындар, әсіресе шағын несиелендіру ұйымдарына тән. Несиелендіру бойынша шешім қабылдау функциясы несиелік бөлімінен ақпараттық бөлімге өтеді. Оқыту және бақылау аталған өндірістік шығындарды анықтауға көмектеседі.

Қазіргі кезде қазақстандықтардың көпшілігінің шағын қаржылық өнім - несиелік карточкаларына қол жеткізуге мүмкіндіктері бар.

Біріншіден, талдаушылардың мәліметтері бойынша жалпы скорингті қолдану, шағын несиелендіру мекемелеріне аптасына қосымша жарты күн береді. Берілген уақыт, дұрыс ұйымдастырылған кезде жаңа клиенттерді іздеуге кетуі мүмкін. Екіншіден, скоринг кейбір жағдайы төмен қарызгерлерді қорғауы мүмкін. Үшіншіден, скоринг тәуекелдікті бағалау құралдарын жетілдіруге көмектесе отырып, бағалау процесінде қате жіберуге жол бермейді.

Скорингтің тағы бір артықшылығы басшылыққа, шешім қабылдау үшін мәліметтер базасын талдау нәтижелеріне негізделген, мүмкін болатын келісімдер туралы ақпараттар саны себепші болады.



14 сурет. Қазақстандық ШНҰ скорингке жұмсалған шығындары

Скорингтік карта болашақта тәуекелділікпен және қарызгердің ағымдағы сипаттамасы арасындағы мүмкін болатын байланыстардан тұрады. Сонымен қатар субъективті скоринг картасы несиелік қызметкерлердің қарыздарды ұсыну бойынша, субъективті ой пікірінің негізінде, нақты нұсқаулардан тұрады, ал статистикалық скоринг карталары нақты математикалық формулалар немесе нақты ережелердің жиынтығынан тұрады.

Регрессивтік скоринг картасы – бұл болжамдарды есептейтін математикалық формулалар. Регрессивтік болжамдарды қолдану болып, ақпараттық жүйенің барлығын өзі есептеуі табылады. Эксперттік жүйелермен салыстырғанда регрессия болжамдардың нақтылығын қамтамасыз етеді.

Статистикалық регрессия қарызгердің жасына байланысты тәуекелділік жылына 0,1 пайызға төмендейді деп болжайтын болса, сонымен қатар статистикалық зерттеулер «бастапқы тәуекел» 10 пайызды құрайтынын айқындады. Сонымен, жаман болуы ықтимал деп жорамалданатын регрессия формуласы төмендегідей болады:

$$\text{Тәуекел} = 10 - 0,1 \times \text{Жасы} \quad (1)$$

Мысалы, 30 жастағылар үшін болжанатын тәуекел $10 - 0,1 \times 30 = 7$ пайызды құрайды. Ал, 55 жастағылар үшін болжанатын тәуекел $10 - 0,1 \times 55 = 4,5$ пайызды құрайды екен. Яғни бұл тек мысалдар ғана.

Екінші мысал ретінде, статистикалық зерттеулер нәтижесінде тәуекел қарызды өтеу мерзіміне байланысты айына 0,25 пайызға өседі екен. Бастапқы тәуекелдің 10 пайызды құрайтынын есепке ала отырып, болжамның келесідей болатынына көз жеткізелік:

$$\text{Тәуекел} = 10 + 0,25 \times \text{Өтеу мерзімі} \quad (2)$$

Мысалы, 3 айлық қарыз үшін болжанатын тәуекел $10+0,25 \times 3=10,75$ пайызды құрайтын болса, 12 айлық қарыз үшін болжанатын тәуекел $10+0,25 \times 12=13$ пайызды құрайды екен.

Тәжірибеде регрессивті скоринг карталары сипаттамалардың кең диапазонына тұрады. Мысалы, сипаттамасы бірдей үш формула комбинациясы, жоғары және төмен тәуекелді ұсынатын скоринг карта болып табылады:

$$\text{Тәуекел} = 10 - 0,1 \times \text{Жасы} + 0,25 \times \text{Өтеу мерзімі} \quad (3)$$

Мысалы, 30 жастағы клиент тұрғын үйін жөндеу үшін 36 айға қарыз алды делік, онда болжанатын тәуекел $10 - 0,1 \times 30 + 0,25 \times 36 = 16$ пайызды құрайды. Керісінше, 55 жастағы клиент өзінің айналым капиталын толтыру үшін 3 айға қарыз алатын болса, онда болжанатын тәуекел $10 - 0,1 \times 55 + 0,25 \times 3 = 5,25$ пайызды құрайды.

Регрессивтік скоринг картасы тәуекел және несиелендіру мерзімін көрсете алады: қарыз берілген күннен бастап, айлар санының өсуіне байланысты тәуекел біршама төмендейді. Мысалы, 36 ай өткен клиент үшін тәуекел 12 ай өткен клиентке қарағанда 4,4 пайызға азайған. Яғни жасына байланысты тәуекел төмендейді. Мысалы, 50 жастағы клиент үшін тәуекел 30 жастағы клиентке қарағанда 2,9 пайызға төмендеген.

Несиелік скорингті маркетингтік ұйымдарда скорингтік карталар формасында қолдану ұсынылады. Скорингтік карталарды қолдану принципі айтарлықтай қиын емес (19 кесте).

19 кесте. Шағын несиелендіру ұйымдарында скоринг картасының формасы

Көрсеткіштер	Мағына диапазоны	Скоринг – балл
Қарызгердің жасы	35	7,60
	35 45	29,68
	45	35,87
Білімі	Жоғары	29,82
	Арнай орта	20,85
	Орта	22,71
Некеде тұр ма	Ия	29,46
	Жоқ	9,38
Өткен жылдардағы несиелер саны	Ия	40,55
	Жоқ	13,91
Жұмыс стажы	1 жылға дейін	15,00
	1 жылдан 3 жылға дейін	18,14
	3 жылдан 6 жылға дейін	19,85
	6 жылдан жоғары	23,74
Көліктерінің саны	Ия	51,69
	Жоқ	15,93

Шағын несиелендіру ұйымдарындағы қарызгерлер туралы мәліметтерді статистикалық зерттеу негізінде, әр белгіге байланысты анықталған балл

белгіленеді (төлемқабілеттігі жоғары әрі ұқыпты клиентке жоғары балл беріледі). Сонымен қатар «даладан келген қарызгерлерге» несие ұсынғанда несиелік бюролардың мәліметтерін пайдаланғанның да маңызы бар.

Сонымен, қазір бізде жаңа үміткердің төлемқабілеттігін бағалау үшін барлығы жеткілікті: яғни скоринг картасының әр белгісі бойынша, белгіленген баллдарды қосып шыққан жеткілікті және қарызгерге шағын несиелендіру ұйымы ұсынуға дайын қарыз сомасын анықтауға да болады. Осылайша, қарызгерлерді зерттеу, бағалау нәтижесі банктің потенциалды клиентінің профилін болжауға мүмкіндік береді.

Несие алуға үміттенген үміткердің скоринг баллы банктен несиені алған қарызгерлердің баллымен салыстырылады, яғни осының негізінде, оның болашақтағы мінез құлқына қорытынды жасауға болады, яғни баллы жоғары болған сайын, қарызгер сенімді болып табылады. Шағын несиелендіру ұйымдарының басшылығымен «қыршыма балл» белгіленеді, осы баллмен салыстырып болғаннан кейін ғана, мекемемен несиені беру туралы соңғы шешім қабылданады. Егер, үміткермен жиналған балл, белгіленген қыршыма баллдан жоғары болса, онда мекемемен несиені беру жайында оң шешім қабылданады, ал егер, белгіленген баллдан төмен болса, онда сәйкесінше несиені беруден бас тартылады. Бірақ, бұл жоғарыдағы айтылған шешімдер соңғы, яғни қорытынды шешім болып табымайды, өйткені скоринг стадиясынан кейін анкеталар, толық тексерілуі үшін қауіпсіздік қызметіне беріледі. Бұл стадияда скоринг нәтижесі бойынша жақсы деп танылған үміткердің өзіне, егер бұрын алдаушылық (мошенничество) үшін екі рет соттылығы болған болса, несиені беруден бас тартылады.

Мәліметтерді статистикалық талдаудың негізінде емес, яғни басшылардың тәжірибесі негізінде құрастырылған скорингтік карталар эксперттік жүйе деп аталады. Оның басқалардан айырмашылығы, олар ұйымдар басшылығымен жүргізілуіне байланысты, мәліметтер базасын қажет етпейді және оның әлсіздігі, онымен жасалған болжамның регрессивті скорингке қарағанда төмен болуында.

Эксперттік жүйе – бұл ұйым басшылығының жорамалы, ой пікірі және тәжірибесі негізіндегі мәліметтер. Олар статистикалық регрессияға ұқсас, математикалық формулалар түрінде ұсынылады, бірақ барық сипаттамалар, мәліметтер базасындағы ақпараттар негізінде есептелмей, басшылықпен анықталады. Эксперттік жүйелер және регрессивті скоринг карталары абсолютті нақты мәлімет бермейді, бірақ олар қолданудың нақты талаптарына сай келеді.

Қазіргі кездегі тәжірибелерде қарызгердің несиелік тәуекелдігін бағалауда скорингті қолдануда, шағын несиелендірудің бағыттары бойынша скорингтік бағалаудың түрлері қолданылуда. Жетілдірілген және кең қолданылған технологияларда келесідей бағалау үлгілерін бөліп көрсетуге болады:

- үміткерлер скорингі;
- мінез-құлық скорингі;
- төлеу мерзімін өткізіп алған қарызды өндіру скорингі;


- ұйымдарды тастап кеткен клиенттер скорингі;
- қатысушылық скорингі.

Біздің көзқарасымыз бойынша, қазақстандық шағын несиелендіру ұйымдары үшін несиелік тәуекелді бағалау скорингінің қолайлы үлгісі болып, үміткерлер скорингі табылады. Сонымен қатар, үміткерлер скорингі өзінің мазмұны және бағалау нәтижесі бойынша мінез-құлық скорингінің және төлеу мерзімін өткізіп алған қарызды өндіру скорингінің орнын басуы мүмкін.

Қатысушылық скорингінің нақты дәл болжайтынын анықтау эксперимент жүргізуді талап етеді. Өз кезегінде қатысушылық скорингін тарихи мәліметтер негізінде тексеруге болады.

Ұйым соңғы жоспарланған төлемді төлеуге дейін бір ай бұрын, ұйымдарды тастап кеткен клиенттер скорингін және қазіргі кезде қарызды қайта алу белсенді болып саналуына байланысты, үміткерлер скорингін есептейді.

Жоғарыда айтылғандар негізінде, қазақстандағы шағын несиелендіру ұйымдары үшін несиелік тәуекел деңгейін бағалау құралы ретінде скорингті өткізу механизмі төмендегі 15 суреттегідей болып көрінеді. Шағын несиелендіру ұйымдарында, төменде ұсынылған скорингті өткізу әдістемесі біздің көзқарасымыз бойынша, несиелік нарықтың берілген қатысушыларымен скорингті қолдану ерекшелітерін және перспективаларын нақты көрсетеді.



15 сурет. Шағын несиелендіру ұйымдарымен скорингті өткізу әдістемесі

Бүгінгі күні берілген әдістеме әр түрлі нұсқалар бойынша қолданылады. Яғни көптеген шағын несиелендіру ұйымдары үміткерлер скорингінен бастайды. Одан кейін, ұйымдарды тастап кеткен клиенттер скорингіне өтеді.

Қазақстанның көптеген шағын несиелендіру ұйымдары, бүгінгі күнге дейін скоринг карталарын құру үшін нақты мәліметтер қолданбайды. Осыған байланысты, шағын несиелендіру ұйымдарын болашақта сапалы дамыту ретінде жоғары сапалы және үлкен көлемде мәліметтер базасын құру қажет. Ол келесідей үш этаптан тұрады. Бірінші этап – «жаман» қарызгерлер бойынша қарапайым түрде жеткілікті ақпараттарды жинау. Яғни бұл көп уақытты алуы мүмкін. Екінші этап – қарызгер, қарыз және ұйым туралы қосымша сипаттамалар жинау. Үшінші этап – мәліметтер сапасын жоғарлату. Скоринг картасын құру үшін қанша «жаман» қарызгер қажет екенін ешкім анық айта алмайды.

Тәжірибе бойынша скоринг картасын құру үшін аз дегенде 500 «жаман» қарыздың болуы талап етіледі. Бірақ, бұл дамыған несиелік бюролар әрекет ететін мемлекеттерде тұратын, уақтылы еңбек ақы алатын қарызгерлерге қатысты.

Қазіргі кезде Қазақстанның шағын қаржыландыруында қарызгерлердің көпшілігі жеке бизнеспен айналысады және де несиелік бюросы болса да олар туралы мәліметтер жинамайды.

Осыған байланысты, дамыған мемлекеттермен салыстырғанда Қазақстанның шағын қаржылық ұйымдарындағы скоринг карталары нақты болжам бермейді деген тұжырым жасауға болады.

Бақылау сұрақтары

1. Несиелік скоринг тәуекелді бағалаудың жаңа тәсілі ретінде.
2. Несиелік скорингтің негізгі бағыттары мен маңызы.
3. Субъективті және объективті скорингтің салыстырмалы сипаттамасы.
4. Скорингтің артықшылықтары мен жетіспеушіліктері.

Қысқартылған сөздерді белгілеу

ҚШҚҰА	- Қазақстанның шағын қаржылық ұйымдар Ассоциациясы
ТШҚҰА	- Тәжікстанның шағын қаржылық ұйымдар Ассоциациясы
АНК	- Аграрлы несиелік корпорация
АНҚ	- Азияттық несиелік қор
АҚ	- Акционерлік қоғам
ҚҚА	- Қазақстанның қаржыгерлер Ассоциациясы
ЖІӨ	- Жалпы ішкі өнім
ЕДЖБ	- Еуропалық даму және жаңадан құру банкі
ШНҰ	- Шағын несиелендіру ұйымы
ШК	- шағын кәсіпкерлік
АЕК	- Айлық есептік көрсеткіш
ШОК	- шағын және орта кәсіпкерлік
БҰҰ	- Біріккен ұлттар ұйымы
БҰҰДБ	- Біріккен ұлттар ұйымын дамыту бағдарламасы
ЖШС	- Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
СГАР	- Кедейлерге көмектесетін кеңес тобы
ШҚҰ	- Шағын қаржылық ұйым
ҚРҰБ	- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
ШНА	- Коммерциялық емес шағын несиелендіру агенттіктері;
ШНК	- Коммерциялық шағын несиелендіру компаниялары;
ШҚК	- Коммерциялық несиелі-депозиттік шағын қаржылық компаниялар;
ШДҚ	- Коммерциялық депозитті шағын несиелендіру ұйымдары;
АШҚҚҚ	- Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры;
ТКА	- Тәуелсіз кәсіпкерлер Ассоциациясы;

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Прошлое Казахстана в источниках и материалах / Под ред. проф. С.Д. Асфендиярова и проф. П.А.Кунте - 2-е изд. - Алматы: Казахстан, 1997, Сб. 1: (V век до н.э. -XVII век н.э.) - С. 14-15.
2. Тулебаев Т.Т., Бахарев В.А., Панченко И.В. Социалистическое преобразование кредитной системы и её развитие в Казахстане. - Алма-Ата: «Казахстан», 1978. - 65 с.
3. Словарь иностранных слов. - 16 изд-е, исправ. - М.: Рус. яз., 1988. - с. 465.
4. Смит А. Исследование о природе и причинах богатства народов (книги 1-3). - М.: Наука, 1992, 553 с.
5. Саниев М.С. Банковская система в условиях рыночной экономики./Учебное пособие. - Алма-Ата: Ана тілі, 1991. -200 с.
6. Экономическая теория на пороге XXI века - 2. / Под ред. Ю.М.Осипова, В.Т. Пуляева и др. – М.: Юристъ, 1998 - С. 92-104
7. Петти У. Экономические и статистические работы. Т. 1,2. / Пер. под ред. М. Смит. - М.: Госсоцэкизд., 1940 - 216 с.
8. Бернар И., Колли Ж.-К. Толковый экономический и финансовый словарь: французская, русская, английская, немецкая, испанская терминология. Т. 1.: Пер. с фр. - М.: Международные отношения,1997, 600 с.
9. Лексис В. Кредит и банки. - М.: «Перспектива», 1993. - 95 с.
- 10.Хамитов Н.Н. Банковское дело: Курс лекций – Алматы: Экономика, 2005. - 216 с.
- 11.Банковское дело / Под ред. Г.С. Сейткасимова – Алматы: Қаржы-қаражат, 1998. - 576 с.
- 12.Деньги. Кредит. Банки: Учебник / Под ред. Г.С. Сейткасимова – Алматы: Экономика, 1999. – 432 с.
- 13.Кучукова Н.К. Финансы, кредит и банки: (в условиях перехода к рыночной экономике) – Алма-Ата: Ғылым, 1992. - 224 с.
- 14.Закон РК «О микрокредитных организациях» №392-ІІ от 06.03.2003 г.
- 15.Правовые основы деятельности микрокредитных организаций // Библиотека предпринимателя. – 2005. -№19(49). - С. 3-35
- 16.Микрофинансирование в Казахстане: возможности для всех (Отчет ПРООН), А: 2005. - 85 с.
- 17.Банковское дело / Под ред. В.И. Колесникова М «Финансы и статистика» 1998. - 420 с.
- 18.Банковское дело: Учебник / Под ред. В.И. Коробовой М.: «Экономист», 2005. - 751 с.
- 19.Деньги.Кредит.Банки: Учебник / Под ред. Е.Ф. Жукова. – М.: 2003. - 600 с.
20. Деньги.Кредит.Банки: Учебник / Под ред. О.И. Лаврушина – М.: 2004. - 464 с.

21. Закон РК «О кредитных товариществах» № 400-2 от 28.03.2003г.
22. Искаков У.М., Бохаев Д.Т., Рузиева Э.А. Финансовые рынки и посредники: Учебник. – Алматы: Экономика, 2005. - 298 с.
23. Банки и небанковские кредитные организации и их операции: Учебник / Под ред. Е.Ф. Жукова – М: 2005. - 491 с.
24. Игенбекова С. Кредитные товарищества как новая форма финансового взаимодействия и сотрудничества // Финансы Кредиты. – 2006.-№10.- С.14-17.
25. Акильбекова А. Дальнейшие перспективы развития системы сельских кредитных товариществ//АгроИнформ. – 2006.-№6.С.7-8.
26. Кунсеркин Ж. Кредитные товарищества. История и современность// Предприниматель и право. –2003.-№23.-С.17-25.
27. Микрофинансовые организации в Центральной Азии: Сравнительный Анализ 2005
28. Разрушаем стены между микрофинансированием и формальной финансовой системой - 2003.- № 7 www.cgap.org
29. Ограничения процентных ставок и микрофинансирование: история нашего времени - 2004.- № 9 www.cgap.org
30. Финансирование микрофинансовых технологий - 2005.- № 23 www.cgap.org
31. Малые города. Исследование Азиатского банка развития, 2001 г.
32. Концепция развития сети микрокредитных организаций для кредитования сельскохозяйственных товаропроизводителей Республики Казахстан: Постановление Правительства Республики Казахстан № 337 от 28 апреля 2006 г.
33. Управление социальным воздействием в микрофинансировании // Practice Notes – 2005. - № 9. С. 1-18 www.imp-act.org.
34. Что скрыто за цифрами: Система мониторинга Покидающих клиентов МФО Призма – 2004 -№ 3 www.cgap.org.
35. Финансовые услуги для бедного сельского населения – 2003.- № 15 www.cgap.org.
36. Акчура Ф. Казахстан сможет достичь целей развития тысячелетия // Устойчивое развитие. – 2004. - № 4 (45). – С. 12-20.
37. Худ. Э. Программа микрокредитования как способ борьбы с бедностью // Труд в Казахстане: проблемы, факты, комментарии. – 1999. - №8. - С. 11-15.
38. Программа по снижению бедности в Республике Казахстан на 2003-2005 годы (№992 от 29.09.2003г.)
39. Первая цель тысячелетия Ликвидация бедности. Международный аспект // РЦБК. – 2005. - №11. – С. 17-18.
40. Кубаев К.Е., Нурмуханбетова А.А. Менеджмент микрофинансирования. Алматы: Казак университеті, 2006. – 104 с.
41. Искакова З.Д. Задачи финансово-кредитной системы Казахстана в обеспечении роста внутренних финансовых ресурсов // Банки Казахстана – 2004. -№ 8. -С. 10-14.

42. Нурсеит Н Текущее состояние проблемы кредитования малого бизнеса в Республике Казахстан // Банки Казахстана – 2000.- № 12. -С. 11-16.
43. Нурсеит Н, Нурсеитова Р. Текущее состояние развития и кредитования малого бизнеса // Экономика и статистика – 2003.- № 2. -С. 44-54.
44. Пасеченко П.С. Обоснование эффективности кредитования обновления основных фондов. /Банки и кредитная политика в условиях переходной экономики. Материалы международной научно-практической конференции. - Алматы: Экономика, 1995.- с. 65.
45. Ташенова С. Проблемы кредитования малого и среднего бизнеса // Саясат – 2004. - № 3. - С. 72-75.
46. Базилова Р.М. Проблемы кредитования малого предпринимательства // Вестник КазЭУ – 2001. - №3. - С. 68-73.
47. Сейтбеков А.Л. Кредитование малого и среднего бизнеса: состояние, перспективы // Аналитическое обозрение – 2004. - №4. - С. 45-47.
48. Дауранов и др. Малый бизнес: проблемы оформления кредита // Вестник предпринимателя – 2001. - №4. - С. 21-28.
49. Статистический бюллетень Национального агентства Республики Казахстан по статистике, 2004,2005,2006, <http://www.kazstat.asdc.kz>
50. Дауранов Н. Кредитование субъектов малого предпринимательства // Банки Казахстана – 2000. - №11. - С. 13-17.
51. Ибрагимова Л., Токсанова А. Микрокредитование – источник финансирования малого бизнеса // РЦБК. – 2005. - №11. – С. 23-30
52. Государственная программа развития и поддержки малого предпринимательства в Республике Казахстан на 2001-2002 гг.
53. Постановление Правительства Республики Казахстан «О создании АО «Фонд поддержки и развития предпринимательства Республики Казахстан» № 665 от 26.04.1997.
54. «Положение о минимальном размере кредитования малого предпринимательства банками второго уровня Республики Казахстан», утвержденное Постановлением Правления Национального банка Казахстана от 08.04.1997г.
55. Токсанова А.Н. Финансирование малого бизнеса // Финансы Казахстана – 2002. - №1. - С. 94-96.
56. Ахметова К.Ж, Кулмамитова М.Ж. Микрокредитование как один из инструментов реализации стратегического курса государства // Банки Казахстана – 2002.- № 5. С. 15-17.
57. Блинова К.В. Микрокредитование и развитие микрокредитных организаций в Казахстане // Банки Казахстана. – 2004.-№1.-С.17-25.
58. Советский В. Государство ставит цели // РЦБК. – 2005. - №16. – С. 23-24.
59. Искалиев К. Малому бизнесу – государственную поддержку // Мысль – 1999. - №5. - С.52-56.
60. Касым А.А. Состояние микрофинансирования в Казахстане и пути его развития // РЦБК. – 2004. - №11. - С. 50-53.

61. Республика Казахстан: 2007 Краткий статистический справочник Агентство Республики Казахстан по статистике, г. Астана, 2007 - 64 с.
62. Жусупов Ш. Как государство может помочь и навредить микрофинансированию // РЦБК. – 2005. - №16. – С.25-28.
63. Бейсенбина Г. Микрокредитование как один из путей повышения уровня жизни сельского населения // АгроИнформ – 2006. - №3 (45). – С.13-14.
64. «Правила пополнения и использования кредитных ресурсов ЗАО «Фонд развития малого предпринимательства» от 22 мая 2002 г.
65. Жусупов Ш. Наша цель – стать микрокредитным банком // РЦБК. – 2005. - №11. – С. 37-39.
66. Турмаханова Г. Кредитная система третьего уровня // Мир финансов – 2005. - №5. - С. 10-14.
67. Нурсеитов Э.О. Кредиты, займы, ссуды. – А: Бико, 2001. - 36с.
68. Программа институционального развития микрофинансирования в России // электронный бюллетень – 2005 - №9.
69. Концепция развития финансового сектора Республики Казахстан на 2007-2011 годы.
70. Микрофинансисты принимают решения Обзор II общереспубликанской конференции // РЦБК. – 2005. - №16. - С.18-22.
71. Гафарова Г.Ф. Оценка стоимости кредитных организаций: // Аудитор. – 2006.-№7.-С.51-56.
72. Лоскутов И. Правовая база деятельности микрокредитных организаций РЦБК. – 2005. - №11. – С.31-36.
- 73.Массимилиано Р. Микрофинансирование – инструмент достижения целей тысячелетия // РЦБК. – 2005. - №11. – С. 20-22.
74. Валютный риск в микрофинансировании: что это и как им управлять //Focus Note // 2006. №1.
75. Влияния ограничения процентных ставок на микрофинансы // - 2004.- № 5 www.cgap.org
- 76.Жусупов Ш. Микрофинансирование и ВТО: вызовы времени // Малый и средний бизнес Казахстана – 2006. - №12. – С.11-13.
- 77.Осипов В.М. Банковская система Республики Беларусь: актуальные проблемы взаимодействия с реальным сектором экономики. // Деньги и кредит, 2002, №2, С. 38-42.
78. Прозрачность в микрофинансах и предоставление отчетности донорам // - 2002.- № 7 www.cgap.org
79. Нурмухаметов Н.Н. Система государственных органов поддержки малого предпринимательства в Казахстане // Вестник КазЭУ – 2002. - № 6.- С. 43-45
80. Искалиев К. Малому бизнесу – государственную поддержку //Саясат – 2005. - № 5. С. 52-57.
- 81.Обзор МФЦ Рентабельная Оценка Клиентов в Небольшой Микрофинансовой организации (МФО): Опыт ДЕМОС в Хорватии www.mfc.org.pl/research/

82. Оправдание процентных ставок в микрофинансировании // - 2002.- № 6
www.cgap.org
83. Обзор МФЦ Повышение рентабельности Практических Исследований, проводимых специалистами: Ключевые Принципы выбора Инструментов. www.mfc.org.pl/research/
84. Есина Т.Н. Рефинансирование кредитных организаций: опыт и проблемы // Деньги и кредит – 2006. - № 3. - С. 41-43.
85. Мельников В.Д. Кредитная политика Казахстана в контексте мировых тенденций // Вестник КазЭУ – 2002. - №6. – С.100-112.
86. Управление социальным воздействием в микрофинансировании // ISSN: 1740-4711 number nine 2005 www.imp-act.org
87. Игенбекова С. Основные направления развития микрофинансирования // Финансы и кредиты – 2007. -№ 3. –С. 15-18.
88. Шынтемирова Г. Управление кредитными рисками // АгроИнформ – 2006. - №3 (45). – С.12-13.
89. Мурычев А.В. Инфраструктура кредитования в России: возможности повышения эффективности кредитного процесса // Деньги и кредит– 2006. - №3. – С.12-14.
90. Рамазанов С. Скоринговое кредитование в Казахстане // Банки Казахстана – 2003. - №5. - С. 6-8.
91. Национальное информационное агентство «КазИнформ» www.inform.kz
92. Программа АО «Фонд развития предпринимательства «Даму» по развитию микрокредитных организаций в РК на 2008-2012 гг.
93. www.amfok.kz
94. www.Gazeta.kz
95. www.fingr.kz
96. Журнал «Мир финансов. Капитал, Инвестиции, Технологии» №11-12(90-91) Июнь 2009г.
97. www.zakon.kz
98. Дело – за малым. www.express-k.kz
99. Международный деловой журнал KAZAKHSTAN №5/6, 2008 г.
www.centrasia.ru
100. www.stat.kz
101. www.fund-damu.kz
102. www.frmp.kz

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
1 тақырып. Шағын несиелендірудің теориялық аспектілері және шағын несиелендіру ұйымдары қызметінің механизмі.....	5
2 тақырып. Банктер және банктік емес мекемелермен шағын несиелендірудің негіздері.....	16
3 тақырып. Шағын несиелендіруді ұйымдастырудың шетелдік тәжірибесі.....	23
4 тақырып. Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына шағын қаржыландырудың әсері.....	29
5 тақырып. Шағын бизнесті дамытуда шағын несиелендірудің атқаратын ролі	37
6 тақырып. Шағын несиелендіру ұйымдарының қызметін бағалау.....	46
7 тақырып. Шағын несиелендіру қызметінің нормативті-құқықтық базасын жетілдіру жолдары және мәселелері.....	62
8 тақырып. Несиелік скоринг, шағын несиелендіру механизмін жетілдірудің әдісі ретінде.....	67
Қысқартылған сөздерді белгілеу.....	77
Пайдаланылған әдебиеттер.....	78